

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**  
**«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ**

**II «ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БАСЫМ**  
**БАҒЫТТАРЫ»**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНЛАЙН ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК**  
**КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Сарайшық, 2020 ж.

**ӘОЖ 94(574) (063)**  
**КБЖ 63.3 (5 Қаз)**  
**Т77**

**Жауапты редактор**

**Ә.Қ. Мұқтар** - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

**Редакциялық алқа**

**Б.М. Әбдешов** - ф.ғ.к., «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері

**А. Тұрарұлы** - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері

**А.Ж. Жұмабаев** - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері

**Н.Т. Нұғманова** – «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК кіші ғылыми қызметкері

**II ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

Республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (15 мамыр, 2020 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2020. - 142 б.

**ISBN 978-9965-23-573-3**

Жинақ 2020 жылғы 15 мамырда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында өткен ата-баба тарихымен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған II «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Ұлық Ұлыс (Алтын Орда)

мұрасы, Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер, Ортағасырлық Сарайшық қаласы, жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Өлкетану» пәнінің оқытылуы, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары, жер-су атаулары, өлкетанудағы этнография және тарихи тұлғалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым мектеп мұғалімдеріне, тарихшыларға, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

**ӘОЖ 94(574) (063)**  
**КБЖ 63.3 (5 Қаз)**

**ISBN 978-9965-23-573-3**

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

**Күміс Қарсақбайқызы Сейітова**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры

### **Құрметті конференцияға қатысушылар!**

II-ші «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып отырған ғалымдарға, тарихшы-өлкетанушыларға, мектеп ұстаздарына, барша тарихтың жанашырларына шын жүректен ыстық ықыласымды білдіремін.

Әлемді жайлаған пандемия салдарына қарамастан, қазіргі кезеңде игі дәстүрге айналған онлайн форматта ұйымдастырылып жатқан түрлі іс-шаралар еліміздің тарихи-мәдени құндылықтары зерделенетін, республикалық және өңірлік маңызды мәселелер, ұсыныстар сараланатын интеллектуалды сұхбат алаңына айналып үлгерді. Нәтижесінде салалық мамандар арасындағы кәсіби байланыстар да нығая түсуде.

Биыл 2020 жыл - әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, сондай-ақ Ұлық Ұлыстың (Алтын Орданың) 750 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отырғанын білесіздер. Ұлық Ұлыстың елімізде екі ірі орталығы бар, оның бірі - Ұлытау болса, екіншісі - Сарайшық. «Сарайшық» музей-қорығының туған өлкені зерттеу және оны ұйымдастыру жолдарын талқылау мақсатындағы бұл шарасы жұртшылықтың келешекке деген сенімін оятып, халқымыздың аса бай тарихын бүгінгі күн талабымен қайта жаңғыртып, үлгі-өнеге алатын ұлттық құндылығымызға айналарына сенім білдіремін.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің былтырғы қыркүйек айындағы халыққа Жолдауында Ұлық Ұлыстың 750 жылдығын біздің тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристердің назарын аудару тұрғысынан атап өту керектігін атап өткен болатын.

Ұлық Ұлыс – көшпелілер мен отырықшылықты ұштастырған, түркілер арасында қалалық мәдениетті жоғары деңгейде өркендеткен мемлекет болды. Сол қалалардың бірегейі - Сарайшық – Ұлық Ұлыс хандары мен қазақтың әйгілі Қасым ханы билік құрып, мүрделері жатқан киелі топырақ. Бүгінде Сарайшықты көруге, зиярат етуге еліміз бен шетелдерден сан мыңдаған туристері келіп кетеді. Алдағы күндері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен бұл жерде туристерге арналып Сапар орталығын салу қолға алынуда. Ұзақ уақыт көне қаланың топырағын шайған Жайық өзені жағалауын бекіту жұмыстары, Мәдениет және спорт министрлігі мен Атырау облысы әкімшілігінің бірлесе әрекет етуі арқасында

толық аяқталды. Ендігі жерде Сарайшыққа басты қауіп болған Жайық өзенінің өр суынан тарихи мұрамызға зиян келмейтін болды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Ұлық Ұлыстың 750 жылдығы аясында Сарайшық қаласы цитаделін зерттеу, реконструкциялауды жоспарлап отыр. Ұлық Ұлыстың негізін қалаған Жошы ханның мазары орналасқан Ұлытау аймағында да жоспарланған бірқатар жұмыстар бар.

Бүгінгі конференция жұмысының нәтижесі тарихты зерделеуде жаңа серпілістерге жол ашатынынан үміт етемін. Бұл бас қосуға еліміздің әр аймағынан ғылыми ұйымдардың беделді өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілген. Әрбір баяндамашы халықтың тарихи санасын қалыптастыруға, мемлекет іргесін нығайтуға және елімізді әлемдік қауымдастыққа ықпалдастыруға елеулі үлес қоспақ.

Әйгілі Жібек жолы бойында, Батыс пен Шығыс өркениетін тоғыстырып, адамзаттық құндылықтарды қиюластырған Сарайшық жерінде онлайн форматта маңызды іс-шараның өтуіне ұйытқы болып отырған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» музей-қорығы ұжымына алғысымды білдіремін.

Конференция жұмысына табыс тілеймін!

## ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

### ТҮРКІСТАН - ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ОРДАСЫ

**С.Н. Әлібек** -т.ғ.д., профессор,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті

«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Елбасы түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Иассауидің Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқандығын айта келе, Ұлы Жібек жолының бойында жатқан рухани астанамызды түркі әлемінің төріне, қазақ өркениетінің темірқазығына айналдырудың маңыздылығын былайша тарқата түсіндіріп береді: «Қазақстан-күллі түркі халықтарының қасиеті Қара шаңырағы. «Түркі өркениеті: түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу керек. Сонымен қатар жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет [1]. Шындығында да тарихи терең Түркістанның халқымыздың рухани орталығы ғана емес, ел аузында «Екінші Мекке» атанған түркі әлемі үшін киелі орын саналатыны да баршаға аян. Демек, Мемлекет басшысы тарапынын берілген киелі Түркістанды қайта жаңғыртуда оның ежелгі сәулет өнерін сақтап қалу, жаңа инвестиция тарту арқылы ішкі және сырқы туризмді дамыту, «Орталық Азия» халықаралық сауда аймағын құру, т.б. тапсырмалар қаланың қарыштап дамуына, өсіп - өркендеуіне тың серпін береді деуге толық негіз бар.

Алайда осы тұста Түркістанды түлету, оны облыс орталығына айналдыру идеясының бүгін ғана тумағанын да айта кеткен жөн. Бұл «Адамның өз ұжданы алдында адал, шыншыл болуы – өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс –тұрысы ізгі болуынан ғана туады» деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, бүкіл саналы ғұмырында «Түркі тектес түгел бол!»ұранын бойына сіңіріп, ұлттың жоғын түгендеумен, барын бағамдаумен өнегелі ғұмыр кешкен Өзбекәлі Жәнібековтың ұсынысы еді. Ол сонау 1991 жылы, тәуелсіздігіміздің елең-алаңында жарық көрген «Өзірет сұлтан»қорығы жөнінде» мақаласында бәзбір зерттеушілердің Түркістан мен Отырарды қазақтан қашықтатқысы келіп жүргеніне алаңдаушылық білдіре отырып:

Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол-оның ең қасиетті орны.Үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы, астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтарының ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемеске болмайды.

Бәлкім, Түркістанда облыс орталығы құрылса жөн шығар. Бұл бұрын да айтылған мәселе» [2],-деген болатын. Расында да Жәнібековтың бұл жанайқайы мен ұлт руханиятының ордасын сақтау турасындағы ұнасымды ұсынысы түп- тура 27 жылдан соң тарихи шындыққа айналып отыр. Оның

сол облыс басшысының мемлекет құраушы ұлт өкілінен болуын арман етуі, әсіресе ұлттың тарихы мен мәдениетінен толық хабардар, тіл жанашыры болғанын жөн көретінін ашық жеткізуі «Әзірет Сұлтан» кесенесіндегі Ө.Жәнібеков мұражайының жайдан-жай ашылмағандығын айғақтайды. Өйткені Өзбекәлі дейтұғын өз ұлтын шексіз сүйген тұлғаның Түркістан атты бұл киелі топыраққа сіңірген еңбегі шексіз. Қайраткердің бұл аңсары да азаттық таңында толықтай жүзеге асты деп білеміз. Демек таяудағы жылдар Түркістанның өрлеу кезеңі болады десек, қателеспейтін шығармыз.

Жалпы «Түркістан» сөзінің өзі парсы тілінен тәржімалағанда «түркі елі» деген атауға сай келеді. Яғни, қай кезеңде болмасын «Тұтас Түркістан» идеясының аясында топтасқан ұлт зиялылары түркі біткеннің бас біріктіруін, іргелі елге айналғанын қалаған. «Түркі елі» идеясы да жаңа дәуір, жаңа тарихи кезеңдерге байланысты өзіне сай жаңғыру үдерістерін бастап өткеріп отырған. Белгілі ғалым М.Қойгелдиевке жүгінетін болсақ, мәселен, бұл рухани жаңғырудың мәдениет саласында оң жетістіктерге жетуінің басында (X- XI ғғ.) Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Махмуд Қашғари секілді өз дәуірінің ірі ой иелері тұрса, кеңестік кезеңде Түркістанда, яғни елімізде орнаған большевиктік биліктің отаршыл сипатын тап басып тани білген М.Шоқай бастаған Алаш қайраткерлері болатын [3].

Шындығында да түркі елінің рухани астанасы болған Түркістанның тарихы тың тереңде жатыр. Мәселен В.Бартольд Түркістан ұғымын IX ғасырда араб саяхатшылары енгізгенін айтса, Тараз, Құлан, Суяб, Барсхан секілді сауда жолында жатқан қалалар қатарына кіретін Ясыда XV ғасырда Түркістан аталып, Қазақ хандығының бас ордасы ретінде өсіп-өркендей түсті. Ал Түркістанның Ахмед Иассауи кесенесі салынғалы бері шығыс мұсылмандарының рухани тірегіне айналып, оған тәу етушілер қатары мейлінше арта түскені де жасырын емес. Тіпті Бұқар хандарының да Түркістанға арнайы сапарлап келіп, зиярат етуі бұл орынның күллі мұсылман қауымы үшін қаншалықты қасиетті, қаншалықты маңызды болғандығын айғақтай түседі. Былайша айтқанда, өз заманында киелі Түркістан қаласы түркі халықтарының саяси ғана емес, рухани орталығына айналып, халқымыздың діни-рухани потенциалын көтеруге айтарлықтай септігін тигізді. Яғни академик М.Қозыбаевша айтқанда Түркістанның статусы Ахмед Иассауи мавзолейі арқылы ғасырдан-ғасырға өсіп, бұл кесене халқымыздың таңдаулы ұлдарының пантеонына ғана айналып қойған жоқ, шын мәнінде Тұран даласы бірлігінің ұйытқысы, түркі халықтарының қара шаңырағы бола білді [4].

Мұны ЮНЕСКО деңгейінде тойланған көне Түркістанның 1500 жылдығындағы ғылыми конференцияда сөйлеген сөзінде Елбасымыз Н.Назарбаев та нақтылап берген еді. Сондағы баяндамасында ол Түркістанның қазақ хандарының ақ киізге отырғызылып, Күлтөбе биігінде билікке келетін қасиетті мекені болғандығын, ұлт тұтастығын сақтауда тайсалып қалмаған әйгілі Тәуке ханның «Жеті жарғысының» да осында

жазылғанын мақтанышпен еске сала отырып, бүгінгі таңда сан ғасырлық сынақтан өткен көне Түркістанның өзіне тән сәулет өнерін сақтаудың өзектілігіне де тоқталуымен бірге 1861 жылы Ахмед Иассауи кесенесінің орыс отаршылдары тарапынан нысанаға алынып, зеңбірекпен атқыланғанын да айта кеткен болатын [5].

Ал Түркістандағы ең көне жәдігерлердің бірі – Тайқазанның XIV ғасырда Қарнақ қаласында құйылғаны белгілі. Мұны біз Матвей Трошин мен Федор Скибиннің жазбаларынан да білеміз. Яғни, нақтырақ айтқанда, рухани астанамыз – Түркістандағы Тайқазан қарнақтық шебер Әбділ Әзиз Шарафутдин Тебризидің қолынан шыққан. Ол 1399 жылы 25 маусымда құйылған [6].

Жалпы салмағы 2 тоннаны, сыйымдылығы 3 мың литрды құрайтын 7 түрлі металл қоспасынан жасалған (темір, мырыш, қорғасын, қола, мыс, күміс, алтын) бұл көне жәдігер кеңестік кезеңде, 1935 жылы Санкт-Петербургтегі Эрмитажға «Иран өнері мен археологиясы» бойынша III халықаралық конгреске экспонат ретінде алынып, ұзақ жылдар бойы жат жерде қалып қойған болатын. Тек 1989 жылы 17 қыркүйекте ғана тарихи отанына, түркі әлемінің рухани бесігі – Түркістанға әкелініп, өзінің құтты орнын қайта тапты. Өйткені тайқазан жай ғана жәдігер емес, ол терең дәстүрден тамыр алған, исламдық мәнмен астасқан баға жетпес рухани мұрамыз саналады. Яғни, «отыз екі кентті Түркістанның» символы десек те артық айтқандық емес.

Ал сол Тәуке хан билік құрған дәуірде Түркістан төңірегінде 32 қала болған. Осы қалалардың бастысы болған, Қазақ хандығының астанасы саналған Түркістан шын мәнінде саяси және діни орталық ретінде өзінің дәуірлеу кезеңін бастан өткергенін зерттеуші ғалымдар да бүгінде нақты дәлел-дәйектер арқылы растап отыр.

Сонымен қатар Түркістанды халқымыздың ұлы тұлғаларының пантеоны деуіміздің де өзіндік мәні бар. Өйткені Абылай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Тұрсын, Қайып, Сәмеке, Жолбарыс секілді хандардың, Есіркеп, Күлен, Үсен, Шоң би секілді арыстарымыздың, кезінде сүйегі сонау Қарқаралыдан әкелінген үш жүзге мәшһүр Қазыбек бидің де осында қойылғаны белгілі.

Сан ғасырлардан бері сырын ішке бүгіп, тамыр-тарихы тереңде жатқан Түркістан күні бүгінге дейін біршама зерттеліп, алыс -жақын шет елдердің ғалымдарының да назарынан түспегені мәлім. Бұл тақырыпқа қалам тартқандар да аз болмаған. Солардың бірі ретінде 1929 жылы Ташкентте И.Райкованың басшылығымен баспа бетін көрген «Орта Азия географиялық қоғамының хабарларын» айтуға болады. Бұл басылымда Түркістан турасында да бірқатар мақалалар жарық көрген [7].

Қазақ хандығының басты ордасы ретінде тарихта қалған Түркістан 250-300 жылдай астана ретінде танылып, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде 25 жылдай жау қолында қалып қойды. Қаланың сан зобаланды бастан кешіргенін тарихи құжаттар да айғақтайды. Мәселен,

алдымен Бұқар хандығына қараған қала, 1799 жылы Ташкент иелігіне өтіп, 1819 жылдан Қоқан ханы Омардың қол астында болған. Ал 1821 жылы Тентек төре қаланы қайтарып алу үшін күші басым қоқандықтарға қарсы күрес жүргізгенімен, жеңіліске ұшыраған.

Жалпы қаланы 1864 жылы орыс әскерлері өзіне қаратты. Бұл турасында белгілі академик Р.Бердібай «Тарихымызды таразыласақ» атты мақаласында былай дейді:

«...Орынбор қарауындағы әскерден алынған үлкен жасақты бастап полковник Николай Веревкин Перовск қаласынан 1864 жылы 22 мамырда Түркістанға беттейді. Оның қол астында 5 рота жаяу әскер, 200 атты казак-орыс, 10 зеңбірек, 5 мортир, 2 ракеталық станок болған. Патша қосынында 44 офицер және 1593 солдат бар еді... Сонымен 1864 жылдың 12 маусымы күні орыс әскерлері Түркістанды басып алды. Ұрыс кезінде Веревкин бұйрығымен атылған зеңбірек оқтарынан Қожа Ахмет Иассауи кесенесі едәуір зақым көрді. Арада бір ай өткенде Иқан түбіндегі ұрыста патша әскерінен 57 солдат шығын болып, 23-і ауыр жараланды» [8].

Ал бұл өңірдің руханияты турасында ой қозар болсақ, сопылық ілім ІХ-ХІІІ ғасырларда кең өріс ала бастады. Бұл ілімнің басында Қожа Ахмет Иассауидің тұрғаны белгілі. Оның пірі ретінде Арыстанбаб аталса, Қожа Ахметтің ілімін жалғастырушылардың бірі ретінде Арыстанбабтың баласы Мансұр бабаны айтуға болады. Бұл ілімнің қазақ даласына кең тарағаны соншалық, сопылық поэзияны уағыздаушы ақындар ХХ ғасырдың басында да болды. Тек патшалық Ресейдің отарлауынан кейін, әсіресе Кеңес үкіметі тұсында дінге қарсы атеистік саясат мейлінше күшейіп, дәстүрлі дініміз көп қысым көрді, молда-ишандар жаппай қуғындала бастады. Бұл өз кезегінде ұлттың рухани қуатының әлсіреп, сопылық жолының жойылуына алып келді. Дегенмен азаттықтың ақ таңында бүгінгі Түркістанның қайта өрлеу кезеңі басталып отырғаны зор мақтаныш. Себебі, «Түрік өркениетіне қарасты халықтар арасында ортақ мүдделестік бар. Ол ең алдымен мәдени, рухани сала. Ол ортақ дін, түрік менталитеті – діні, тілі, әдебиет, жазу проблемалары» [9], -деп М.Қозыбаев атап көрсеткендей, түркі әлемімен етене жақындықты, рухани үндестікті, берік ынтымақтастықты қамтамасыз етуде Түркістан қаласының атқарар рөлі зор. Елбасымыздың да бұл турасында «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы—Түркістан» деп ақтарыла айтқаны бар. Демек, киелі Түркістанның күллі түркі жұртына ортақ өркениет ошағы ретінде өз тарихының жаңа беттерін жазатын сәті де туды. Тәуелсіз еліміздің, рухани жаңғыру жолына түскен жұртымыздың да басты рухани тірегі Түркістан болып қала бермек.

## **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев. Н. Ұлы даланың жеті қыры. 24 қараша, 2018 жыл.



2. Жәнібеков.Ө. «Әзірет сұлтан» қорығы жөнінде. Тарихи терең Түркістан. А,-2000, 55-59 бб.
3. Қойгелдиев.М. Ұлттық саяси элита. 204-235 бб.
4. Қозыбаев М. Дала өркениетінің рухани астанасы – Түркістан. Шығармалары.4-т, А,-2013, 94-95 бб.
5. Елбасы және мәдениет // Материалдар мен құжаттар жинағы. А,-2012, 65 б.
6. Қарнақ – орта ғасырдағы ағартушылық пен білім ордасы. К,-2018, 18 б.
7. Массон М.Е. Түркістандағы Қожа Ахмет мавзолейінің салынуы жайлы // Орта Азия географиялық қоғамының хабарлары // XIX т, Т,-1929.
8. Бердібай.Р. Тарихымызды таразыласақ // Тарихы терең Түркістан. А,-2000, 75-76 бб.
9. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт, А,-2001,91 б.

## **БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ ҚАЗІРЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕЛ ІШІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ (XIX-XX Ғ. БАСЫ)**

**Ә.Қ.Мұқтар** - т.ғ.д., профессор,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы» РМҚК директоры

Қазақстанның батыс өңірінде Ислам дінінің дамуына зор үлес қосып, халықты имандылық бағытында тәрбиелеген тарихи тұлғалар жетерлік. Олардың арасында қалың елге қадірлі болып, көптің құрметіне бөленген Арал, Байғазы әулеттерінен шыққан діни ғұламалардың орны ерекше. Ата дініміздің кеңінен жайылуына себепші болған олар XIX ғасырдың басында Нарын құмында мұсылманша мектеп ашып, оны Жәңгір хан билігімен заңдастырды. Сол кездегі атағы жер жарған Бұхара, Стерлитамақ діни оқу орындарымен байланыс орнатып, білім ошағын қатар дамытты. Кейінгі жылдары Ресейдің отарлау заманы тұсында дін өкілдері өз жұмыстарын Орпа, Тума құмдарында жүргізіп, Бөкей ордасымен шектес Астрахан, Орынбор губерниялары оқу орындарымен, Орынбор діни мәжілісімен реттеді. Олардың әрбір іс-қимылдары, жұмыс нәтижелері Ресейдің архив құжаттарында хатталды.

Бүгінгі күні, сыр тұнған осы архив құжаттарынан оларға қатысты көптеген құнды деректер табылуда. Солардың бірінде, Арал Үдерұлы 1840 жылы 5 қазанда Жәңгір ханның бұйрығымен 12 ата Байұлының Беріш Себек бөліміне молда болып бекітілгені туралы жазылған [1, С.777]. Осы бір дерек Арал Үдерұлының сол заманда ел билігі мойындаған қайраткер деңгейіне көтерілгенін айғақтайды. Өйткені, ол заманда көптің алдында ел ұйытар ақиқат сөзін айтатын сауатты діни мамандар көп емес-ті.

Арал молда діни білімін алдымен Хиуадан білім алған әкесі Үдерден алған. Шежіре бойынша Беріштен – Себек – Бөрібас – Тума – Кемесай –

Байшағыр болып тарайды. Үдер Байшағырдың ұлы. Үдердің туған інісі Қондыбай сөзге шешен, әрі шебер етікші болған екен. Аралдың болашағына зор үміт атқан Қондыбай Байшағырұлы өз іскерлігімен Жәңгір хан қазынасынан оны оқытуға қаржы бөлгізген. Ел ішінде Қондыбайдың «Қорық» жайылымын шешу мақсатында Жәңгір ханға барып, еш іркілместен:

Оралды орыс бермейді,  
Бүгілді Қойыс бермейді.  
Ірге құмды Тана бермейді,  
Қаратоқай және бермейді.  
Аспаннан Құдай жаңбыр бермейді,  
Жерді Жәңгір бермейді.  
Кетпейін десем ен Нарынға симаймын,  
Кетейін десем, Жәңгір, сені қимаймын,-

деп елінің қажетін жеткізгені туралы шешендік сөздері сақталған. Дуалы сөзден соң Жәңгір хан Беріш Күлкеш бөлімімен шекаралас «Қорық» жайылымын Беріш Себектерге бекітіп берген [2]. Осылайша, Орпа құмында орналасқан Беріш Күлкеш Себектермен төскейде малы қосылған ажырамас ағайынға айналған.

Енді бірде Жәңгір хан Қондыбай шешенге: «Саған мынадай сұрағым бар. Мал не? Әйел не? Ұл не?», – депті. Сонда шешен мүдірместен: «Мал – кірісің емес пе? Қызың – өрісің емес пе? Әйел – ердің тұрағы, Ұл – елдің шырағы. Инабат – ел азығы, Ер – ел қазығы», - деп жауап беріпті. Риза болған хан зерлі шапан жауып, ер-тұрманымен ат мінгізіп сыйлапты [3, 31-32 б.]. Сөз жоқ, Қондыбай шешеннің бұл қамқорлығын Арал Үдерұлы де ақтай білді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей Арал қазірет те ұрпағын білім мен ілімге, ғылымға баулыды. Оларды Стерлитамақта және өзге діни медреселерде оқытты. Аралдан Дәулетәли, Ғұбайдолла, Әдиятолла, Халидолла, Әбубәкір, Хабиболла, Омаш, Хамидолла, Хисметолла, Жамиға, Кабдолла, Қарашаш өрбіді.

1870 жылғы дерек бойынша, Бөкей ордасындағы №1 Теңіз округындағы Беріш Себектерде екі Жұма мешіті, үш медресе болған. Екі мешіттің бірі қырда – «Қырым Қожа» мекенінде болса, екіншісі – теңіз жағасында болған. Оның бірінде - 80 ер адам, екіншісінде - 90 ер адам оқыған. Ал, іргелі білім ошағы саналған үш медреседе 66 оқушы дәріс алған. Бұл медреселер Арал қазірет ұлдарының өз есептерінен ұсталған. Солардың ішінен Дәулетәли және Ғұбайдулла Аралұлдары медреседе балаларды оқытумен жеке айналысқан. Аралұлдары орыс билігінен, яғни қазынадан да, жамағаттан да қаражат алмаған [4].

Арал Үдерұлы ұрпақтары арасынан Астрахан губерниялық басқармасы шешімімен Қисметолла Аралұлы 1891 жылы 24 тамызда указной молда болып «Қырым Қожа» мекеніндегі (№12 старшындық) мешітке, ал Беріш Күлкеш Кабдолла Байғазыұлы 1892 жылы 31 наурызда №11

старшындықтағы мешітке имам болып бекітіледі [5]. Бұдан бөлек, Қисметолла Аралұлына 1894 жылы 12 шілдеде «ахун» атағы берілген. Бұл кезде ол 39 жаста болған [6]. Сол кезде «Қырым Қожа» мекенінде 874 шаңырақта 2535 ер, 1843 әйел тіркелген [6, 386 п.].

Қазіреттер әулетінде өзіндік орны бар тұлға – Ғұбайдолла Аралұлы (1858-1921 жж.). Ол Уфада оқып, елге оралғасын ата жолды жалғастырып медреседе бала оқытқан. Ғұбайдолла қазіреттен Ғабдрахман, Ғабдулфарид, Нұғыман, Нұрмұхамбет, Қатыш тараған. Олардың арасынан Ғабдрахман Ғұбайдулұлы 1908 жылы 18 қазанда №7113 бұйрықпен (д№420/94г) «имам-хатиб» және мұғалім болып бекітілген [6, 386 п.]. Бұлардан бөлек, Ғабдрахманның бауырлары да медреседе оқып, мұсылман ілімін толық меңгерген.

Ғұбайдолла қазірет өз ғұмырында қажылық парызын өтеу мақсатымен қасиетті Меккеге төрт рет барған. Бүгінгі күні оның қажылық сапарындағы жол күнделігі сақталған. Күнделікте Нарын қазақтарының Стамбул, Искандария, Мысыр, Жидда, Мекке, Мадина қалалары мен Құдыс шаһарына барғаны, кейін Яфи шаһарына барған жолы, көрген қызықтары мен қиыншылықтары толық суреттеліп жазылған. Жол күнделігінде осы сапарда оның жанында Беріш Жайық Әйіп Бекенұлының болғаны жазылған. Ал, Әйіп Бекенұлы (1838-1931 жж.) ел ішінде «Көк мешіт» салып, ел балаларын оқытуымен айналысқан танымал тұлға болған. Осымен қоса, мұсылманша білімдарлығымен әйгілі ол 1894 жылы II Николай патшаның таққа отыру рәсіміне, Романовтар династиясының 300 жылдығына қатысқан [7].

Ғұбайдолла қазіреттен қалған құнды күнделік Нұғыман қажы (1875-1928 жж.) ұрпағында сақтаулы. Жәдігер баладан балаға мұра есебінде табысталады. Осы тәбәрікті бізге жеткізген белгілі азамат Нұғыман қажы немересі Смағұл Сүлейменұлы бүгінде Үдер атасының жерленген орнын анықтап, басына белгі орнатты. Оған ақылшы Арал – Қалидолла – Ғабдісәлімнен тараған белгілі партия, кәсіподақ қайраткері Мәдина Ғабдісәлімқызы.

Бұлардан бөлек, Үдер-Арал ұрпақтары Нарын құмында төрт мешіт-медресе тұрғызған. Алғашқы мешітті Арал қазірет Манаштың бер жағынан, әйгілі күйші Дина Нұрпейісова дүниеге келген жерден ашқан. Бұл қазіргі Атырау облысы Исатай ауданына қарасты жер. Сол кезде ол «Көк арна» мешіті деп аталған. Бүгінде бұл мекенді «Қызтуған» деп те атайды. Кейіннен Арал Үдерұлы Тума құмына көшкен кезде аталмыш мешітті Беріш Есенғұл руының жігіттеріне тапсырған. Содан соң Арал қазірет Тумадан төрт шақырым жерден «Көк мешітін» ашқан. Кейін Қисметолла Аралұлы (Ахон хазірет) Тумадан үлкен мешіт, жатақхана және асхана ашып, елдің балаларын сауаттандырады. Төртінші мешітті Қалидолла көпес салдырады. Ол Айжарық жерінде бой көтереді. 1956 жылы түсірілген Тума картасында Қазірет мешіті, Ахон мешіті, Ғұбайдолла моласы, олардың ортасында Тума мешіті, одан әрі Айжарық мекені анық көрінеді.

Шежіреші Қапиз Мұқтарұлының айтуынша, Арал мен Қондыбай «Беріш Себек Кемесайдан шыққан жеті қазіреттің» басында тұр. Ал, қалған бес қазірет тікелей Аралдан өрбіген ұрпақтар. 2017 жылы 18 қарашада Қапиз Мұқтарұлының ұйымдастыруымен Атырау облысы Индер ауданындағы Көптоғай елді мекенінен 90 шақырым жердегі Тума қауымына барып Арал қазірет, Аралұлы Қисметолла (Ахон) қазірет, Аралұлы Ғұбайдолла қазірет, Нұғыман қажы басына тағзым жасалды. Осы арада шежіреші жеті қазірет қатарына Аралұлы Қабиболла, Арал немересі Дәулетәліұлы Сиражиден және Сүндет қазіретті» қосты [8].

Қорыта келгенде бүгінде Арал ұрпақтары жапырағын жайған, еліміздің тәуелсіздігінің бекуіне сүбелі үлесін қосып жүрген тұлғалар. Олар ата-баба аманатына әрдайым адал. Сөз соңында бүгінде Ғұбайдолла қазіреттің күнделігі Түркияда аударылып, менің алғы сөзіммен ағылшынша жарық көрмекші. Осылайша аталарымыздың ерен еңбегі әлемге тарамақ.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.: Сборник документов и материалов/ Сост. Б.Т.Жанаев, В.А.Иночкин, С.Х.Сагнаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.

2 Өркенді өңір. -2014. -№ 7. -9 қыркүйек

3 Ахметжанұлы З. Беріш-Себек шежіресі / Құрастырушы Зәки Ахметжанұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017

4 Башқортостан Республикасы Орталық мемлекеттік тарихи архиві (алда БР ОМТА. И-295 қ., 3 т., 7260 іс

5 БР ОМТА И-295 қ., 3 т., 13653 іс

6 БР ОМТА. И-295 қ., 2 т., 1 а іс

7 Қаражанова Л. Ғылым мен дінді қатар ұстаған Әйіп қажы // [azh.kz/index.php/kz/news/view/40424](http://azh.kz/index.php/kz/news/view/40424)

8 Шежіреші Қ.Мұқтарұлының жеке қорынан

## **АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚШАМ АУДАНДАРДЫ ЗЕРТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: КӨКЕНТАУ КЕШЕНІ МЫСАЛЫНДА**

**А.С. Жүнісханов**- магистр,  
«Назарбаев Университеті» ДББҰ

Археологиялық ықшамаудандарды зерттеу заманауи археология ғылымының болашағы зор бағыттарының бірі. Археологиялық ықшамаудан деп табиғи-ландшафтысы бірдей шағын аудан территориясында түрлі тарихи кезеңдерде тұрғызылған археологиялық ескерткіштер тобын атайды.

Шағын ғана ауданда топтасқан түрлі тарихи кезеңдердің ескерткіштерін кешенді зерттеу мәдени-хронологиялық тұжырымдарды түзуге, сол арқылы

байырғы қоғамдарда жүрген әлеуметтік және экономикалық үдерістерді қайта жаңғыртуға зор мүмкіндіктер береді. Мақсатты түрде түрлі тарихи-географиялық аудандарда шоғырланған ықшамаудандарды зерттеу арқылы және алынған нәтижелерді өзгеде ескерткіштердің материалдарымен салыстырмалы тұрғыда зерттеу ісі ежелгі қоғамдарды зерттеу ісінде қордаланған мәселелерді шешуге септеседі (ежелгі тайпалардың миграциясы, кеңістікті игеру және т.б.).

2014 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімшілік территориясына қарасты Көкентау археологиялық ықшамауданында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Археологиялық зерттеу жұмыстарына Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің, Семей қаласындағы Шәкерім университетінің, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының, АҚШ Вашингтон университетінің, Нью-Йорк өнер колледжінің және Семей геодезия және топография колледжінің мамандары мен студенттері белсене қатысуда.

Зерттеу жұмыстары ұйымдастырылған Көкентау өңірі археологиялық тұрғыдан мүлдем зерттелмеген тың аймақтардың бірі.

Көкентау өңірінің археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы жазбаша деректер Н.Я. Коншиннің «О памятниках старины Семипалатинской области» мақаласында кездеседі. Мақала авторы Семей өңірінің мәдени орталықтардан алшақ жатқандығы себепті өңір археологиялық тұрғыдан аз зерттелгендігін ескере отырып, облыстық статистикалық комитетпен бірлесе отырып 1900 жылы облыс аумағындағы барлық болыстарға, казак станицаларының атамандарына және ауылдың старшындары өздері басқарып отырған аумақта кездесетін тарихи ескерткіштердің тізімін беруді сұратып хат жібереді. Аталмыш мақалада Көкен болысындағы Көкентауда кездесетін жартас суреттері туралы мәлімет келтіреді [1. 4-5 бб.].

Осы 1903 жылы шыққан мақаладан соң археологтардың табандары Көкентауына 2014 жылы тиді. Сол жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Нұр-сұлтан қаласындағы филиалының ғылыми қызметкерлері тарапынан ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған «Шығыс Қазақстан мұралары: ғұн-сармат дәуіріндегі тарихи-мәдени үдірістер» атты жоба аясында басталды. Далалық маусымда жобаның міндеттеріне сай, негізгі ғылыми-зерттеушілік бағыттағы жұмыстар ғұн-сармат дәуірі ескерткіштерін тіркеу және зерттеу бойынша жүргізілді [2, 3].

Қаратөбе [3] қорымында зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ерте темір дәуірінің бес обасында қазба жұмыстары жүргізілді. Қазылып зерттелінген обалардың барлығы дерлік тоналмағандығымен біздің қызығушылығымызды тудырды. Осылайша тұңғыш рет, осы аймақта хун дәуірімен мерзімделетін обадан бірегей материалдар алынды, әсіресе бағалы металдармен, асыл тастардан жасалған моншақтардың құндылығы жоғары. Жергілікті өлкетанушылар тарапынан Көкентауда ішнара жартас суреттері тіркелген [4].

Зерттелінген обалардың жерүсті құрылысының Жетісудағы үйсін обаларымен ұқсастығы анықталса, жерлеу ғұрпы толықтай жергілікті Қолажорға кезеңі ескерткіштерімен бірдей анықталды. Сүйектерге жасалған изотопты анализ нәтижелері Көкентау өңірін ерте темір дәуірінде мекендеген халықтардың тағамдық рациондарында тары болғандығын көрсетті. Бір обадан табылған дәндер бүгінгі таңда Астана қаласындағы Ұлттық биотехнология орталығында зерттелуде.

2017 жылдың далалық маусымынан бастап Көкентау өңіріндегі зерттеулердің басым бағыты қола ғасыры ескерткіштерін зерттеу бола бастады. 2017 жылы бес қола ғасырының ескерткіші зерттелінді. Қазба жұмыстары нәтижесінде жапырақ алтындармен қапталған қола сырғалар, қыш ыдыстардың сынықтары табылды [5]. Көкентау археологиялық кешенінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің алғашқы нәтижелері ғылыми тұрғыдан өте қызықты мағлұматтар берді. Бұл өз кезегінде қола ғасыры бойынша кешенді зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға түрткі болды.

2018-2019 жылдары жүргізілген зерттеулердің негізгі бағыттары археологиялық ескерткіштерді тіркеу және кешенді зерттеу болды. Барлау жұмыстарының нәтижесінде Көкентау өңірінде елуден аса археологиялық ескерткіштер тіркелсе, зерттеу жұмыстары негізінен қола ғасырының қоныстары мен жерлеу кешендерін қазуға бағытталды. Зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері Көкентауды алғашқы адамдар радио көміртекті анализдер көрсеткендей ерте неолит дәуірінен бастап мекендей бастаған. Өңірде адамдардың тығыз қоныстана бастауы қола дәуірінен басталады. Антропологтардың зерттеулері бойынша қола дәуіріндегі адамдардың сүйектерінен патологиялық ауытқушылықтар байқалады.

Көкентау өңірін зерттеу ісі әліде жалғастырылуда. Болашақта Неолит дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі аралықта түрлі этникалық топтардың аталмыш кеңістікті қалай игергендігі, экологиялық жағдайға бейімделуі, олардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктері қалай болды деген сияқты сұрақтарға жауап іздеу жоспарланып отыр.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Коншин Н. Я. О памятниках старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Зап-Сиб. отдела ИРГО вып. I Семипалатинск. 1903. – 1-32 с.

2. Айткали А. К., Жунисханов А. С., Каирмагамбетов А. М., Ахметов М. Г., Рахманкулов Е. Ж. Предварительные результаты исследования могильника Каратобе в микро археологическом районе Кокентау в 2014 году // «Кадырбаевские чтения-2014». Материалы IV Международной научной конференции. – Астана «Мега принт»; 2014. С. 151-160.

3. Айткали А. Предварительные результаты исследования курганов гунно-сарматского времени могильника Котыркора в микрорайоне Кокентау // Материалы международной научно-практической конференции «VII

Оразбаевские чтения» «Казахстанская археология и этнология: прошлое, настоящее и будущее», приуроченной к 550-летию образования казахского ханства, 20-летию ассамблеи народа Казахстана 28-29 апреля 2015 г. – С. – 348 - 350.

4. Илиуф Х. Ш. Древности Кокентау. Материалы Международной научно – практической конференции, посвященной 70-летию музея «Роль музеев на современном этапе и перспективы развития.» Павлодар 2012, с. 29-35.

5. Айткали А.К., Жунисханов А.С., Каримов М. К., Исин А. И. Рахманкулов Е.Ж. Новые памятники эпохи бронзы горного массива Кокентау // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: Сб. науч. трудов XVI Междунар. науч.-практ. конф. 28-29 сентября 2017 г., Усть-Каменогорск. – Усть-Каменогорск: «МедиаАльянс», 2017. С. 18-23.

## **АҚБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ: ЖАҢА БОЛЖАМДАР МЕН ЖОРАМАЛДАР**

**Н.Ж. Тулепов**- өлкетанушы,  
Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық  
музей меңгерушісі, Орал қаласы

Жазба тарихтың бастауы ауызша тарих, ал оның бұлағы Дала өркениетінің феномені – сарқылмас халықтың жады. Қазақ халқына тәң бұл құбылыстың арқасында дереккөздің бай қазынасы XVIII-XX ғғ. қағаз бетіне таңбаланып, осы таптырмас мирас-мұра ұрпақтан ұрпаққа табысталып келеді. Ойлап қарасан, қазақ халқы бар болмысын, дүние танымын, салт-дәстүрі мен бірнеше мыңжылдық философиясын қаз қалпында сақтап болашақ ұрпаққа осылай аманат етті. Қазақ халқының жады ауызекі әдебиетіне артылған жүк пен қатар сезімнен туындайтын өнер мұрасын арқалап Шоқан Уалиханов, Салық Бабажанов, Александр Затаевич, Ақмет Жұбанов сынды тұлғалардың қолдарына табыстағанша, нардай көтеріп келгеніне таң қаласын. Ата-бабадан жеткен мұраны іске асыра білу тәуелсіз елдің парызы. Сондықтан, Қазақ фольклористикасы бесінші кезенге жатқызған қазақтардың XIX ғасырдағы хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресін көрсететін Сырым, Исатай, Махамбет тарихи жырлардың бірін алып, тарих ғылымының замануи талдау әдістерін пайдалана отырып зерттеп, аталған кейіпкерлер жорық кезінде өткен аймақтың жер атауларын топографиялық картаға түсіріп, нақты да маңызды тарихи дерек көзі екенің дәлелдеу үшін өткізген зерттеуім осы мақалаға арқау болды.

Қазақ Елі тәуелсіздікке қолы жеткен жылдан бастап халықаралық қарым-қатынастың дербес субъектісі ретінде өзінің сыртқы саясатын айқындай бастады. Ол үшін бірінші кезекте Қазақстанға ғасырлар бойы ықпал еткен Ресей империясының саясатын зерттеу маңызды еді. Себебі,

замануи Ресей Орта Азия елдерін зерттеу арқылы ықпалын күшейту бағытында сыртқы саясатын жүзеге асыруда. Сондықтан орыс пен қазақтың қайшылыққа толы өзара қарым-қатынасының тарихына зер салу арқылы, замануи көзқарас пайда бола бастады. Себебі, егемендікті қорғау және тәуелсіздік жолындағы көтерілістерді зерттеу бұрынғыдай тек қана таптық тұрғыда қарау, кейбір жағдайда ата-бабалар сарқыған күш-жігері мен ерен еңбегін мардымсыз, тіпті жоққа шығаруға да жол ашады. Ондай жаңсақ пікірге тойтарыс беру үшін тың деректерді табуды қажет етеді. Сонда ғана тарихи шындық салтанат құрады. Расында, барлық көтерілістер қатал түрде басып-жаншылғанына қарамастан, олар патша үкіметін қазақ қоғамының болмысымен және қазақ ұлтының көзге көрінгісіз әлеуетімен санасуға мәжбүр етті. Мысалы, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс салдарынан қазақ даласында губерниялық басқару жүйесін 1786 ж. бастап еңгізу жөніндегі патша үкіметінің жоспары кейінге қалдырылған екен. Ал, бұл реформаның түпкі мақсаты қазақтарды күштеп қоныстандыру арқылы, отарлаушыларға жерді босату еді. Ол үшін алдымен қазақ жерлерін мемлекеттік меншік деп жариялау қажет болды. Сонда ғана қазақ жерлерін отарлау, орыстандыру, төл-тарихынан айыру, салт-дәстүрлерін жоққа шығару арқылы мәнгүрт ұрпақ тәрбиелеуге жол ашылар еді. Тура айтсақ, Ұлы Даланы отарлау саясатын қолдаушы патшаның агенттері осылай пайда болды. Өз заманында билік элитасының теріс пиғылын әшкерлеген Сырым Датұлына сөз берсек:

Хан мен патша қосылып,  
Қулықтарын асырды.  
Құл қылмақшы ұлыңды,  
Күң қылмақшы қызыңды  
Шоқындырмақ халқыңды  
Жоймақшы қазақ салтыңды.

Міне, 11-12 уезд басын біріктіріп губерния құру жобасы кемінде 80 жылдан астам кейінге қалдырылып, патша үкіметі оған тек қана 1868-1869 жж. оралды. Соның өзінде губерния деп атауға сескеніп, Орал облысын құру туралы шешімін жариялауға ғана батылы жетті. Бұл дегеніміз, Сырым Датұлы бастаған көтерілістің заңды жалғасы Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібаров, Жанқожа Нұрмухамбетов сынды тұлғалар бастаған көтерілістер де патша үкіметінің губерниялық басқару жөніндегі жоспарын және қазақ жерлерін отарлау саясатын шұғыл жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Патша үкіметінің 1868-1869 жж. реформасы қабылданғанымен Орал, Торғай облыстарындағы, Маңғыстау түбегіндегі көтерілістер қазақтардың қарсылығын анық көрсетті. Сайып келгенде қазақ ұлты өзіндік ерекшелігін, тілі мен ділін сақтап қалды.

Бүгін рухы биік қазақ даласы тәуелсіздікке қол жеткізді! Кейбір халықтардың тағдырын қайталап, жаһандану салдарынан жойылып кетпеді.



Мұның өзі қазақ даласында өткен көтерілістерге баға берген кезде біз ғалым, тарихшы және филолог Билял Аспандияровтың: «Қазақстан тарихын тәуелсіздік үшін күрес дәстүрлерін қалыптастыру тұрғысынан ғана қамту керек» деген тұжырымдамасын ұстануымыз керек деп есептеймін. Осы бағытты дамыту тәуелсіздікке қолы жеткен елдің, азаттық жолында жан пида болған тарихи тұлғалардың алдындағы парызы. Бостандық Туын көтергендер қатал жазаланып, басып-жаншылса да, қазақ батырларының тәні өлтірілсе де, қазақтың Рухы жеңілген жоқ. Қазақ амалсыздан шегінді, бірақ берілген жоқ! Болашақ ұрпаққа аманат етті! Сырым Датұлы бастаған көтерілістің Туын Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібаров, Жанқожа Нұрмухамбетов сынды тұлғалар биік көтерді. Сайып келгенде қазақ ұлты өзіндік ерекшелігін, тілі мен ділін сақтап қалды. Әрине, хандардың, байлардың артында сарайлар мен зәулім ғимараттар қалатыны белгілі. Дегенмен де, батырлардың артында қалған төбелер де біз үшін қасиетті. Сондықтан жер үшін, қара қазан, сары бала қамы үшін семсерін сермеген аяулы қаһарман батырларымыздың әр қадамын зерттеу, тарихын жазу бізге парыз. Солардың қатарында, Исатай-Мақамбет бастаған көтерілістің орны ерекше, рухы биік, ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсаған қазақ халқына бағыт берер шамшырағына айналғаны ақиқат. Осы бағыттағы зерттеуіме түрткі болған Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы тарихи толғау.

...Биден пәтуа таба алмай

Ханнан кегін ала алмай.

Ақ ордасын бұзып шаба алмай,

Тайманның батыр баласы.

«Торы ат басы тауында

Сүйтіп бір

Міне, уай, сол заман

Қаза тауып, уай,

Қалған жер» - деп, кейіпкер Нұрым жырлаған тарихи толғау жолдары аңыз болып көрінсе де, түбінде бір ақиқат жатырғандай көрінді.

Барлық тарихи құжаттарда және зерттеушілердің еңбектерінде, соның ішінде Никита Савичев, Александр Рязанов, Александр Шахматов, Халел Досмұхамбетов, Исатай Кенжалиев, Көшім Есмағамбетов, Қажым Жұмалиев, Әнес Сарай, Аманкелді Шамғонов сынды ғалымдар мен өлкетанушылар, полковник Гекенің 1838 жылдың 13 шілдесінде Орынбор әскери-губернаторы Перовскийге жазған есебіне сүйеніп соңғы шайқас Ақбұлақ өзені бойында өткенін жазады. Дегенмен де, Ақтөбе облысының Қобда ауданынадағы Ақбұлақ өзенімен қатар, Батыс Қазақстан облысының Бөрлі, Шыңғырлау аудандары мен Ресей Федерациясының Орынбор облысының шекаралас территорияларында кемінде үш Ақбұлақ өзені бар екені ескерілмей қалған. Сондықтан, шайқас қай Ақбұлақтың басында өткенін анықтау үшін полковник Гекенің жазалаушы отрядымен оларға кейін қосылған сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақовтың отряды ізімен,

бірнеше топографиялық карта бойынша қайта жүріп өттім. 1838 жылдың 6 шілде күні Орынбор қаласынан Исатайға қарсы шыққан Геке бастаған отряд 8 шілдесінде Илецкая зачитасына (бүгінде Соль-Илецк) жетеді. 9 шілде күні отряд Үлкен Қобдаға жетіп түнеді. Сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақов 150 адам отрядын бастап өз Ставкасынан шықты. Тыңшылар жеткізген хабарға байланысты олар жоспарлы уақыттан бұрын, 10 шілде күні Үлкен Қобдадан өтіп кешкі сағат 7-де «Ешкіқырған» өзенінде қосылады. Бірнеше сағаттан кейін жазалаушы екі отряд бір тәулік бойы тоқтамастан 50 верст жол жүріп, Баймағамбет сұлтан ауылына баратын және Байұлы қоныстарына қарай бағыт алатын жолдардың тоғысқан жері Ақбұлақ өзеніне жетіп бекінді. Осы жерге келуінің себебі Геке мен Баймағамбет «Исатай мен Қайыпқали хан, сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақовтың ауылына шабуыл жасамақшы, Баймағамбеттің өзін тұтқындамақшы, не өлтірмекші» деген жансыздың хабары еді. Бұл ақпарды шайқаста тұтқынға түскен Қожақмет Өтемісұлы да растайды: «Шекара бойында қазақтарды жорыққа шақыру немесе күшпен мәжбүрлеу үшін Исатайды сарбаздарымен шекара қарай аттандырған кезде Хан Ойыл өзенінде қалған». Расында, «Исатай Гекенің шыққанын естуден бұрын, Есімовтен бөлініп, тұтқыйылдан барып тиісу үшін, Илек қалашығынан 60 верст қашықтықта Суықбұлақ өзені бойындағы сұлтан ордасына (Ставкасы) қарай жөнелген еді. «Алға қойған жоспарын жүзеге асыру мақсатында Исатай 500 таңдаулы жігіттерімен шілде айының басында Қиыл өзенінен сұлтанның Ставкасына қарай аттанады» - деп А.Рязанов толықтырады. Баймағамбет Айшуақовтың Ставкасының орны анықтау мақсатында топографиялық картаға циркульмен сызған 60 верст шеңбердің бір бүйірі қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданындағы Суық Бұлақ өзенімен қиылысты. Баймағамбет Айшуақов өз Ставкасын шаптырмау үшін астыртын жіберген тыңшысы Балты: «мен бір Байұлы руынан келіп отырған адаммын, Айшуақов азғантай ғана адаммен Байұлы ауылдарына жүр, малымызды тартып әкетті» деп Айшуақов сұлтанның үстінен жалған шағым ете бастайды. Сөйтіп, Исатай қас жауын шабу үшін Байұлының қоныстарына қарай ат басын бұрады. Міне, осы жалған ақпаратта аталған Байұлы қоныстары Ақбұлақ өзені, Қайынды өзені, Шыңғырлау өзені мен Торатбасы тауларынан оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай орналасқан еді. Сол сияқты Жайық және Елек өзендері бойын Жетірудің Кердері, Тама, Табын рулары жайлаған. Қиыл өзені бойында Кете рулары қоныстағаны және олардың біразының көтеріліске қосылғандығы тарихтан белгілі. Осының өзі Ақбұлақ шайқасы Байұлы қоныстарына жақын жерде өткеніне бір дәлел.

«1838 ж. 16 шілдеде Орынбор әскери губернаторының, Ақбұлақтағы ұрысқа қатысқан есімі белгісіз бір қазақтың мәліметі негізінде, Орынбор шекара комиссия төрағасы, генерал-майор Генске жолдаған рапортында Баймағамбет жасағының Исатай тобымен ұрысы Илецкая зачитадан 100 шақырымдай жерде болған деп атаған». Есептесек, Ақбұлақ өзенінің

маңындағы Торатбасы тауы Илецкая защитадан да, Илек қалашығынан да 100-106 км қашықтықта орналасқаны осы деректі профессор К.Есмағамбетов жариялаған 100 шақырымға дәлме-дәл келіп тұр. А.Шахматов зерттеуінде: «1838 ж. 16 шілдеде Сухореченская және Хабарная отрядтарына тағы да шабуыл жасалып, бір казак мерт болып, екі казак тұтқынға түскен» - деген. Осы деректе Исатай бастаған көтерілісшілер шекараға жақын аймақта болғаның дәлелдейді. Егерде Ақбұлақ шайқасы Қиыл өзені маңында болған болса, көтерілісшілер шекарадан 226 км алыстап кетіп, шекара бойындағы отрядтарға шабуыл жасар алмас еді. 1949 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихы ерте заманнан осы күнге дейін» атты кітапқа еңген «Исатай Тайманов пен Кенесары Қасымов бастаған қозғалыстарының қартасында»: «Исатайдың өлген жері» деп анық көрсетілген географиялық координаттар нүктелері Торыатбасы тауының да, Ақбұлақ майданының да географиялық координаттары берілген шама шеңберінде екенін көріп тұрмыз. Сондықтан, Исатай-Мақамбет бастаған көтерілісшілердің соңғы шайқасы Шыңғырлау ауданындағы Ақбұлақ өзені бойында болғанына бұлтартпас дәлелдер айтылып, жан-жақты дәлелденді деп есептеймін. Ғылыми тұрғыдан дәлелденген осы тарихи деректің маңыздылығы, белгілі болса да еленбей келген тарихи толғаудың авторын анықтауға жол ашады.

Ендігі мәселе, Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясында: «Тайманның батыр баласы Торы ат басы тауында қаза тауып, қалған жер» деген тарихи толғаудың авторы кім деген сұраққа жауап іздейік. Ол үшін Мақамбетке жүгінейік. Дауылпаз ақын Мақамбет «сенімді серігі Исатайды, өлеңдеріне қосып, сөзбен бейнелеп, санамызға өшпестей етіп құйып кетті. Әсіресе, Исатай туралы «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың әр қадамы мен ой-арманы жан-жақты бейнеленге Исатай батырдың да, батыр-билердің де тұлғасы шынайы сомдалып, азаттық күресі жолындағы әр қадамы әсерлі суреттелген. Осы жерде, мынадай ой келеді Исатайдың өзіне және мінген атына оқ тигеніне дейін: «Арғымаққа оқ тиді, Қыл мықынның түбінен. Ер жігітке оқ тиді, Ауыз омыртқаның түбінен» деп әсерлі сөзбен өрнектеген Мақамбет, достық символына айналған сенімді серігі Исатайдың қаза тапқан жері мен сүйегі қалған жерді неге аманат етпеді ұрпаққа?! Ол, ешқандай логикаға сыймайтын, болу мүмкін емес. Нонсенс! Әрине, Мақамбет Исатай батырдың сүйегі қорланбасын деп кұпияны өлеңдеріне жасырып кеткені сөзсіз. Тек талмастай іздену керек. Сондықтан, осы бағытта Мақамбеттің болашақ ұрпаққа арнаған аманатының бірі, ол Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы: «Тайманның батыр баласы Торы ат басы тауында қаза тауып, қалған жер» деген тарихи толғау жолдары Мақамбеттің толғауы деп есептеймін. Дәлелдеп көрейін. Алдымен тарихи толғаудың толық мәтінің берейік:

Жайықтың бойы жайлы қиян,

Еділдің бойы елді қиян.  
Маңғыстаудың бойы малды қиян –  
Адыра қалғыр үш қиян!  
Үш қиянның мына бойынан  
Талай жұрт босып жол салған,  
Көшудің жолын мол салған!  
Түндігін түнде түсіріп,  
Іңірде сүтін пісіріп,  
Жас балаға ішіріп,  
Түні бойы дүрлігіп,  
Теңдеп буып мүлігін,  
Төртке бөліп түлігін,  
Таң ата иесіз жұрт қалған,  
Өреде жайған құрт қалған  
Қаңғыған жалғыз ит қалған.  
Жеті жұрттың кеткен жер,  
Адыра қалсын неткен жер!

Ердің соңы Исатай,  
Ерліктің туын тіккен жер.  
Жауды басқа тепкен жер,  
Мақамбетін ертіп ап  
Жәңгірге шеп құрған жер.  
Жасқұстың арғы тұмсығы  
Қамал етіп тұрған жер,  
Уа, дүние-ай, қапыда  
Санын батыр ұрған жер.  
Ханнан бермен ығысып,  
Шатыр тігіп жатқан жер  
Көпірі жоқ Ақ Жайық,  
Атын жалдап өткен жер.  
Мұз үстінде от жағып  
Ала қыстай кезген жер.  
Жылы төсек, ақ орда  
Жар қойнынан безген жер,  
Қара қазан, сар бала  
Қамы үшін қайғы татқан жер,  
Өкінішке батқан жер,  
Уа-а-а, батқан жер!

Семсерін сермеп айқайлап  
Бір жол жүзін кескен жер.  
Көк сүңгісін оң сілтеп,

Жау кеудесін тескен жер.  
Ақ табан ақ жануар  
Сүрінбес тұяқ бола ма,  
Қапыда орға түскен жер.  
Биден пәтуа таба алмай,  
Ханнан кегін ала алмай.  
Ақ ордасын бұзып шаба алмай,  
Тайманның батыр баласы.  
«Торы ат басы тауында  
Сүйтіп бір  
Міне, уай, сол заман  
Қаза тауып, уай,  
Қалған жер.

Расында, түсіне білген адамға бұл азаттық жолындағы күрестің қысқа тарихнамасы, өткен ұлы жолдың қорытындысы. Тарихи толғауда көтерілістің мақсаты, ерлік рухы, азаттықты аңсаған ел арманы, ел тағдырын өз тағдыры санаған Исатайдың болмысы жан-жақты сипатталған. Алдымен, осы толғауда Мақамбетке тән жауынгерлік стилі бояуы анық байқалып тұр. Мысалы:

Ердің соңы Исатай,  
Ерліктің туын тіккен жер.  
Жауды басқа тепкен жер.

Әсіресе, қару-жараққа қатысты тіркестері: ерліктің туы, семсер, ақ болат, семсерін сермеп, көк сүңгі:

Семсерін сермеп айқайлап  
Бір жол жүзін кескен жер.  
Көк сүңгісін оң сілтеп,  
Жау кеудесін тескен жер.

Міне, барлық жолдарында күреске, тартысқа қатысты етістіктер зат есім сөздермен осылай өрнектелуі, Мақамбет тіліне тән өзіндік ерекшелік екені әдебиеттану ғылымы жан-жақты дәлелдеген аксиома. Келесі, Исатайдың барында, шабытымыз келгенде: «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік» десе, Исатайдан айырылғанан кейін «Қара қазан, сар бала қамы үшін қайғы татқан жер» деп өкініші мен қайғысын жасырмайды. 1974 жылы тарихшы ғалым Исатай Кенжалиев «Арыстан еді Исатай» атты мақаласында ел аузынан біз Мақамбеттің бұрын жарияланбаған, Ақтөбе облысының оңтүстігінде Атай мен Матай деген екі таудың ішінде қашып жүріп айтқан «Уа, күндер-ай» деген толғауын жазып алғанның айтады. Сол толғаудың бір жерінде Мақамбет 1838 жылғы соғысты қысқаша баяндай келіп, мынадай шумақтарды айтқан.


Уа - заман-ай!  
Сай құралдың жоғынан,  
Жауыз жаудың оғынан  
Есіл ер өмір тапсырды-ай,  
Тап қырық бір жасында-ай,  
Қапыда өткен дүние-ай!  
Бір арманым сол болды-  
Асыл тәні ерімнің  
Қалмады-ау баба қасында-ай!

Осы қысқа шумақтардың желісі мен «Уа-заман-ай», «дүние-ай!» сөздеріне қарап Хамза Есенжанов «Ақжайық» трилогиясындағы толғаудың жалғасы екенін, Мақамбеттің жыры екенін дәлелдей түседі.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың «Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат» атты мақаласындағы сөзімен түйіндейін: «Мәңгүрттіктен арылатын уақыт жетті. Бостандық жолында өмірін қиған Исатай бабамыздың бейітін анықтап, басына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың парызы екендігін еске салған артық болмас». Әрине, бүгін менің қолымда Исатай батыр жерленген жер туралы да болжау бар, бірақ ол келесі мақала еңшісінде. Алдымен, Ақбұлақ шайқасы қай жерде болғанын анықтап алып, сан-сала пікір бір арнаға тоғысу қажет. Осы пікірді, тарих майталманы Исатай Кенжалиев 1974 ж. жарияланған «Арыстан еді Исатай» атты мақаласында жазып, тарихшылардың алдында тұрған ең маңызды міндеттерін айқындап кеткен еді: «Ал Исатай бейіті туралы әңгімеге оралсақ, бізге сол бейітпен қатар шайқастың қай жерде басталып, қайда аяқталғаны қажет». Тәуелсіз елдің ұрпағы аманатқа қиянат жасамайтынына мен сенемін!

Анонс:

«Архив-2025» Бағдарлама аясында мақала авторы Н.Тулесов ұсынған «WestАрхив-2025» жобаны жүзеге асыру барысында Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры мен Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Өлкетану» бөлімі қорынан тың деректі іздеу нәтижесі «Ақбұлақ шайқасы: жаңа жорамалдар мен болжамдар» атты ғылыми мақала Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Лев Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті ғылыми-практикалық конференцияларында және Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті тарихшыларының ұйымдастыруымен Ғабдол Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында өткен дөңгелек үстелде талқыланып, ғылыми сараптамадан өтіп тарихшы-ғалымдардың тарапынан қолдау тапты.



*Исатай мен Мақамбет бастаған көтерілісшілердің соңғы шайқасы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданындағы Ақбұлақ өзені мен Торыатбасы тауы аралығында өткен деген болжамды дәлелдейтін карта.*

## **САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР, ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**О.Қ. Сағынбаева** - қор сақтаушы,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы РМҚК

Биыл құрылғанына 20 жыл толған «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының жәдігерлер қоры 1996-2007 жылдары жүргізілген Ә.Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерден

тұрады. Осы уақыт аралығында қала орнына жүргізілген жұмыстар нәтижесінде керамикадан, темірден, сүйектен, ағаштан, шыныдан, теріден жасалған көптеген бұйымдардың үлгілері шықты. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ортағасырлық қала қызған сауда-саттықтың орталығы болғандығымен қатар дамыған қала және дала мәдениетінің, өркениетінің озық үлгісі бола білді.

Сан ғасырлық тарихы бар, «сыры кетсе де сыны кетпеген» сол жәдігерлер қазіргі таңда бізге жеткен құнды ақпарат, ұлттық қазынамыз. Тарихымызға тереңінен үңіліп, сайын даламыздың төрінде атойлатқан бөрі байрақты алып ордалардың асыл мұрасын зерттеп-зерделеу, олардың бүккен сырларын көпшілік қауымға паш ету біздің басты міндетіміз.

Ұлы Жібек жолы Сарайшықта қала мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал етті. Қазбадан табылған керамикаларға назар салсақ, жергілікті қыш бұйымдары өндірісінің туындыларымен бірге керуен жолы арқылы алыс мемлекеттерден әкелінген сан алуан керамикалық бұйымдарды кездестіруге болады.

Сарайшық қазбасынан табылған үлкенді-кішілі құмыралардың ішінде 1909 жылы табылған үлкен хұм ерекшеленеді. Орал казак әскерінің атаманы, генерал Н.Дубасов Ресей Императорлық Археологиялық Қоғамының Шығыс бөлімшесіне осы ыдыстың сипаттамасы мен суретін жолдай отырып, оның Сарайшық бекінісінен табылғандығын, 24 дана сынықтан тұратындығын және ыдыстың бүйірінде араб-парсы тілінде жазылған жазу бар екенін көрсеткен [1].

Қазіргі таңда Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұрған бұл хұмның бүйіріне

«Адам көркі жүз, бұл жүз көркі көз

Ауыз көркі тіл, бұл тіл көркі сөз.

Тағы көркі кісіге білім мен өнер,

Жанын құрбан етер білім үшін ер» деген ХІ ғасырдың философы, ақыны, ағартушысы *Жүсіп Хас Хаджыб Баласағұнның* «Құтадғу білік» дастанынан шумақ жазылған.

Ескі Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде бояулы қыш бұйымдардың көптеген сынықтары табылды. Бедерленген, көк және жасыл бояумен боялып, мөлдір сырмен әрленген әсем ыдыстардың музейде тұрған сынықтарының өзі көздің жауын алады. Белгілі бір кәсіпорынның көптеп шығарып жатқан өнімі емес, әрқайсысына шебердің қолы тиген, дайын әдемі ыдысқа айналғанша қанша тер төгілген теңдесі жоқ әсем бұйымдар Сарайшыққа жан жақтан әкелініп қана қоймай, жергілікті жерде де дайындалған. Сырлы бұйымдарға негіз болған кашин балшығының ақ түсіне түрлі бояуларды қосу арқылы бізге тарих болып жеткен бұйымдар дайындалды. Бояулар Ұлы Жібек жолы керуендерімен Үндістаннан, Ираннан, Еуропадан жеткізілген. Сан ғасырға төтеп беріп, жер астында жүздеген жылдар жатса да өңін бермеген бояулардың қасиеті табиғилығында



болса керек. Себебі, көк бояуды Үндістанда өсетін бұршақтұқымдас индигофера өсімдігінен, қызыл түсті балшықтан алған. Қазба материалдарына назар салсақ, бұл бұйымдар тек бояуымен ерекшеленіп қоймайды, бұйымның маңызды бөлшектері бедерленген. Осы бедерлерді көк, жасыл бояулармен айқындап, ноқаттар салып, жалпылама төсегі болған сұр, қоңыр негізгі түсі шығарылған. Кейбір бұйымдарда құстың бейнесі, арабша жазулар кездеседі. Көптеген бұйымдар алтын түстес сырмен әрленген.



1950 жылы Сарайшықта қазба жұмысын жүргізген Ә.Марғұлан тапқан түбінде самұрық құс бейнеленген ыдыс сынығы әйгілі археолог атамыздың Сарайшықтың болашағынан мол үміт күткен арманының орындалуын ақиқатқа айналдырғандай. Сол аңыздағы самұрықтай өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, Сарайшықтың тарихын зерттегіміз келсе әр жәдігеріне құлақ түрсек болғаны.

Қазба барысында қала дамуының жоғары деңгейде болғандығының дәлелі – суға арналған және жылу пештерінің қыштан жасалған құбырлары табылды. Сол кезеңдегі, яғни XIII-XIV ғасырларда бір тұрғын бөлменің көлемі 5мх6м немесе 6,2мх6,8 м шамасында болған. Бөлме қабырғаларын бойлай шикі кірпіштен жалпақ сәкілер (суфалар) жүргізіліп, олардың үстіне кілемдер төселген. Сәкінің ішімен күйдірген кірпіштерден немесе қыш құбырлардан жылу өткізгіш – каан жасалған. Канның г-пішіндес, п-пішіндес болып келуі үй бөлмелерінің орналасуына қарай жүзеге асқан. Пешке жаққан отынның қызуы кан арқылы бөлмелерді жылытып тұрған. Қазіргі кезде үй жылытуға пайдаланып жүрген «жылы еден» жүйесінен айырмашылығы жоқ.



Ал суға арналған құбырлар қаланы сумен қамтамасыз етуге қолданылған күрделі жүйенің құрамдас бөлігі ғана. Өзен жағасында тұрғанмен егін шаруашылығына, қаланың сумен қажеттілігін өтеуге су шығару үшін түрлі суару жабдықтары қолданылды. Ғасырлар бойына бұл жабдықтар ең қарапайым түрінен күрделі жүйеге дейін дамыды. Оған қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруі де әсер етті. Адам күші жұмсалып келген су тасу біртіндеп жылқы, түйе, есек, өгіз сияқты жануарлардың күшін пайдалану арқылы жүзеге асырылса, өзен жағасына орнатылған «конвейерлік» тәсіл-шығырмен су шығару бұл жүйенің дамуын көрсетті. Шығыр немесе «парсы доңғалағы» суармалы егін үшін таптырмас тәсіл болды. Шығырдың доңғалағы ені 5-7 см, қалыңдығы 2 см тақтайдан жасалған, оның ұзына бойына шығыр шөлмектері байланады. Қазба жұмыстары барысында табылған шығыр құмыралары сопақша келген бүйірі кең, түбі үшкір болып біткен ыдыстар. Шығыр доңғалағының диаметріне қарай ұлы(үлкен) шығыр, кіші шығыр аталған. Үлкен шығырларға 28-30 құмырадан, кіші шығырға 12-16 құмырадан байлаған. Ұлы шығырды атан түйелер, аттар айналдырса, кіші шығырды айналдыруға есектерді пайдаланған. Шығырмен шығарылған су әрі қарай арықтармен немесе құбырлармен керекті жеріне жеткізілген.

Сарайшық музей қорындағы көрермен қызығушылығын туғызатын тағы бір жәдігер –сынапкөзе (сфероконус). Тарихи жазбаларда сынапкөзеге сынап құйып сақтағандығы айтылады. Сынапты адамдар өте ертеден пайдаланған. Сынап табиғи қалпында, яғни тау жыныстарындағы сұйық тамшы күйінде табылған. Гректер мен римдіктер сынапты алтын тазартуға қолданған, ал алхимиктер сынапты барлық металдың басты бөлшегі деп қабылдаған. Музейдегі сынапкөзелер түр-түсі жағынан да әркелкі. Себебі табылған бұйымдардың бәрі бірдей жергілікті жерде жасалмаған, керуенмен басқа елдерден әкелінгендері де бар. Сынапкөзелердің жасалу техникасының да өзіндік ерекшеліктері бар, олар отқа төзімді ұсаққұмды балшықтан су өтпейтіндей тастай тығыз етіп, сапалы қыштан жасалады және температурасы өте жоғары пеште күйдіріледі [2].



Қазақ археологы Е.Ш.Ақымбек «Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер» мақаласында бұл конус тәріздес ыдыстың шығыс жазбалары бойынша «симаб-кузаче»(симаб-сынап, кузача-тар мойынды ыдыс) деп аталғанын, яғни қазақша сынапкөзе болатынын дәйектейді. Сынапкөзенің аузы тар, бүйірі жарты шар тәрізді, түбі сүйір болып жасалынуы оның сұйықтық сақтауға, оның төгілмеуіне, аузын тығындауға ыңғайластырған. Табылған сынапкөзелердің ешқайсысының тығыны болмауы оның ағаштан жасалғандығын дәлелдейді [3].

Музей жәдігерлерінің жиі кездесетіні бала бөлеуге пайдаланған бесіктің түбектері мен шүмектері. Жалпы ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп есептеген. Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың таза жатуына көмектеседі, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына септігін тигізеді. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Айдархан бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысса керек. Елге сыйлы Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Өзі сүрген ғұмырында еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты.

Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар, бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта Мизам бабаның баласы, Айдархан би, алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол, үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады... Бірақ жылдар өте береді... Айдархан би үйленіп, ең тұңғышы туылады. Бірақ

туыла сап, сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Оның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан, қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды. Осылайша, «бесік» қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады.

Төле би бабамыздың заманынан қалған мына әңгіме де бесіктің қасиетін ашқандай: Жоңғарлар шапқыншылығынан тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, көшіп келе жатқанда, екіқабат жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», — дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», — деген екен.[4].

Қазіргі таңда қорында төрт мыңнан астам жәдігері бар Сарайшық музей қорығының аздаған ғана жәдігерлеріне тоқталып, оларды сөйлетуге тырысқанымыз. Қорда тұрған қыш құмыраның, саз балшықтан жасалған әрбір бұйымның айтар сыры бар. Себебі саз балшық жады мықты, тілін тапса сөйлей жөнелетін тірі организм. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген. «Құмыралар сөйлейді. Олардың әрбірі өз дәуірі туралы, сол замандағы адамдардың тіршілігі жөнінде сыр шертеді.

Ғалымдар алғашқы қауымда жасалған, сондай-ақ орта ғасырда және менің қолыммен істелген құмыраны қатар қойып, үшеуін де заманауи дыбыс жазушы құрылғылармен тыңдаған. Сонда алғашқы қауым кезінде жасалған құмырадан үңгірлерде күбірлеп сөйлеген адамдардың үндері есітілген. Ал орта ғасыр құмыраларынан ұрыс даласында қақтығысқан қылыштар мен найзалардың және ұрандап жауға шапқан жауынгерлердің дауысы шыққан. ХХІ ғасырдағы менің туындыларымнан техниканың, зулаған көліктер мен ғарыш кемелерінің дыбысы білінеді», дейді Ерболат Кендебайұлы Қарабалалов, дәстүрлі құмырашы[5].

Саз балшықтың қасиеті мұнымен ғана шектелмейді. Ол сан мыңдаған жылдар сыр-сипаты мен сымбатын сол қалпында сақтаумен бірге, отқа да өте төзімді. Мәселен, қас-қағымда сан мың шақырым қашықтыққа заулайтын зымырандар моторы саз балшық керамикасынан құйылатынын біреу білсе, біреу білмес. Себебі, мыңдаған градус ыстық шығаратын ғарыш кемесінің моторында жанған отқа ешқандай темір заты төтеп бере алмай, балқып кететін көрінеді. Ал, керамика, керісінше оттың қызуы күшейген сайын қатая түсетіні мәлім.

Ендеше, көне қаланың қазбасынан шыққан әрбір қыш құмыраның сынығын өткен тарихымызды келешекке жеткізетін ақпараттық жады деп қарағанымыз абзал.

## Әдебиеттер тізімі

1. Кипиев М. жеке қорынан. «Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшине из Сарайчика» А.Самойлович. СПб. 11 октябрь 1911 г
2. Пацевич Г.И. Раскопки на территории древ. г. Тараз в 1940 г. //Труды ИИАЭ. Том1.Археология. -Алма-Ата,1956. -С-70-80.
3. Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер//ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары.Қоғамдық ғылымдар сериясы. -2011.-№3(282).-мамырмаусым. -53-56 б.
4. Ғалымқызы К. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының әдіскері // Ана тілі. -2017. - 27 наурыз
5. Ермұратов Н.«Саздың саналуан сыры» // Егемен Қазақстан. 21 наурыз 2015.

## МЕКТЕПТЕГІ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

**А.Г. Беккалиева** - тарих пәні мұғалімі,  
Ф.Энгельс атындағы жалпы орта мектеп  
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

«Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс» деген болатын [1, 4 б].

Оқушыларда туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында тарих пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс және өлкетану жұмыстарын мұғалімдердің басшылығымен жоғары сынып оқушылары жүргізеді.

Туған өлке материалы оқушыларды туған жеріне, өлкесіне деген қызығушылықтарын арттыру үшін қажет.

Мектептегі өлкетану жұмыстары оқу – тәрбие жұмысының жоспарымен бірлесе отырып құрылған жоспарға сай жүргізіледі. Сафон ауылының тарихын оқып білуде мына бағыттарда ізденіс жұмыстарын жүргізіп отырмыз:

1. Азамат соғысы жылдарындағы тарих беттері.
2. Ұжымдастыру кезеңі.
3. 1941 – 1945жж. сафондықтардың Ұлы Отан Соғысына қатысуы.
4. Қасиетті жандар, киелі жерлер.
5. Топонимдер – өткен заманның куәгерлері.

6. Құрманғазы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме тарихы.

7. Ф.Энгельс атындағы жалпы орта мектебінің тарихы.

Тарихи өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда тарихи оқиғаларға қатысушылардың естеліктері, өлке тарихын баяндайтын баспасөз материалдары, кездескен куәгерлердің естеліктері, өлкетану музейлеріне экскурсия жасағанда жинақталған материалдар басшылыққа алынады.

Сафон ауылы табиғаты әсем, әйгілі ақын Әбу Сәрсенбаев жырға қосқан Қиғаш өзенінің бойында орналасқан. Ауылдың негізгі шаруашылығы балық кәсіпшілігі. Сондықтанда оқушылар үшін өлкемізде балық кәсіпшілігінің өсіп- өркендеу жолдары туралы мәліметтер өте қызықты. Балық аулайтын құралдардың атаулары, жасалу жолдары болашақ үшін қажетті дүниелер. Сафон тарихын оқып білуде ең құнды дереккөздері ХХғ 60 жылдарының екінші жартысында мектебімізде тарих пәнінен ұстаздық еткен «Дала академигі» атанған, белгілі өлкетанушы Мақсот Жолжановтың зерттеулері. Мақсот Жолжановтың тұлғасын оқып – үйрену мақсатында «Жолжановтану» оқуларын ұйымдастырдым.

Оқушылар ғалымның «Тарихы бай село», «Село тарихын зерттеу» мақалаларын оқып, зерделеді [3, 27,29 б.].

Ізденіс нәтижеінде Қиғаш бойын мекен еткен көрші Утера ауылы жайлы жазған «Исторический очерк о селе Утеры и о колхозе» «Кзыл – Тан» (с некоторыми сведениями о крае с XVIII века 1858 – 1970гг) деп аталатын қолжазбасының көшірмесін таптық. Ғалымның бұл еңбегі орыс тілінде 1970 жылдың ақпан айында жазылған екен. 91 беттен тұрады. Еңбек ардагері Қабиев Рапих атамиздың айтуынша бұл еңбек сол кездегі «Қызыл – Таң» колхозының басқарма төрағасы Философ Лазаревич Котельниковтың арнайы тапсырмасымен, Астрахань архив материалдарын пайдалана отырып жазылған еңбек екен. Бұл еңбектің құндылығы сол, осы Қиғаш бойы жағалай орналасқан балық колхоздарының тарихынан мол мәліметтер береді.

Нақты нәтижеге бағытталған жұмыстарымыз бұл Ұлы Отан Соғысының 75 жылдық мерекесіне орай жүргізілген жұмыстарды айта аламын.

«Туған тарихын тану» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімдері Хайруллина Армангүл, Жупарғалиева Айнагүлдің жетекшелігімен «Еріктілер» тобы құрылып, Ұлы Отан Соғысына қатысқан ардагерлер жайында көптеген мәліметтер жинақталды. Қазіргі Қашықтан оқыту жайында «Ешкімде, ешқашанда ұмытылмайды» атты өнеге сағаты өткізілді. Өнеге сағатында «Ардагерлер өскелең ұрпақ жадында» атты соғыс ардагерлерінің фотосуреттер шеруі ұсынылды. «Естелік» тобының мүшелері соғыс ардагерлері ұрпақтарымен онлайн сұхбат өткізді. Сұхбатқа Шамар Камзаевтің ұлы Сабыр ағамыз, Башай Сейтековтің қызы Мақпал апай қатысып майдангерлер өмірінен әсерлі мағлұматтарға қанықты. «Біз батырдың ұрпағымыз» майдангерлердің немерелері жасаған естелік

бейнероликтері, «Желбіре, жеңіс жалауы!» ерлік сабақтарының тарихи тағылымдары мол шаралар болды.

Ізденіс жұмысының барысында Сафон ауылынан соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен Баянов Ибрай Саламатович (1924 – 1943ж) жайлы дерек таптық. Баянов Ибрай Саламатович Ресейдің Белгород облысы, Прохоров ауданы, Карташевка селосының бауырластар зиратында жерленгенін әлеуметтік желі арқылы таптық. Ағайын-туыстарымен байланыс орната отырып Астрахань облысы, Краснояр ауданында тұратын ағасының қызы Салимова Куляштан майдангердің суретін алдық. «Естелік» тобының жұмысы тағы да бір тың мәліметпен толықты.

Ауылымыздың жер – су атаулары Сафон, Затон, Жаңа ауыл, Үлкен Сафон, Кіші Сафон, Қиғаш, Дамбы, Мальцев, Новинск, Кәмшәт. Құтыми өзегі суы балыққа толы құтты мекен. Суында құты балығы кездеседі. Жергілікті халық құты балығының атауымен осы жерді «Құтыми» деп атап кеткен болуы керек. «Булгачи», қазақтар «Білгәши» атап кеткен жерде кезінде үлкен елді мекен болған. Балық сақтайтын пункт болған. Бұл күнде елді мекен көшіп кеткен, шағын аралға айналған. Бұл жерде Дамбыға қарай үш бағытта бұлғақтап ағып жатқан су арнасы бар. Осы «бұлғақтап» деген сөзден жер атауы шыққан болуы керек. Белгілі өлкетанушы Өтепберген Әлімгереев ағамызбенде өлке тарихы жайында пікірлесіп отырамын. Өзек – түркі тілді «өзен», «өзінше». Қ.қалп. «өзен», «сала», «жазықтағы ағын» тув. «ө» «зен тарамы», «сай», қаз. «созылып жатқан өзекше», тат. «өзен саласы». [3,43б].

Болашақтағы мақсатымыз осындай жұмыстарымыздың нәтижелерін жинақтап мектебімізде өлкетану мұражайын ұйымдастыру.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры. 21.11.2018ж.
2. Жолжанов М. Дала академигі. А., 2019
3. Жанұзақ Т. Жер – су атаулары. А., 2011

## СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

### ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ РЕКИ ЖАЙЫК

**Г.Б. Арибаева**- учитель истории,  
Общеобразовательная средняя школа №9,  
Жылыойский район, г. Кульсары

*Урал, река моя родная,  
Прекрасной родины моей!  
Течешь ты быстро, дорогая,  
Среди полей, среди степей.*

Каждый человек любит то место, где он родился и живёт. Это место и есть его родной край. Отсюда, от порога родного дома, начинается любовь к своей Родине. Знать свой край – его природу, проблемы, историю – не менее важно, чем знать историю своего государства. Понимание уникальности, неповторимости своего края заставляет бережно относиться к своей Малой Родине. Человек с давних времен оказывает влияние на окружающую среду. В результате разносторонней многовековой деятельности он наложил глубокие следы на экологию. Человек истощает невозобновимые природные ресурсы и ставит под угрозу продукцию тех элементов, которые можно было бы возобновить. Он меняет среду природы, от которой зависит его физическое и умственное существование, как биологического и социального феномена. Загрязнение окружающей среды приобретает все более острый, тревожный характер. Сегодня я хочу затронуть одну из экологических проблем, которые касается моего родного края, а именно экологию реки Жайык. В переводе с тюркского языка "Жайык" означает "широкая разливающаяся река", что подчеркивает равнинный характер ее бассейна. Река была переименована в 1775 по указу Екатерины Второй, после подавления Крестьянской войны под предводительством Пугачёва, в которой

активное принимали участие яицкие казаки. Река Жайык является бассейном Каспийского моря, берет начало в Уральских горах, пересекает Западный Казахстан с севера на юг и впадает в Каспийское море. Общая длина Жайыка 2428 км.в пределах республики - 1082 км. Протекая по Прикаспийской низменности, река приобретает равнинный характер, образуя широкую долину. Берега реки обрывисты, сложены песком и глиной. При впадении в Каспийское море Жайык делится на две ветви. В основном река питается талой водой и весной разливается. Среднегодовой расход воды 400 м<sup>3</sup>/с (в районе села Кушум), 80% его приходится на весну. Уровень воды в среднем и нижнем течении поднимается до 9-10 м.

Притоки реки Жайык в области:

Жем-вторая по величине река в Атырауской области. Он начинается с северо-востока горы Мугаджар. Длина 650 кв. м, среднегодовой расход воды около 90 куб. м / сек. На землях головок заливаются несколько крупных



отраслей: Атжаксы, Жайынды, Аулие, Кумжарган, горизонтальный, Чан-Сай, вертикальный, Железный. Все эти реки берут начало от родников на западном склоне Мугаджара. Река в основном питается талыми водами. Весной, не помешивая в русле, уровень поднимается до 3-4 метров. Приток реки длится 1-1,5 месяцев. В середине лета останавливается приток, не дойдя к Каспийскому морю, погибает в рыхлую почву. Весной речная вода используется для обводнения посевов и сенокосов.

Река Уил начинается на высоте 25 метров над уровнем моря в предгорьях Урала. Длина 682 кв. м. Река в одно время добывала реку Урал и образовала левый приток. На сегодняшний день, по причине чрезмерного использования в хозяйствах, река, не добытая устья, погибает в пески полувыведения.

Река Сагиз начинается с предгорья Урала. Река находится на 190 метров выше уровня моря. Длина 480 квадратных. Среднегодовой расход воды 32 кубических метров в секунду. Имеет более десяти областей длиной более 25 квадратных метров. В прикаспийскую впадину засыпают в сосуд Тентексора, впитывают в слой густую соль и уничтожают.

Река Кайнар-начинается с малых хребтов на высоте 110 метров над уровнем моря на северо-западном склоне у Устюрта Эмба и Мугаджара, и в начале апреля проглотился и проглотился в рыхлые породы в западном предгорье Иманкара. Реки сагыз, Кайнар используются только для водопоя скота.

Правая линия Жайык-это реки Баксай, Куйозек, Багырлайсай, Аксай местного значения. По водному режиму аналогично вышеупомянутым рекам. Река богата представителями рыбной фауны такими как осетр; белуга и севрюга; белорыбица.вобла; судак; лещ; сазан, плотва и густера; щука и лещ; елец и карась; кутум и синец; язь и сазан; голавль и голец; жерех и сом; красноперка и налим; подуст и судак; усач и окунь; пескарь и бычек; ерш и форель. Главные притоки Жайыка - Сакмара. Шаган, Елек, Ор. А другие притоки - Оленты, Булдырты, Калдыгайты, Ойыл, Сагыз - пересыхают, не доходя до Жайыка. В пределах своего бассейна река и ее притоки являются основным источником воды всех отраслей экономики. Основными водопотребителями водных ресурсов р.Жайык (Урал) являются промышленность, коммунальное хозяйство, орошаемое земледелие. К числу водопользователей можно отнести речной транспорт, рыбное хозяйство, а также организации, занимающиеся обводнением пастбищ.

Начиная с 70-х годов прошлого столетия, объем стока воды в р.Жайык (Урал) постепенно уменьшается, что поставило под угрозу возможность сохранения экосистемы в русловой и пойменной частях реки, так же повлияло на судьбу более чем миллионного населения двух областей Урало-Каспийского бассейна. Неразрывно связана с состоянием экосистемы реки Урал проблема сохранения пойменных лесов. На состоянии лесных пород отрицательно сказывается нерегулярное поступление воды даже во время

паводков. Наша Атырауская область не имеет альтернативных источников водообеспечения т.е находится в прямой зависимости от использования стока реки Урал в сопредельных областях Российской Федерации. Нарушение водного баланса неизбежно ведет к опустыниванию целого региона. Загрязнение водной системы происходит разными путями. Это непосредственно связано с хозяйственной деятельностью человека. К современным загрязнителям водной среды относятся биологические, химические и физические. Экологическое состояние вод в нашей стране оценивает предприятие «Казгидромет». Река Жайык относится к водным объектам умеренного уровня загрязнения. В казахстанской части бассейна река Жайык (Урал) и ее притоки являются основной водной артерией для Атырауской, Актюбинской и Западно-Казахстанской областей. Река играет особо важную роль для засушливых регионов Атырауской области, поскольку 70% потребляемой населением воды обеспечивается из реки, а остальные 30% – за счет водных ресурсов протоки Кигач (дельта Волги) и подземных источников. Иных значимых источников пресной воды в этом регионе Казахстана нет. Река мелеет на глазах у сотен тысяч людей, и если не принять незамедлительных мер, то р.Жайык (Урал) может повторить судьбу Эмбы (р. Жем), которая уже многие годы не доносит свои воды до Каспийского моря[1,2,7].

Неблагоприятные изменения гидрологического режима и другие факторы отрицательно сказались на воспроизводстве рыбных запасов. Раньше в реке Урал обитало 33 % мировых запасов осетровых и здесь производилось до 40% черной икры. По мнению многих ученых и специалистов, главным показателем функционирования реки является состояние осетровых пород рыб, основные естественные места нерестилищ которых в бассейне Каспийского моря расположены именно в русле р.Жайык (Урал). Между тем, в настоящее время в загрязненной и обмелевшей воде реки нет былых условий обитаний и воспроизводства рыб. Они не могут достичь естественных нерестилищ и зимовок. По некоторым данным численность осетровых на реке Урал сократилось в 30 раз.

Одной из причин загрязнения реки Жайык является развитие нефтегазового промысла в Западно-Казахстанской и Атырауской областях. Она также вносит негативное воздействие на экологическую обстановку вокруг реки. Промышленные предприятия загрязняют воду соединениями тяжелых металлов и хлорорганическими пестицидами, а люди – мусором и отходами жизнедеятельности. Все это является мощным антропогенным фактором, влияющим на состояние экосистемы бассейна реки. В результате интенсивного использования водных ресурсов без учета потребностей окружающей среды происходит снижение водности реки, заиление русла и разрушение береговой линии этой трансграничной водной артерии, гибнет заповедный пойменный лес и пойменная растительность, соответственно

сокращается биоразнообразие, скудеют рыбные запасы, на грани исчезновения поголовье осетровых, флора и фауна[5,6,9].

Химические загрязнения воздуха и воды, истощение почвенных ресурсов, заражение продуктов питания и питательной среды в совокупности с глобальным изменением климата оказывают негативное влияние на всю живую природу, включая человека. Все эти экологические факторы играют немаловажную роль в загрязнение воды и напрямую влияют на здоровье населения в целом и каждого человека в частности, хотя оно формируется и поддерживается целой совокупностью факторов: экономических, психологических, социально-культурных, генетических, медико-инфраструктурных и эколого-климатических. Все тревожней становится за нашу реку Ак Жайык – рыба гибнет, исчезает, заливается и мелеет русло.

Поскольку река Жайык является единственной незарегулированной в среднем и нижнем течении рекой Каспийского бассейна, то она определяет ее огромную рыбохозяйственную роль в регионе, позволяет сохранить полноценную структуру популяции осетровых, мигрирующих в реку, поддержать генетический гомеостаз в популяции и предотвратить обеднение генофонда популяции. На территорию нашей страны Жайык приходит уже имея средний годовой расход равным 272 м<sup>3</sup>/с. Длина реки Жайык в пределах Казахстана 1049 км, общее падение реки – 80 м, наибольший по длине реки средний годовой расход воды составляет 317 м<sup>3</sup>/с. Общий сток в море в среднем за многолетний период (1990-2002 годы) составили 9,3 км<sup>3</sup> воды в год. В пересчете на 1 км<sup>3</sup> воды р. Жайык - рыбопродуктивность этой реки составляет от 1,0 до 8,0 тысяч тонн ценных промысловых рыб, что во много раз превосходит по этому показателю все реки не только в СНГ, но и во всем мире. Основное загрязнение Каспия речными стоками со стороны Казахстана происходит именно по реке Жайык. Анализ качества воды Каспийского моря в различных секторах (Северная часть и акватория в районе Атырауской области) показывает, что уровень загрязнения практически не отличаются. Поэтому, уровень загрязнения воды по северной части моря можно принимать на одном уровне. Уже на ближайшую перспективу, загрязнение воды Каспийского моря может увеличиться почти в 5 раз по сравнению с сегодняшним уровнем загрязнения. Итак, какие последствия могут быть, если не принять срочные меры по устранению вышесказанных факторов? [8, с.10].

1.Изменение гидрологического режима стока реки, вследствие чего годовой дефицит воды на сегодняшний день составляет 4,7 куб.м. Происходит заиление русла и разрушение береговой линии этой трансграничной водной артерии, по сути являющейся уникальным природным объектом Российской Федерации и Республики Казахстан. Деградирует пойменная растительность, сокращается биоразнообразие, скудеют рыбные запасы, на грани исчезновения поголовье осетровых.

2. Отрицательно влияют на экологические изменения в бассейне реки антропогенные условия – это зарегулирование стока верхнего течения Урала и его притоков, распашка целинных и залежных земель, вырубка пойменных и водораздельных лесов, истощение водно-биологических ресурсов, хозяйственная деятельность предприятий черной и цветной металлургии. Промышленное водоотведение – опаснейший источник загрязнения природы. Сюда относятся газопромышленные и нефтеперерабатывающие комплексы, дающие скопление трубопроводных коммуникаций в долине Урала, и др.

3. Непоправимый ущерб бассейну реки наносят бессистемно сооруженные во всех малых реках 3100 земляных плотин. Помимо этого на всем течении Урала установлены 4 крупных водохранилища, 80 гидроузлов с капитальными сооружениями. Вода реки загрязнена отходами, этосоединение тяжелых металлов, хлорорганические пестициды. Вода изменяет химический состав, в ней увеличиваются меловые, известняковые, солевые наносы. Вследствие чего осложняется очистка водозаборных сооружений.

4. Напряженность экологической обстановки в бассейне связана и с человеческим фактором, крайне низкой экологической культурой населения, проживающего вдоль берегов реки двух соседних республик. Река Урал и его притоки, к сожалению, становятся удобными сточными канавами. Захламленность реки мусором, отходами жизнедеятельности является мощным антропогенным фактором, влияющим на состояние экосистемы реки.

Нехватка воды вынуждает Казахстан ставить перед Российским правительством вопрос о согласовании водохозяйственного баланса. Практическое решение этих проблем состоит в принятии двухстороннего межгосударственного соглашения о трансграничных реках, с последующей ратификацией его парламентами двух стран. На основе этого заключения, необходимо выработать единую комплексную межрегиональную программу природоохранных мероприятий на долговременный период, ориентированную на достижение конкретных целей для бассейнов рек в соответствии с рекомендациями Международной Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер. По инициативе нашей страны межграницные совещания по проблемам Урала собирались 14 раз. Казахстан сам серьезно финансирует мероприятия, нацеленные на повышение водности Жайыка. Полноводная река раньше сама очищала свое русло силой течения. А также в области углубляют реку Жайык. За последние 40 лет катастрофически снизился уровень воды и произошло загрязнение. Только на дноочистительные работы из республиканского бюджета выделяется один миллиард четыреста миллионов тенге. Но все эти усилия окажутся напрасными, если подобные мероприятия не будут проводиться нашими российскими соседями.

Основными путями решения проблем являются:

- снижение количества бытовых и производственных отходов – основным загрязнителем окружающей среды всё также остается пластик, наиболее действенное решение – постепенно переходить на бумагу;
- очищение сточных вод – для улучшения обостренной ситуации с водами достаточно установить соответствующие очистные сооружения;
- использование чистых источников энергии – в идеале применение природного газа, использование энергии солнца и ветра. Во-первых, это позволит очистить атмосферу, во-вторых – отказаться от атомной энергии, как следствие, от механизмов, для работы которых используется уголь и нефтепродукты.

Для улучшения экологического состояния реки Жайык акиматом района проводится большая работа на республиканском уровне, проводятся исследования, налажены связи с акиматом города Актобе и предусмотрены пути открытия каналов. До сих пор вода в реке Жайык имела низкий уровень, но в результате проведенной работы акимата области, можно сказать, что нынешнее состояние Урала находится на хорошем уровне. Почему я выбрала именно эту тему? Причиной послужило то, что наша река Жайык является святым, наши предки сражались за нее, она была и остается по сей день кормилицей своего народа. Ею удивлялись, про нее слагали песни. Например, Аристотель в свое время удивлялся, увидев темное масло, которое само по себе выходит из этой реки. Это река, которая досталась нам от наших предков, в будущем земля наших детей.

А с нашей стороны мы внесем вклад в улучшение состояния реки:

1. – соблюдать чистоту берегов поймы. На реке разбросаны пустые бутылки, одна существующая сумка, пищевая баночка. Каждый человек уделяет внимание этому вопросу, в частности, семьи с жилыми домами на берегу Урал, отдыхающие.
2. - активное участие населения, в том числе учащихся школ в таких акциях, как «мое именное дерево». Потому что не только внутри села, но и на берегах рек сохранит от скопления песка. Это работа, которую мы можем выполнить в улучшении речных условий.
3. совместно с областной, городской, районной рыбоохранной инспекцией проводить работы по улучшению экологической обстановки реки.
4. учет воды должен быть получен правильно. Так, например, в Кодексе об водном транспорте, который нельзя использовать питьевую воду для производства, Административный кодекс не предусматривает штраф на него.

**Список литературы:**

1. Алферов И.Н., Яковенко Н.В. Водопользование в бассейне реки Урал: современное состояние и геоэкологические проблемы // Бюллетень Оренбургского научного центра УрО РАН. 2015. № 2. С.1
2. Атлас Атырауской области / Главный редактор, д.г.н., проф. Медеу А.Р. Алматы, 2014. 301 с.
3. Атлас природных и техногенных опасностей и рисков чрезвычайных ситуаций в Республике Казахстан. – Алматы, 2010. – 264 с.
4. Ахметов С.К. Влияние колебаний фоновое уровня моря на гидролого-морфологические процессы в устьевых областях рек (на примере устьевой области р.Урал) // Автореф. дис. Канд. географ.наук. Москва, 1989. – 19с.
- 5.Ахметов Е. Ахметов К. учебник географии.  
Увалиев Б. «учебные пособия» географии 5-9 кл  
Исследовательские работы проделанные  
организацией ОЦДЮТиЭ Фомина В.П., 2011г
6. Каспийское море. Палеогеография и геоморфология Каспийского региона в плейстоцене.- М.:Наука,1991.- 156 с.
7. Каспийское море / Под ред. А.Д. Добровольского, А.Н. Косарева, О.Е. Леонтьева.- М.: МГУ, 1969.- 263 с.
8. Магрицкий Д.В., Кенжебаева А.Ж. Закономерности, характеристики и причины изменчивости годового и сезонного стока воды рек в бассейне р. Урал // Наука. Техника. Технология (политехнический вестник). 2017. №3. С.39-61.
9. Интернет-ресурс РГП «Казгидромет» Министерства энергетики Республики Казахстан <https://kazhydromet.kz/ru/>.
- 10.Энциклопедия Атырауской области.

## **ПРОРВА ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРІ ТАРИХЫНАН (1932-1950 ЖЖ.)**

**Ұ.Т. Ахметова** - т.ғ.д., доцент,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері  
**Ә.Қ. Мұқтар** - т.ғ.д., профессор,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы» РМҚК директоры

Кеңес Одағының саяси қылмыстарының бірі мыңдаған адамдардың еңбекпен түзету лагерлеріне қамалуы болып табылады. Қазақстанда олар Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг), Гурьев облысына қарасты Провлаг еңбекпен түзету лагері (Провлаг), Ақтөбе облысына қарасты Кемпірсай еңбекпен түзету лагері (Кемпірсайлаг), 1943 жылы 9 қыркүйектегі Гурьевтегі Гурьев-Куйбышев мұнай құбырын салу үшін ашылған Гурьев еңбекпен түзету лагері (Гурлаг) (ол 1943 жылы 11 наурызды жабылды),

Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты (Степлаг), Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері (Алжир) және Лагерьлердің бас басқармасының (Гулаг) т.б. лагерлер тарихымен көрініс табады. Лагерлер елдегі репрессиялау және түзету функцияларынан басқа, тұтқындардың еңбегінің арқасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту аймағы болды. Еңбекпен түзету лагеріне қамалғандар өздерінің әлеуметтік жағдайына және жасаған қылмысына қарай 3 категорияға бөлінген. Олар: біріншіден, революцияға қарсы қылмысы үшін емес алғаш рет үш жылдан бес жыл аралығында сотталған, сотталғанша сайлау құқықтарын иеленген еңбеккерлер (жұмысшылар, шаруалар, қызметкерлер); Екіншіден, осы бағыттағы топтар, тек бес жылдан жоғары үкімге кесілгендер; Үшіншіден, революцияға қарсы қылмыс жасаған тұлғалар және еңбек етпеген элементтер. Үшінші категорияға жататындар лагерлерде әкімшілік-шаруашылық лауазымдарға ие бола алмады. Лагерлерде режимнің үш түрі болды. Олар бастапқы, жеңілдетілген, арнайы жеңілдіктері барлар.

Жалпы алып КСРО тарихында еңбекпен түзету лагерлерін құру бастамасы 1929 жылы салынады. Зерттеуші С.Д. Дильмановтың анықтауынша КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің 1929 жылғы 11 шілдедегі қаулысы бойынша КСРО-ның шет аймақтарын және елдің табиғи байлықтарын игеру мақсатында ұсталғандардың еңбегін пайдалану шешімі қабылданды. Содан 1930 жылы Қазақстан территориясында Қазақстан еңбекпен түзету лагері (Казлаг) құрылады. Лагерде ұсталғандар Түркісіб үшін ағаш, кірпіш тастар дайындаумен шұғылданады. Кейін Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерлері басқармасы Қарағанды көмір бассейінін игеруге назар аударады. Осылайша 1931 жылы 17 қыркүйекте ОГПУ-дың №527/285 бұйрығы бойынша Гигант совхозы орнында еңбекпен түзету лагері (Қарағанды лагері) құрылады.

Міне осыдан кейін КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы 1932 жылдың 5 қыркүйекте №858/с бұйрығымен Каспий теңізіндегі Прорва аралында Прорва еңбекпен түзету лагерін құру туралы шешімін қабылдайды [1, с.67-69]. Провлаг Кеңестер Одағындағы 14 лагер болатын [2, с.32].

Прорва еңбекпен түзету лагерінің басқармасы және бөлімшелерінің көпшілігі бастапқыда Гурьев территориясында болғанымен, Төменгі Еділ Біріккен мемлекеттік саяси басқармасына, КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы - Ішкі Істер Халық комиссариатына, Астрахань Ішкі Істер Халық комиссариаты басқармасына бағынышты болады. Еңбекпен түзету лагерінің бір бөлімі басқармадан 800 шақырым жерде Арал теңізінде де орналасқан. Лагерь Астрахань қаласы арқылы қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп отырған [3].

Тұтқындардың контингенті көбінесе Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы аудандарда және Жайық пен Еділ өзендерінің төменгі ағысында балық аулау үшін, ал бір бөлігі лагерьдің жеке қажеттіліктері үшін азаматтық құрылыста пайдаланылады.

Провлагерде есепке алынған контингенттер санына назар аударсақ 1932 жылы желтоқсанда 2000, 1934 жылы 1 қаңтарда - 7780, 1935 жылы қаңтарда - 10 342, 1936 жылы қаңтарда - 10 345, 1937 жылы қаңтарда - 7717, 1938 жылы қаңтарда - 6953, 1938 жылы 1 желтоқсанда — 5328, 1939 жылы - 4877, 1940 жылы - 5044 тұтқын болғанын байқаймыз. 1938 жылғы 1 қазандағы еңбек лагерінде ұсталған 5328 тұтқынның ішінде, 774 адам революцияға қарсы қылмыстары үшін (РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы 1926 ж. өзгертілген), 362 адам қоғамға қауіпті және қоғамға зиянды элемент ретінде сотталған [4].

1934 жылы 1 маусымда Провлаг бөлімшелері ретінде Прорва, Астрахан, Бурунчук, совхоз, жинақталған рота, Бірінші мамыр совхозы, №1, 2, 3 Шаланд, ВОХР және жол көрсетіледі. Оларда 9347 ер, 843 әйел адам тіркелген. Соның ішінде Прорвада 2974 ер, 187 әйел адамдар, Астраханда 2229 ер, 214 әйел адамдар есепке алынған [5, 15 п.].

1935 жылдың 23 қаңтарындағы Лагерьлердің бас басқармасының басшысы М. Берман өз есебінде Прорва лагерінде 10583 адам болғанын анықтап жазады [6]. Осы жылдары Гурьевтегі тұтқындарды әкелу және әкету Астрахань теңіз жолы арқылы еңбекпен түзету лагерінің пароходтары арқылы жүргізілген. Лагерде сотталған саяси қылмыскерлер жалпы контингенттің 10-15%-ын құраған.

Лагерде үш жағалау және төрт жүзбелі балық зауыты, сонымен қатар, барлауға, балық аулауға, тасымалдауға, балықты өңдеуге және өздігінен жүретін флотқа қызмет көрсетуге арналған 500 кеме жинағы тіркелген. Ал еңбекпен түзету лагерінің басқармасында балық аулау және қызмет көрсету флотын құрылыс және жөндеу жұмыстары үшін екі кеме жасау мен жөндеу зауыты болды.

30-шы жылдары Провлаг қауіпсіздік жүйесін қалыптастыра алмаған. Лагер елден қашық теңіз жағалауында болғанымен көптеген тұтқындардың жалғыз немесе топтасып қашып отырғаны байқалады. Тұтқындарды айналада темір жолдардың болмауы да тоқтата алмаған. Оның үсіне оларды іздестіру де көп жағдайда нәтиже бермегендей. Астрахан архиві деректері бойынша 1934 жылы ұстаудан П.А. Беспалов, А.И. Деряби, С.Құспанов, 6 маусымда Прорвадан А.В. Тушканов босатылса, Қ. Қамзаев, Ж. Кукаев, Азан Куванов, Муташ Куванов, Қ.Назартовтар, 7 маусымда тағы да 20 адам қашқан. Кейін Сатен Хамзин, Қожақбай Кокшиев 6 адам болып, 20 маусымда Буран Беркалиев, №1 Шаландтан Жапай Иргалиев, №1 Шаландтан Т.Искалиев қашып шығады [5, 7-10 п.]. Неге екені белгісіз олардың барлығы қамаудан босағандар тізіміне енгізілген. Мәселен, 1936 жылы Мұрат Аспеновтың жеке ісінде «1909 жылғы, Жылқоса ауданынан, 1936 жылы 13 қаңтарда 5 жылға сотталған. Босайтын уақыты 1941 жыл 13 қаңтар. 162 статья», «Боштан Тілепов, 1896 жылғы, Гурьев ауданы, 10 жылға сотталған. 24 маусымда қайтыс болды» делінген [7, 1-10 п.]



1940 жылдың 17 сәуірінде Прорва лагері Астрахань еңбекпен түзету лагері болып өзгертіліп, түрме басқармасы дәл осы соғыс басталар шақта Астраханға ауыстырылған. Оның себебін тарихшы С.Д. Дильманов Прорва аралындағы лагердің өндірістік қызметінің тоқтауына байланысты деп есептейді [1, с.69]. Лагердің жабылып Астараханға көшірілуіне байланысты қызықты мәліметті Атыраулық өлкетанушы А.Кораблев ұсынады. Ол лагерде ұсталған В.П. Корельскийдің «Годы неволи» еңбегінен қызықты мәлімет келтіреді. В.П. Корельский еңбегінде: «Меня повезли в местную тюрьму. О том, что это может быть лагерь смерти —ПрорваЛаг, старались не думать. Я стал готовиться к худшему: ходили слухи, что из Прорвы живыми невыходят. Но тут оказалось, что к моему прибытию этот лагерь прекратил свое существование. Весь контингент (говорили — семь тысяч бедолаг!) вымер от голода и какой-то эпидемии. Лагерь смерти захлебнулся собственной смертью...» деп жазылған екен [8]. Бұл ақпарат толық тексеруді қажет етеді.

Кейін Сталинград майданындағы шайқас қызған шақта, 1942 жылы 17 тамызда НКВД бұйрығымен түрме басқармасы Гурьев қаласына кері ауыстырылады. Гурьев қаласында АстраханЛагтың үш бөлімшеден тұратын №1 лагерьлік бөлімі орналасқан [9].

1942 жылы лагердің Гурьевке көшірілуі белгілі дәрежеде қиындықтар туғызған. Мәселен флоттың көпшілігі қыста Гурьевте тұрақтаса, оның материалдық-техникалық базасы – ағаштар, түрлі құрылыс материалдары т.б. Астраханда қалды [10, 157 іс]. Осы жылы Лагер Баку—Гурьев—Кандыағаш мұнай құбырын салуға жұмысшылар да дайындауға кіріседі.

Өлкетанушы В. Горбунов пікірінше, Гурьевке көшірілген АстраханЛаг бүгінгі Атырау қаласындағы медколледж территориясында орналасқандай. Сол жылдардағы құжаттарда лагер адресі ретінде «Гурьев, п/я 249», ОШ-1-1 және ОЛПа №1 көрсетілген. Ол турасында В. Горбунов Атырау медколледж сайтында орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Паличеваның: «училище «АстраханЛагтың» 2 ғимаратында тұрақтады. Осында жұпыны оқу орны Авангардта орналасты. Авангард шынында, Гулагтың орны еді. Кейін жаппай ақталу кезеңінде барак үйлер бұзылды» деген пікірін еске алады [11]. Олай болса лагерь басқармасы төмендегі фотодағы ғимаратта орналасқандай.



1943 жылы соғыстағы жағдай реттелген тұста наурыз айында лагер басқармасы қайтадан Астраханға көшіріледі.

1944 жылы АстраханЛаг балық аулау, оны өңдеумен айналысуды жалғастырады. Лагерде 1944 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша 3062 адам ұсталған. Лагерде 3 бөлімше болған. Олар: 1-сі Гурьев қаласында, 2-сі Астрахан қаласынан 8 км жердегі Астрахан бөлімшесі, 3-шісі Астрахан қаласынан 80 км жердегі Мумра поселкесінде. Осы тұста негізгі өндіріс орны Мумра болып есептелетін. Өйткені 1943 жылы ол балық аулауды 46 600 центнерге жеткізсе, Гурьев 12 400 центнер орындаған. Гурьев бөлімшесі негізінен балықты өңдеу және дайын өнімді жіберумен айналысқан [10, 157 іс].

1945 жылы қазан айында АстраханЛагта 3 бөлімше жұмысын жалғастырған. №1 бөлімше Астраханнан 370 км қашықтықта орналасқан Гурьев болатын. Гурьев 3 лагер участогінен тұрды. Ал Мумра поселкесіне әр жылдарда үштен жетіге дейін лагер пункттері болған. Олар: Оранжерейный, Мумра, Камызяк, Табол т.т.

КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының шешімімен Прорва лагерін Н.В. Теплов (1932 жылдың 3 желтоқсандағы №1114 бұйрығымен) [8], кейін Е.А. Зальмарсон, А.И. Соколов, В.А. Балашов т.б. басқарды [4].

АстраханЛаг 1950 жылдың 9 ақпанында КСРО Ішкі істер басқармасының №00107 бұйрығымен жабылған. Осы аралықта лагерде 1940 жылы 1 шілдеде 5353, 1941 жылы 1 қаңтарда 5265, 1941 жылы 1 шілдеде 6105, 1942 жылы 1 қаңтарда 7865, 1942 жылы 1 сәуірде 5915, 1943 жылы 1 қаңтарда 6550, 1944 жылы 1

қаңтарда 4695, 1945 жылы қаңтарда 5150, 1947 жылы 1 қаңтарда 5289, 1948 жылы 1 қаңтарда 4932, 1949 жылы 1 қаңтарда 4517, 1950 жылы 1 қаңтарда 3920 ұсталған екен [12]. Лагерлерде әйелдерге арналған бөлімше бөлек болған. Оларда 300-ден 500-ге дейін адамдар ұсталған. Олар шаруашылық жұмыстарға салынып, жылы киімдер тіккен. Сонымен бірге лагерде балалар үйі де болған.

Қазіргі таңда лагерге қатысты тарихи деректерді жариялау маңызды мәселеге айналды. Бұл бағытта «Сарайшық мемлекеттік мәдени-тарихи музей-қорығының» ғылыми қызметкерлері 2019 жылдан шұғылданып келеді. Олар алдымен 2019 жылы мамырда арнайы экспедиция жасақтап Прорва аралында болып, оның құландыларын зерттеді. Төмендегі фотосуреттер сол жерлерде түсірілді.

1-фото Прорва аралына ұйымдастырған ғылыми экспедиция суреттерінен.



2-фото



Кейін музей қорықтың ғалымдары Астрахан архивтерінде еңбек етіп, архив құжаттарын елге әкелді. Алда Прорва еңбекпен түзету лагері, оның тарихын ғылыми зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастыру мақсаты тұр.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е – 50-е годы XX века). – Алматы: «Кітап», 2002. - 344 с.
- 2 Тимофеев В.Г. Уголовно-исполнительная система России: цифры, факты и события. Учебное пособие. - Чебоксары, 1999. - 206 с.
- 3 Астраханские лагеря//<https://astkraeved.livejournal.com/11657.html>.
- 4 Прорвинский ИТЛ (Прорвлаг) //http://old.memo.ru/history/nkvd/gulag/r3/r3-287. htm
- 5 Ресей Федерациясының Астрахан облысы Ішкі істер басқармасының архиві (алда РФ АОШБА). 87 қ., 1 т., 27 іс
- 6 23 января 1935 г. - Справка начальника ГУЛАГа НКВД М. Бермана об использовании контингентов исправительно-трудовых лагерей НКВД // <http://istmat.info/node/28732>
- 7 РФ АОШБА. 87 қ., 1 т., 75 іс
- 8 Кораблев А. Забвение – страшнее смерти // ksors.kz.> 2020/06/01 > zabvenie-strashnee-smerti
- 9 Приказ ОГПУ СССР № 1114 от 03.12.1932 // <http://nkvd.memo.ru/index.php>
- 10 РФ АОШБА. 87 қ., 1 т., 157 іс
- 11 АстраханЛаг в Гурьеве: новые страницы истории // <http://pricom.kz/gorod/astrahanlag-v-gureve-novyie-stranitsyi.html>
- 12 Система исправительно-трудовых лагерей в СССР // old.memo.ru/history/nkvd/gulag/r...

### ӨЛКЕТАНУДЫҢ ЖАРШЫСЫ – МҰСТАЖАП НАМАЗҒАЛИЕВ

**А.Қ.Ахмет** - т.ғ.д., қауым. профессор,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университеті «Мәңгілік Ел»  
ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Мектептерде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану» пәні оқытылады. «Өлкетануды» оқытудағы басты мақсат – жастарға туған өлке тарихы, әдебиеті, табиғи қазба байлықтар мен рухани қазыналар туралы жан-жақты білім беру. Сонымен бірге жас

ұрпақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен жалпыұлттық патриотизмді қалыптастыру. Келешек жас ұрпақты Отанды сүйуге баулып, тәрбиелеуде өз туған жерінің, өлкесінің тарихын зерттеп, білуге, оны құрметтеуге үйретудің ерекше маңызы бар.

Тарих сабақтарында әрбір тақырыпқа байланысты жергілікті өлкетану материалдарын ұтымды пайдаланып, ұштастыру оқушылар мен жастардың дүние танымдылығын арттырады, өмірмен байланысын күшейтеді.

«Өлкетанудың» өзге мектеп оқулықтарынан басты ерекшелігі – белгілі бір өлке жайлы, оның тарихы, әдебиеті, географиясы, табиғаты және мәдениеті жайлы жан-жақты айтылатындығында. Өлкетану жастарға өмір сүріп жатқан өлкенің рухани әрі материалдық байлығы мен тарихын қалыптастырған адамдардың өнегелі өмірі мен үлгілі істері туралы мол мәліметтер береді. Өз кезегінде мектептегі «Өлкетануды» оқытудағы басты тұлға – мұғалім.

... Өлкемізде сонау өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастау алатын өлкетану бағытының басы-қасында, туған өлкесінің тарихын жанындай сүйген азаматтың бірі де бірегейі қарапайым ауыл мұғалімі Мұстажап Намазғалиев тұратындығы белгілі. Ол Абай атындағы педагогикалық институтын (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) бітірген. Ғұмырын жас ұрпақ санасына ұлттық тарихымыздың мәйегін сіңіруге арнаған ардагер ұстаз.

Көне Сарайшықтан табылған жәдігерлерді жинап, 1971 жылы мектепте тарихи музей бұрышын ұйымдастырды. Осы бір тынбай ізденістер мен қажырлы еңбекқор жанның ұшан теңіз еңбегінің нәтижесінде музей бұрышы ауылдық музейге, облыстық музейдің бөлімшесіне айналды. Көп жылдар бойы жинақталған жәдігерлерді толықтырып, 1999 жылы 3 қыркүйекте көне Сарайшық қаласының тарихын, жалпы XI-XVII ғасырдағы қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы Сарайшық» музейі қорығы ашылды.

Туған жерінің киелі тарихын насихаттауда өлшеусіз үлес қосқан азаматтың асқақ арманы жүзеге асып, музей қорықтың ашылуы кең байтақ еліміз үшін тың серпіліс, тарихи оқиға болды. Бүгінгі «Хан Ордалы Сарайшық» кешеніндегі музей қорындағы жәдігерлердің дені ағамыздың қажырлы еңбегімен жинақталған.

Мұстажап ағамыз көне қала туралы «Сарайшықтың сыры көп» (1969), «Өскен ауыл» (1972), «Тағы да көне Сарайшық жөнінде» (1977), «Көне Сарайшық жөнінде не білеміз?» (1993) атты мақалалар жазып, көне қаланың өткені мен бүгінгі ауыл тарихынан сыр шертті. «Тағы да көне Сарайшық жөнінде» мақаласында тарихшы-өлкетанушы жазылған деректерді саралай келіп «... Сарайшықтан тіке жолмен шыққаннан кейін Отырарға елуінші күні жететін... Отырардан әрі Алмалыққа дейін 45 күн есептеледі. Бұл келтірілген үзінділерден орта ғасырлық Сарайшықтың едәуір маңызды қала болғандығын түсіну қиын емес. Есік обасы көне Алмалық қаласынан да көп қашық болмаса керек. Олай болса К.Ақышев жолдастың Есік обасы мен

Отырардан табылған көне дүние көздерінің Сарайшық экспонаттарына ұқсас болуы заңды да», - деген өзіндік пікір білдіреді.

1969 жылы аудандағы білім саласына байланысты өткен мәжілісте Сарайшық орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі М.Намазғалиев оқушыларды туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеуде тарих пәнінің роліне тоқталады. Осыған орай мектепте жасалған өлкетану музейінің оқушыларға жақсы әсер қалдырып келе жатқандығын атап өткен. Ол өлке тарихына қатысты сан алуан тақырыпта мақалалар жазды.

1974 жылдың көктемінде Сарайшықта болған КСРО Ғылым Академиясы археология институтының ғылыми қызметкері Л.Л.Галкин М.Намазғалиевпен кездесіп, көне қала орнындағы қазбалар жасалған жерлермен танысып, тың мәліметтер алған. Сол жылдың күзінде археолог-ғалым Москва қаласынан бандероль жібереді. Келген хатта: «Қымбатты Мұстажап! Сізге қажет-ау деген бірнеше кітапты жолдап отырмын. Өзімнің жұмыстарымнан тек біреу ғана қалған екен, оны да жібердім. Бұлар сенің кітапхананың қымбат қазыналары болады деп сенемін. Құрметпен Галкин. 10.VI. 1974 ж.», - делінген [1].

Л.Л.Галкин жіберген еңбектердің ішінде ірі ғалым Б.Н.Заходердің 1962 жылы Москвадағы «Шығыс әдебиеті» баспасынан шыққан «Шығыс Европа туралы Каспий шежіресі» («Каспийский свод о Восточной Европе») және сол жылы жарық көрген Амин аль-Холидің «Нил мен Волганың байланысы» (Связи между Нилом и Волгой») атты кітаптары бар болатын. Бір қызығы археолог ғалым КСРО Ғылым Академиясының баспасынан жарық көретін «Советская археология» жинағының 1963 жылғы №4 санын да жолдаған екен. Осы жинақтағы «Жаңа Сарайдан табылған шоқпар» атты өз мақаласында жолдаған. Бұл мақалада Сарайшықтан табылған бір ескерткіш жөнінде айтылады. Аталған еңбектердің барлығы да біздің өлкеміздің ертедегі тарихынан аса құнды мәліметтер беретіндігі.

Ал 1976 жылдың қараша айында Л.Л.Галкин бастаған бір топ ғалымдар Сарайшықта тағы да болады. Ғалымдар мектеп оқушыларымен кездесіп, өздерінің Саратов облысы аумағындағы көне қорғандарға археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқандығын әңгіме барысында атап өтеді. Ғалымдар өз тараптарынан мектеп музейіндегі жинақталған археологиялық жәдігерлермен танысып, кейбірін фотоға түсіріп алады. Келесі жылы көне қаланың кейбір нүктелеріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу жоспарларының барлығын да атап өтеді. Кездесу барысында археолог-ғалым мектеп музейіне М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті баспасынан шыққан көрнекті ғалым Г.А.Федоров-Давыдовтың «Кочевники Восточный Европы под властью золотоордынских ханов» және өзінің «Одно из древнейших практических приспособлений скотоводов» атты кітабын сыйға тартқан. Бұл кездесу туралы Мұстажап ағамыз: «Ғалымдармен кездесу мектеп оқушыларының

туған жердің тарихи және мәдени мұраларын қастерлеп, оны құрметтеуге, жинақтауға деген құштарлығын арттыра түсті», - деп жазды [2].

Көне Сарайшықты қорғау туралы мәселені осыдан 40 жыл бұрын көтерген де сол ағамыз. 1977 жылы белгілі өлкетанушы былай деп жазды: «Жайық өзені өзінің арнасын жиі ауыстырып отырғандықтан, көне Сарайшық қаласының негізгі орны су астында қалған. Тек қаланың шет жағындағы кен балқыту, қыш ыдыстар құятын шеберханалар мен өте ертедегі бейіттердің орындары ғана қалған-ды. Жылма-жыл су тасуы кезінде өзен жарының құлауы нәтижесінде енді аз жылда бұл орындар да мүлдем жоқ болатын түрі бар. Жергілікті органдар бұған көңіл бөлсе демекпіз. Мәдени ескерткіштерді қорғаудың аудандық қоғамы осы мәселе төңірегінде ойланып, белгілі шара алса игі іс болар», - дейді [3].90-жылдарың ортасында жазылған келесі бір «Көне Сарайшық жөнінде не білеміз?» мақаласында «Көне Сарайшықтың аты күні бүгінгі Сарайшық селолық округі мен сондағы орта мектептің атында ғана сақталған. Қазір ескі Сарайшықтың жайы қыл үстінде тұр. Бір кезде гүлденген қаланың болмашы шет-пұшпақтарынан қалған археологиялық экспонаттарды жинап, өзім құрастырған осындағы тарихи-өлкетану мұражайы бар. Алайда оның да болашақ тағдыры белгісіз. Оны «біресе облыс орталығындағы мұражайға, біресе аудан орталығына аламыз» деп оқтын-оқтын әңгіме жасап қояды. Біздің пікірімізше, бұл жердегі «Сарайшық» атауы жойылмауы керек, қайта кеңейтіле түскені жөн. Ал тарихи-өлкетану мұражайы шағын штат пен мемлекеттік дербестік құқығына ие болса дейміз», - деп дабыл қаққан. Туған өлкенің тарихына жанашарлық осындай болса керек-ті. Ағамыздың мақсат-тілегі орындалды. Қазір үкімет тарпынан көне қала орнына ерекше назар аударылып отырғандығы белгілі.

Өлкетанудың жаршысы – М.Намазғалиевтің келешек ұрпақ үшін атқарған өлшеусіз еңбегін бүгінгі ұрпақта, болашақ жас ұрпақ өкілдері де мақтаныш етеді. Ұлтымыздың ұлыларын ұлықтамай, халықтың тарихи санасы дұрыс қалыптаспай, ел егемендігі орнықты бола алмайды.

### **Әдебиеттер тізімі.**

1 // Малды өңір, 19 ноябрь 1974 жыл.

2 // Малды өңір, 18 ноябрь 1976 жыл.

3 // Малды өңір газеті, 19 март 1977 жыл.

**Өлкетанушы М.Намазғалиевтың «Малды өңір» (Жайық шұғыласы) газетіне жарық көрген мақалалары: (Қазақстан Ұлттық кітапхана қорынан жинақтаған т.ғ.д., профессор А.Ахмет)**

1. Асыл еді Исатай, ер Тайманның баласы ... 5 апрель 1966 жыл.
2. Кітап оқи білу – өнер. 4 август 1966 жыл.
3. Тыңдаушылармен жұмыс жүргізгенде. 20 май 1969 жыл.
4. Маркс ілімін терең үйретсек. 5 май 1968 жыл.
5. Практикалық тапсырма беру. 14 май 1968 жыл.
6. Қиын өткел, асқар асулар. 1 июнь 1968 жыл.

7. Қиын өткел, асқар асулар. 4 июнь 1968 жыл.
8. Қиын өткел, асқар асулар. 6 июнь 1968 жыл.
9. Бөкей Ордасындағы мәдениет және оқу-ағарту ісі. 10 август 1968 жыл.
10. Аудандар алғаш ұйымдасқанда. 3 октябрь 1968 жыл.
11. Сарайшықтың сыры көп. 17 июль 1969 жыл.
12. Біздің Гурьев. 5 январь 1970 жыл.
13. Тарих сабағы және туған өлке шежіресі. 18 март 1971 жыл.
14. Селодағы ғылыми орталық. 1 апрель 1971 жыл.
15. Исатай-Махамбет қалай өлтірілді. 12 август 1971 жыл.
16. Жаңарған ауыл. 2 ноябрь 1972 жыл.
17. Жеңіске қосылған үлкен үлес. 5 июль 1973 ж.
18. Өскен ауыл. 9 август 1973 жыл.
19. Сабақта – көсем еңбектері. 21 август 1973 жыл.
20. Алғашқы бежылдықтар тұсында. 20 июль 1974 ж.
21. Алғашқы бежылдықтар тұсында. 23 июль 1974 ж.
22. Октябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачка. 31 июль 1975 жыл.
23. Төртінші бесжылдық тұсында. 24 апрель 1976 жыл.
24. Төртінші бесжылдық тұсында. 27 апрель 1976 жыл.
25. Төртінші бесжылдық тұсында . 29 апрель 1976 жыл.
26. Төртінші бесжылдық тұсында. 4 май 1976 жыл.
27. Төртінші бесжылдық тұсында. 6 май 1976 жыл.
28. Нарын өңірінде. 26 август 1976 жыл.
29. Тағы да көне Сарайшық жөнінде. 19 март 1977 жыл.
30. Өткен күндерге көз жіберсек. 11 июнь 1977 жыл.
31. Гүлденіп, көркейе бер. 7 июль. 1977 жыл.
32. Көне Сарайшық жөнінде не білеміз? қыркүйек 1993 жыл.

## **ЖАҢА ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЗАҢЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ**

**М.Қ. Әбдіғалиев** - археолог,  
«Сарайшық» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК

Әлемде тарихи мәні бар, әсемдігімен ерекшеленетін ескерткіштер, құрылысы және тарихымен айшықталған көне қалалар саны жетерлік. Көне қалалар әр мемлекеттің өзіндік тарихын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ дәстүрін, өмір салтын, мәдениетін ұрпақтарға жеткізеді. Аталған санатқа жататын Ортағасырлық Сарайшық қаласын айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2019 жылғы 26 желтоқсанда №288 -VI «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңын қабылдаған болатын [1]. Қабылданған заңның негізінде «Қазақстан Республикасының



1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-ХІІ «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңы күшін жойды [2]. Мақаламызда жаңадан қабылданған заңның талаптарының Сарайшық қаласына жүргізілетін археологиялық жұмыстар үшін маңызы қандай екеніне және орындалуына тоқталамыз.

Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасы 1-бапта көрсетілгендей Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың және пайдаланудың мақсаты оларды қайта жаңғыртуды, сақтауды, кеңінен танытуды қамтамасыз ету болып табылады деп 2-бапта көрсетеді. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың және пайдаланудың міндеттері:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, зерттеу және олардың жай-күйін мониторингтеу;

2) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

3) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

4) археологиялық жұмыстар мен тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізген кезде тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихи, сәулет-көркемдік келбетінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның 5-бабы бойынша «Тарих және мәдениет ескерткіштері» түрлері көрсетілген, Сарайшық қалашығы - археологиялық ескерткіштер қатарына жатады. «Тарих және мәдениет ескерткіштері» 6-бап бойынша мынадай санаттарға бөлінеді:

1) дүниежүзілік тарих пен мәдениет үшін ерекше маңызды, халықаралық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

2) Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызды, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызды, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері» санатына жататыны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 156 бұйрығы бойынша «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі» бекітілген тізімі дәлел болып табылады [3].

Алтын Орданың хандарының кіші астанасы, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығының орталығы, Ұлы Жібек жолының маңызды сауда нүктесі болған Сарайшық қаласын 2016 жылдың 14 мамырында Мәдениет және спорт министрі қызметін атқарған Арыстанбек Мұхамедиұлы өз сұхбатында Ұлы

Жібек жолының екінші тармағы аясында Қазақстанның төрт көне қаласының бірі ретінде ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасы тізіміне енгізу жоспарланып отыр деп айтқан болатын [4].

Тоқтала кетсек, Ұлы Жібек жолын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасы тізіміне енгізуге тапсырысты Қытай, Қазақстан және Қырғызстан бірлесе отырып жасаған. Енгізілген объектіде Чанъань-Тянь-Шань дәлізіндегі (Қытай, Қазақстан, Қырғызстан) жеті бағыт бар. Бұл – «жібек жолы» желісінің Хань мен Тан династияларының дәуіріндегі Қытайдың астаналары Сиань (Чанъань) және Лоян қалаларынан бастау алатын, Орта Азияның Жетісу аймағына дейін созылған ауқымды бөлігі. Ұлы Жібек жолы бөлігінің ұзақтығы 5 мың шақырымды құрайды. Өтінімге Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан 33 тарихи ескерткіш енген, оның ішінде Қытай (22), Қазақстан (8) және Қырғызстан (3) бар [5]. Ортағасырлық Сарайшық қаласы Дүниежүзілік тарих мұрасы ретінде маңызды ескерткіштердің санатына енуіне әбден лайықты.

«Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және (немесе) археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау» туралы 12-бап іс жүзінде Сарайшық музей-қорығында орындалған. Музей-қорықта Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми реставрациялық жұмыстарды және археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызмет лицензиялары алынған. Аталған лицензияларды іске асыру мақсатында 2019 жылы Сарайшық қаласына орнына Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірлесе қазба жұмыстары жүргізіліп, музей археологтары Айбек Тұрарұлы, Мир Қобланұлы өз алдына археологиялық жасақ алып, жетекшілік етті.

Археологиялық лицензиядан бөлек, 2019 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес, музей-қорық ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты 13-бап бойынша жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады [1]. Аталған бапты іске асыру мақсатында Атырау облысы аудандарына әріптестік бойынша хат жолданған. Музей мамандары Құрманғазы ауданы аумағында жергілікті компанияның қызметі үшін тарихи-мәдени мұра объектілерін тексеріп, заңдылықтарды сақтау жөнінде жұмыстар жүргізді.

Музей-қорықта 20-бапта айтылғандай Сарайшық қаласы ғылыми, білім беру және ақпараттық мақсаттарда пайдаланылады және анықтау, есепке алу, зерттеу жөніндегі іс-шаралар уақытында орындалуда.

Сарайшық музей-қорығы 23-бапқа сәйкес Қазақстан халқының рухани және мәдени дәстүрлерін қайта жаңғырту және сақтау мақсаттарында,

сондай-ақ ғылыми, білім беру, туристік, ақпараттық және тәрбиелік мақсаттарына сәйкес көптеген жұмыстар атқарды. Мысалға келтірсек, ұжым 2019 жылдың өзінде Сарайшық қаласын насихаттау мақсатында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, облыстық конференция, халықаралық көрме, экскурсиялық жұмыстар, дөңгелек үстелдер, онлайн-дәрістер, жылжымалы көрмелер т.б. ұйымдастырған болатын.

Заңның 31-бабы «Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жоспарлау» және 32-бабы «Тарих және мәдениет ескерткішіндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстар» деп аталады. Осы талаптың орындалуының алғышарты ретінде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында 2020 жылдың 21 ақпанында «Сарайшық» қаласының цидателін қалпына келтіру жұмыстары бойынша ғылыми-кеңес өтті. Ғылыми-кеңес хаттамасы толтырылып, «Қазқайтажаңғырту» мекемесіне жолданды.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстар уәкілетті орган бекіткен тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстар жоспарының негізінде жүзеге асырылады. 32-бап бойынша - Тарих және мәдениет ескерткіштерінде жоспардан тыс ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді. Тарих және мәдениет ескерткішіндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарға мыналар жатады: ғылыми зерттеу; консервациялау; реставрациялау [1].

Консервациялау дегеніміз - тарих және мәдениет ескерткіштерін одан әрі бұзылудан сақтайтын және тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи қалыптасқан келбетін өзгертпей, конструкциялық бөліктері мен сәндік элементтерін бекітуді және қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Тарих және мәдениет ескерткішінің физикалық тұрғыдан сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын аварияға қарсы жұмыстар да консервациялауға жатады. 2019 жылғы қазба орнын Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірлесе консервациялау жұмыстарын жүргіздік.

Реставрациялау – құндылығы жоқ әрі тарих және мәдениет ескерткішінің келбетін бұзатын қабаттарынан тазарту арқылы тарих және мәдениет ескерткішінің тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетінің сақталуы мен ашылуын, ғылыми негізделген деректер негізінде ғимараттың, ансамбльдің және кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1059 қаулысы қабылданды [6]. «Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Сарайшық қалашығында ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу» жобасы қабылданды. Аталған жоба аясында Сарайшық қаласының цитаделінің қақпасын қалпына келтіру мақсатында жұмыстар жүргізілмек.

Сарайшық қаласына жүргізілетін археологиялық қазба жұмыстары заңның 33-бабының «Археологиялық жұмыстарды жоспарлаудың» 1 тармақшасы Археологиялық жұмыстар уәкілетті орган бекіткен археологиялық жұмыстар жоспары негізінде жүзеге асырылады. Археологиялық жұмыстарды жоспардан тыс жүргізуге жол берілмейді» атты талаптарын қатаң орындайды.

Қазіргі таңда Сарайшықты сақтау мәселесін отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері жиі көтеріп жүр. Осындай жұмыстардың нәтижесі болар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Асқар Мамин 2019 жылдың қарашасында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК қызметі туралы депутаттық сауалға жауабында Сарайшық қалашығын консервациялау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін 2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында 58,0 млн.теңге қарастырылғанын айтқан болатын. Сонымен қатар Асқар Мамин музей-қорықты дамыту туралы Меморандум аясында Сапар орталығын ашу жоспарлануда және бүгінгі күні жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде және жұмыстар аяқталған соң қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның мемлекеттік сараптамасы жүргізілетінін келтірді [7].

Қорытындылай келгенде, «Біздің елімізде Мысыр пирамидалары және Римдік Колизейлер жоқ, бірақ Қазақстан аумағында көне дәуірде өмір сүрген көшпелілердің ролі Еуразия үшін ғана емес, сондай ақ әлемдік тарих үшін бағасыз. Біз дала өркениетінің ұлылығын әлемдік деңгейде көрсетуіміз керек»— деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ерекше атап өткендей [8], Сарайшық қалашығы орнына археологиялық, қайта қалпына келтіру жұмыстарын жандандыру арқылы Халықаралық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізуге нық қадамдар жасалу үстінде.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288#z39>; Пайд. уақыты: 18.03.2020 ж. сағ: 23:47
2. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-XII Заңы. Күшін жойған. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002900> Пайд. уақыты: 19.03.2020 ж. сағ: 00:23
3. «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 156 бұйрығы/ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018756> Пайд. уақыты: 19.03.2020 ж. сағ: 00:23

4. Отырар, Сығанақ, Сауран және Сарайшық қалалары ЮНЕСКО тізіміне енгізіледі/ [https://www.inform.kz/kz/otyrar-sy-ana-sauran-zh-ne-sarayshy-alalary-yunesko-t-z-m-ne-eng-z-led\\_a2903402](https://www.inform.kz/kz/otyrar-sy-ana-sauran-zh-ne-sarayshy-alalary-yunesko-t-z-m-ne-eng-z-led_a2903402) Пайд. уақыты: 2.04.2020 ж. сағ: 19:47
- 6.Ұлы Жібек жолы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді/ [https://www.inform.kz/kz/uly-zhibek-zholy-yunesko-nyn-bukilalemdik-muralar-tizimine-endi\\_a2671087](https://www.inform.kz/kz/uly-zhibek-zholy-yunesko-nyn-bukilalemdik-muralar-tizimine-endi_a2671087) Пайд. уақыты: 2.04.2020 ж. сағ: 19:39
- 6.«Ұлық Ұлыс» – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1059 қаулысы./<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001059> Пайд. уақыты: 5.04.2020 ж. сағ: 22:37
- 7.«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК қызметі туралы депутаттық сауал/ <http://government.kz/kz/inquiries/53/> Пайд. уақыты: 5.04.2020 ж. сағ: 21:28
- 8.Нұрсұлтан Назарбаев. Отан тарихындағы 30 жыл /<https://baq.kz/news/othernews/otan-tarikhynda-y-30-zhyl/>Пайд. уақыты: 5.04.2020 ж. сағ: 23:36

## **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ЗЕРТТЕУШІСІ – В.К. АФАНАСЬЕВ**

**Ж.Р. Байғалиев**- археолог,  
«Сарайшық» мемлекеттік  
тарихи-мәдени музей-қорығы  
РМҚК

Тарих ғылымында тарихи сана ұғымының мән-мағынасы ерекше, ұлттың сана-сезімін, тарихи жадын қалыптастыратын тәрбие құралы – сол халықтың төл тарихы екендігі анық. Ұлттық құндылықтың негізі тарихи мұрамыздан басталып және жүзеге асырудың басты құралы – өзіміздің тарихымызды, мәдениетімізді білу болып табылады. Осы орайда өлке тарихын зерттеп жас ұрпаққа мол рухани мұраны мирас етіп қалдырған өлкетанушы, тарихшы ғалымдардың қосқал үлесі ұшан-теңіз. Мақаламыз жергілікті өлкетанушы, Вячеслав Константинович Афанасьев жөнінде болмақ.

Өлкетанушы Вячеслав Константинович 1940 жылдың қыркүйек айының екінші жұлдызында Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келген. Атырау қаласындағы №12 бастауыш мектепте, Куйбышев атындағы және Абай атындағы мектептерде білім алды. В.К.Афанасьев өз өмірбаянында оқушы кезінен мектеп күзетшісі, орыс-жапон соғысының ардагері Василий Нижутиннің әңгімелерін зейін қойып тыңдағанын айтады. Мектеп кезінен бастап қариялардан соғыс, саяхат және батырлық, қаһармандық секілді тарихи әңгімелер өлкетанушыға үлкен әсер етіп және де

болашағын қызыққа толы тарих ғылымымен байланыстырғысы келді. 1959 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына тарих мамандығына оқуға түседі. Кейіпкеріміз 1964 жылы аталған білім ордасынан тарих пәнінің мұғалімі дипломын алып, теңіздей толқыған өмірге қадам басты. 1960 жылы Гурьев облыстық білім басқармасы Вячеслав Константиновичтің өлкетану және туристік-экскурсиялық бағытына қызығушылығын ескеріп, оқушылардың экскурсиялық-туристік станциясына жұмысқа шақырды. Алдымен үйірме жетекшісі, әдіскер қызметтерін атқарды, 1976 жылы аталған станцияның директоры, облыстық білім басқармасы кеңесінің мүшесі болып сайланды.

В.К. Афанасьев - ұстаз, өлкетанушы, зерттеуші ретінде жарты ғасырдан астам уақытты өзінің туған өлкесінің тарихын зерттеуге, жастарға тәлім-тәрбие беру ісіне арнады. Еңбек жолында түрлі марапаттарға да ие болды. Мысалы, 1960 жылдар басында «туризм нұсқаушысы» атағын алса, 1964 жылы Қазақ ССР Ағарту Министрлігінің «Қазақ ССР Ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған, 1967 жылы Қазақ ССР республикалық Туризм кеңесінің мүшесі, 1968 жылы велотуризм бойынша «КСРО спорт шеберіне үміткер» атанды.

Өлкетанушы ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихына байланысты көптеген қазба жұмыстарына қатысып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. В.К. Афанасьев Сарайшықты көру үшін алғашқы сапарын 9 сыныпта ұйымдастырған болатын. Бір топ бала жиналып, ұзақ жолға қажет болар деп ойлаған нәрселерді алып жорыққа шықты. Атыраудан 50 шақырым қашықтықта орналасқан ежелгі Сарайшық қаласы орнына жасалған алғашқы экспедициясы еді [1].

Вячеслав Константинович туристік-өлкетану жұмысы бойынша бірнеше әдістемелік құралдар шығарды, олардың қатарына: «Оқушылармен туристік-экскурсиялық жұмыс бойынша жетекші материалдар», «Мектеп мұражайы туралы ереже», «Жас өлкетанушылар - ғылымда» жатқызуға болады. Сарайшық және өзге де археологиялық кешендер туралы өлкетанушының облыстық «Коммунистік еңбек» газетіне бірнеше мақалалары жарық көрді. Атап айтсақ: «Жорық әңгімесі таусылмайды» (20 қыркүйек, 1975 ж), «Сарайшықта мұражай болады» (20 ақпан, 1976 ж), «Жылдар шежіресіне үңіліп» (9 сәуір, 1976), «Ашық кездесу» (13 қаңтар, 1977 ж) «Алғашқы қазба жемісі» (6 тамыз, 1977 ж), «Тарих астарына үңіліп» (26 мамыр, 1979 ж), т.б.

Облыстық балалар экскурсиясы мен туризм станциясы оқушылардың өлкеміздегі тарихи орындарға жорықтар жасауына әрдайым жағдай жасайтын. Қолдаулардың арқасында көне Сарайшық қаласы тарихымен танысып, 1920-жылдары Серов бандылармен ұрыста қаза тапқан қызыл әскерлер А.Л. Егоров пен К.С. Толстовтың зиратына гүл шоқтарын қойған [2]. «Жылдар шежіресіне үңіліп» атты мақаласында жас туристерді Сарайшық орта мектебінің мұғалімі Мұстажап Намазғалиевпен таныстырып,

ұстаздың Атырау өңірі жайлы көптеген деректер жинастырып, іздену-зерттеу ісімен айналысуын жоғары бағалайды. Мақаласында оқушылардың Сарайшық қирандыларынан тапқан жәдігерлері туралы мынадай деректер береді: «Бірде оқушы Б. Қожиев сыйымдылығы 50 литр болатын бүтін құмыра тапқаны жайлы ұстазына жақсы хабар жеткізсе, С. Мұхамбетов деген оқушы жазғы демалыс кезінде, ішінде жартылай күйіп жерленген адам сүйегінің қалдықтары бар, қыш ыдыс – оссуарийді тапқан, басқа оқушы балалардың көптеген металл тиындар мен тұрмыстық бұйымдар, сырлы қыш ыдыстар сынықтарын тапқаны жөнінде айтады» [3]. 1979 жылы Сарайшыққа жасаған кезекті сапары барысында жас туристер XIII – XIV ғасырға жататын 6 күміс ақша, қола айна сынығын, т.б. көптеген керамикалық ыдыстардың сынықтарын тапқан [4]. «Алғашқы қазба жұмысы» атты мақаласынан Гурьев педагогикалық институтының тарих факультеті студенттері мен Атырау қаласы мектептерінің жас өлкетанушылары Сарайшыққа археологиялық практикаға келгенін байқауымызға болады. Бірнеше күн бойы жүргізген жұмыстардың нәтижесінде жас археологтар XIV-XV ғасырға жататын бірнеше қыш құмыралар және Жошы тиындарын тауып алғандығы туралы жазылған [5].

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында ол XIII - XVI ғасырлардан бастау алатын ежелгі қоныс Сарайшыққа үнемі саяхаттауға тырысқан. 70-жылдардың аяғынан КСРО ыдырағанға дейін Мәскеу мен Алматы ғалымдарының қатысуымен Сарайшық пен Ақтөбе-Лаэтиде ара-тұра археологиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Қазіргі уақытта Афанасьевтің Сарайшықтан, Ақтөбе-Лаэтиден, сондай-ақ Батыс Қазақстанның басқа да жерлерінен табылған бірегей жәдігерлері облыстық музейлердің экспозициясынан орын алған. 1970-жылдардың басында біздің облыста Лев Галкиннің басшылығымен КСРО Ғылым Академиясының Археология институтының Еділ-Орал археологиялық экспедициясы жұмыс істей бастады, экспедицияға В.К. Афанасьев та белсенді қатысады. КСРО ҒА басылымы «Археологические открытия» журналына шыққан мақаласында Л.Л. Галкинмен бірге осы экспедиция жұмысының нәтижелері туралы жазды. 1989 жылдан бастап Вячеслав Константинович Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының (З. Самашевтың басшылығымен) жұмысына белсенді көмек көрсетіп, Гурьев жасағына жетекшілік етті. 1991 жылы ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді. Аталған жылы облыстық кәсіподақ жанындағы туристік клубтың жабылуына байланысты «Мирас» деп аталатын жаңа туристік клуб құрды. Өзі қатысқан археологиялық қазба жұмыстары кезінде Сарайшық пен Ақтөбе-Лаэтиден қызыл балшықты, сырлы керамикалық бұйымдар, аң аулау және еңбек құралдары секілді жәдігерлерді тапқан [6].

Ә.Марғұлан атындағы Археология институты қорында В.К. Афанасьевтің Сарайшық қаласында жүргізген археологиялық жұмыстарының «Подъемные материалы с городище Сарайчик (XI-XVI)»

атты ғылыми есебінде 1958-1976 жылдары ортағасырлық қаланың мәдени қабаттары құландысынан жиналған керамикалық бұйымдарға сипаттама береді. Аталған ыдыстар мен керамика параметрлерінің шартты белгілері В.Ф.Генингтің «Археологиялық қазба жұмыстарынан керамиканы статистикалық өңдеу бағдарламасы» атты еңбегі бойынша сұрыпталғанын келтіреді [7].

Вячеслав Афанасьевтің тәлімгерлігімен мындаған ұл-қыз өлкетанушылық және туризм сабақтарынан өтті. Өз туып-өскен жерінің патриот азаматы ретінде өлке тарихының құндылықтарын сақтап, жас ұрпаққа оқытып, көптеген шәкірттер тәрбиелеп, олардың өмірде өз жолын тауып кетуі үшін жағдай жасаған. Нәтижесінде олардан ынталы тәрбиешілер, туристік топтардың жетекшілері, туризм нұсқаушылары, талантты мұғалімдер қалыптасты. В.К. Афанасьевтің өлке тарихының зерттелуіне қосқан үлесі, жазған еңбектері тарихқа қызығатын өскелең жас ұрпаққа тың дерек болып табылады. Өлке тарихын зерттеуге өз үлесін қосқан тұлғаларымыздың өмір жолы мен қызметін дәріптеу, оны әрі қарай жалғастыру біздің парызымыз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. В.К. Афанасьевтің жеке қорынан
2. «Жорық әңгімесі туралы». Коммунистік еңбек, 20 қыркүйек 1975 ж.
3. «Жылдар шежіресіне үңіліп». Коммунистік еңбек, 9 сәуір, 1976 ж.
4. «Тарих астарына үңіліп». Коммунистік еңбек, 26 мамыр, 1979 ж.
5. «Алғашқы қазба жемісі». Коммунистік еңбек, 6 тамыз, 1977 ж.
6. Вячеслав Константинович Афанасьев. <https://ksors.kz/2018/04/25/vyacheslav-konstantinovich-afanasev/> Пайд. уақыты: 05.05.2020
7. Ә.Марғұлан атындағы Археология институты. Қ. 11, Т.2, 1485 іс.

## **М.БЕРДІМҰРАТОВ- МУЗЕЙ ТАРИХЫНДА ТЕРЕҢ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ТҰЛҒА**

**Ж.К. Диярова** - магистр,  
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалым хатшысы

«Сарайшық» музей-қорығының құрылған сәтінен атқарған жұмыстар аз емес. Жасалған жұмыстар арқасында қазір музей «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы болып қайта құрылып, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне тікелей бағынышты статуска ие болды. Осының бәрі «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығы болып ашылған сәттен бастап, басшылық қызметті абыройлы атқарған Бердімұратов Молдаш ағамыздың ерен еңбегі десек қателеспейміз.



М. Бердімұратовтың өнегелі өмір жолына тоқталсақ, Бердімұратов Молдаш 1936 жылдың 2 сәуірде Махамбет ауданы, Алға селосында дүниеге келген. Содан кейін Сарайшық ауылына келіп білімін жалғастырады. Өз әңгімесінде: «Мектепте ұлағатты ұстаздар сабақ берді. Сүйікті ұстазымның бірі – тарих пәнінің мұғалімі Бисенғалиев Жаролла ағайымның сабақ түсіндіруі, әрбір тақырыпқа жасалған талдауы, әсіресе, қазақ тарихына байланысты түсінік беруі тым бөлек-тұғын. Кейде ортағасырлық қалаларды атап, оның ішінде, Сарайшық Қасым ханның кезінде астана болған қала деп түсіндіргенде біз таң қалатынбыз. Көне Сарайшықтың тарихын зерттеу мақсатында, Жайықтың жағасында қазба жұмысы жүріп жатыр, оның басшысы атақты ғалым Әлкей Марғұлан деген ағаларың. Барып көрулеріңе болады, бірақ, бір заттарын шашып, бүлдіріп жүрмеңдер» – деп ескертетін ол кісі. Сол күннен бастап мен Жайық жағасында қазба жүргізіп жатқандардың қасына жиі барып, қолымнан келгенінше көмектесіп жүретінмін. Әрбір қазбадан табылған көне тарихи жәдігерлерді көріп, таңырқайтынбыз. Ауыл іргесінде қазба жұмыстарын жүргізуге келген ғалым Әлкей Марғұлан бірде маған келіп: — «Әй, бұйрабас, күндердің күнінде Сарайшықтың тарихына сен жауап беретін боласың» – деп, басымнан сыйпағаны есімде» деп »- деп жиі өткен өмірінде тарихқа деген қызығушылығын осылай сабақтайды [1, б.8].

Міне, сол кезден бастап Сарайшық тарихына деген құмарлығы арта түскен Молдаш ағамыз 1953 жылы осындағы орта мектепті бітіріп, әр салада жұмыс жасап, кейін Гурьевтің пединститутын 1962 жылы бітіріп, Ембі ауданындағы Гагарин атындағы орта мектепте мұғалім, кейін мектеп директоры қызметіне келеді. Мектептегі жұмысы, халық арасындағы беделі елеулі бола тұрса да, Сарайшық тарихы үнемі есінен шықпай қояды. Сондай бір сәті түскен кезде 1970 жылы Сарайшық мектебіне мектеп директоры болып жұмыс тағайындалып, тарихи мекенге табан тірейді.

1999 жылы 18 ақпанда Атырау облысы әкімі болып тағайындалған И.Тасмағамбетов Сарайшық қалашығына айырықша назар аударады. Облыс әкімі ел үкіметінің 1997 жылғы 11 желтоқсандағы «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығын өткізу туралы» қаулысын орындау мақсатында жасалған жұмыстарға жаңа қарқын беріп, Сарайшықты дамытуға күш салады.

1999 жылы 7 сәуірде оның тапсыруымен әкім орынбасары Н.Мақашев облыстағы ірі өндірістік мекемелермен кездесу өткізеді. Кездесуге «Ембімұнайгаз» АҚ, «АМӨЗ» АҚ, «АКИОК» АҚ, «Каспийшельф ККШ», «АТМА» АҚ, «АНАКО» АҚ, «Теңізшевройл» АҚ тағы өзге алпауыттар қатысып, бір ауыздан «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысын бүкілхалықтық құрылыс етіп жариялауға келіседі. Нәтижесінде 1999 жылы 23 сәуірде Атырау облысы әкімінің №79 шешімі жарияланады. И.Тасмағамбетов шешімінде: «Тарихи-археологиялық «Сарайшық» қорығын құру қажеттілігі еліміздің өткен тарихын жаңғырту және зор маңызы бар

ескеркіштің болашақ тағдырына үлкен қамқорлық қажеттілігінен туындап отыр. Ескерткіштің антропогендік және табиғи факторлардың әсерінен күн санап бұзылуына қарсы шаралар қабылдау және оның орналасқан жерін «бірегей тарихи-археологиялық аймақ» ретінде белгілеу арқылы ғана «Сарайшықты» мүлде жойылып кетуден, сондай-ақ халықтың ғажайып тарихи естелігінен таусылмас қазынасын сақтап қалуға болады.

Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» заңын орындауға, жалпыұлттық маңызы бар тарихи-археологиялық ескерткіші болып табылатын «Сарайшық» мемориалдық кешенін құру мақсатында ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. «Сарайшық» мемориалдық кешен құрылысы бүкіл халық құрылысы деп жариялансын.
2. Облыстық мәдениет және туризм басқармасы (К.Қосыбаев):
  - 1) мәдениетті қолдау ұлттық қорының Атырау облыстық бөлімшесінің есебіне азаматтар мен кәсіпорындардан құрылысқа ерікті жәрдем жинау жұмысын ұйымдастырсын және бұқаралық ақпарат құралдарында мемориалдық кешен құрылысына арналған материалдары жариялансын.
3. Құрылыс, сәулет және тұрғын үй саясаты басқармасы (И.Әміров)
  - 1) мемориалдық кешен эскизін бекітуге ұсынсын;
  - 2) орнын белгілеп, мемориалдық кешен құрылысына жер бөлу және құрылыс жұмыстарына қажетті жобалар-сметалық құжаттарын жасақтасын;
  - 3) 1999 жылғы 1 қыркүйегіне дейін бітіру мерзімімен мемориалдық кешен құрылысын сақтау бойынша құрылыс жұмыстар кестесін бекітісін.
4. Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшылары кешен құрылысының жұмыстарын орындау үшін қаржылық және материалдық көмек көрсетсін.
5. Осы шешімінің орындалысын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Мақашевқа жүктелсін»» деп анық жазылады [2, 403-404, 412-413 п.].

Кешен құрылысы 2 мамырда басталады. 1999 жылы 25 мамырдағы «Атырау» газеті: «Ортағасырлық Сарайшық қалашығының орнына «Сарайшық» мемориалдық кешенін тұрғызу жөнінде облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың соңғы 3-4 жылдағы идеясы, сәтін салса, биыл-ақ жүзеге аспақ. Осы кешен құрылысы жөнінде облыс әкімінің арнайы шешім алғанына бір ай да болған жоқ. Енді, міне, «ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, кешен құрылысы басталып та кетті. Өткен жексенбі күні Сарайшық селосының оңтүстік шетінде бой көтермек осы кешеннің іргетасын қалаудың ресми салтанаты болып өтті. Жиналғандардың құрмет-қошаметі үстінде Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты, атақты ақынымыз Фариза Оңғарсынова мен облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов мемориалдың іргетасына алғашқы тасты қалау рәсімін атқарып, сөз сөйледі. Одан кейін Атырау мешітінің наиб имамы Жалел Гезер құран оқыды, ал бас имам Серғазы Ибадулла құрылысы басталған осы бір игі іске сәттілік тілеп, бата берді» деп облыс жұршылығын ақпараттандырады [3].

1999 жылы 3 қыркүйек «Сарайшық» музей қорығы үшін тарихи күн болды. Өйткені көптен күткен музей-қорық ашылып, оған Н.Назарбаевтың өзі қатысады. Ел Президенті кешенді ашарда «Ол Қасымхан билік құрған тұста Қазақ хандығының астанасы болды. Сарайшық топырағы қасиетті, өйткені, иісі бүкіл түркі әлеміне ортақ Алтын Орда хандары – Тоқта, Жәнібек, Бердібек, ноғайлының билеушісі – Оқас, одан бергі Қасымхан сияқты атақты хандарымыз бен батырларымыздың жаны осында мәңгілік жай тапқан жер, оны еліміздің алғашқы пантеоны десек те болады» деп қала тарихына ерекше маңыз бере сөз сөйледі [4, б.7]. Бұл күн расында да Сарайшық қалашығына, оның тарихына деген жасалған ерекше құрметке толы болатын.

1999 жылы 2 тамызда Атырау облыстық мәдениет және туризм басқармасы бұйрығымен кешен директоры болып М.Бердімұратов тағайындалады. Тарихи сәтке куә болған М.Бердімұратов: «Иә, сол кезде облысты басқарған Иманғали Тасмағамбетовтың ұйғарымымен «Хан Ордалы Сарайшық» мұражайының басшысы болып тағайындалдым. Музейдің ашылу салтанатына Мемлекет басшысының өзі қатынасуы – біз үшін үлкен абырой еді. Ұшақтан түскен бойда халықпен амандасып, бірден Хандар кесенесіне келді. Аруақтарға тағзым етіп, жерленген хандар жөнінде түсініктеме берілгеннен кейін атақты әулие ағашқа орамал байлады. Ашылған музей жәдігерлерімен танысу барысында жиі-жиі сұрақтар қойып, көне ұлттық тарихымызға үлкен мән берді. Музей жәдігерлерімен танысып болғасын Елбасына: «Мына естелік кітапқа қолтаңба қалдырыңызшы» – деп кітапты ұсындым» деп еске алады [5].

М.Бердімұратов уақыт созбай жаңа музей-қорығын жасақтап, оны жәдігерлермен толықтыруға кіріседі. Ол Махамбет аудандық өлкетану музейінен, облыстан көмек сұрайды. Кейін облыстық мәдениет басқармасы басшысы Б.Иманғалиевке жолдаған хатында «Хан Ордалы – Сарайшық музей-қорығы» ашылу қарсаңында, Махамбет аудандық өлкетану мұражайынан бірнеше жәдігерлер алынып, уақытша қойылған еді. Енді осы жәдігерлерді мұражай әкімшілігі қайтаруды сұрап отыр. Бұл заттар кейін қайтарылса, Сарайшықтағы мұражайдың жартысы бос қалады» деп мойындайды [6].

Бұл кезеңдегі басты мәселе музей қорын толықтыру болды. Осы арқылы біраз жәдігерлер Сарайшыққа әкелінеді. Кейін 2003 жылғы археологиялық қазбалар нәтижесінде З.Самашев 1341 жәдігерді тапсырады [6].

Қалыптаса бастаған жаңа музей-қорық алдында өзге де шешімі табылмаған мәселелер тұрды. «Хан ордалы Сарайшық» мемориалдық кешені пайдалануға беріліп, халық игілігіне айналғанымен кейбір мәселелер, әсіресе 1. Келушілер аялдайтын, сусын, жеңіл тамақ ішетін орын, 2. Мұражайды көгалдандыру, 3. Мұражайға жазғы су тарту сияқты мәселелер нақты жұмыстар шешілмейді. Алайда, бұл жұмыстардың барлығы реттеліп, музей ауласына жазғы су тартылып, абаттандырылады.

2012 жылы 14 наурызда М.Бердімұратов Атырау облыстық Мәдениет басқармасының бастығы Н.М.Ерғалиевке хат жолдайды. Хатта: «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығының ашылып, жұмыс жасағанына биыл 12 жыл толады. Осы уақыт ішінде көне қала, өлке тарихымен танысушылар легі толастаған емес, жылына 10-12 мыңға жуық көрермені бар. Қазіргі уақытқа дейін табылған жәдігерлер музейдің көлемі 5,37х 17,4 =94 м 2 көрме залына қойылған. Көрермен сұранысына сай музейге экспозициялық көрініс залын жасақтау қажет-ақ. Сонымен қатар, көне Сарайшық қаласының орнына жүргізіліп келе жатқан қазба жұмысының тоқтағанына биыл 4 жыл болды. Себебі су тасыған сайын қазба жүріп жатқан жағаны шайып, су астына кетуде. Осыған орай 2-3 жылдан бері су шайып жатқан жағаны бетонмен бекіту туралы сөз қозғалып келеді. Осыған орай, музей басшылығы Сізге қазіргі таңда шешімін табуға тиіс төмендегідей мәселелер ұсынып отыр:

- 1.Музейге қосымша көрме залын салып,жасақтауға көмектесу;
- 2.Қазба жүріп жатқан көне қала орнының тазалығын, қоршауының бүтіндігін қадағалау мақсатында күзетші қою, яғни бір штат бөлдіру» деп жазылады [6].

Музей қорық басшысының хаты мекеменің жайын толық сипаттайды.

Нәтижесінде, Сарайшыққа ел зиялыларының назары ауады. Ол турасында, 2013 жылы 11 қыркүйекте министр М.Құл – Мұхаммед Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.Сағынтаевқа арнайы хат жолдайды. Хатта: «Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Мәдениет және ақпарат министрлігі Сіздің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші – Сарайшық қалашығын сақтап қалу мәселесіне қатысты тапсырмаңызды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе қарап, төмендегіні хабарлайды. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің мамандарынан арнайы жұмыс тобын құрып, мәселені Сарайшық қалашығының басында қарады. Нәтижесінде екі нұсқада ұсыныс жасады. Атап айтқанда:

- 1.Жайық өзенінің ағысын апатсыз өткізу үшін жер жұмыстарын жүргізу арқылы өзеннің қазіргі арнасын Сарайшық ауылының жоғарғы және төменгі бөліктерін бөгей отырып, ағысты ескі арнаға өзгерту;
- 2.Жайық өзенінің қазіргі арнасын өзгертпей Сарайшық қалашығының орналасқан жерінде ұзындығы 1500 текше метр құрайтын жағалауға бекіту жұмыстарын жүргізу.

Ал Атырау облысының әкімдігі ортағасырлық Сарайшық қалашығын сақтап қалу бойынша жүргізілетін жұмыстардың бағытын анықтау үшін республикалық деңгейдегі комиссия құруды ұсынады. Мәдениет және ақпарат, Өңірлік даму және Ауыл шаруашылығы министрліктері Атырау облысының ұсынысына қолдау білдіреді. Ал Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелерді қарауға дайын екенін жеткізеді. Осы ұсыныстарды саралай келе түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ведомствоаралық арнайы комиссия құрып, оның отырысын объектіде ұйымдастыруды жөн деп санаймыз. Тапсырманы орындау

тәртібінде енгізіледі» делінеді [6]. Көп ұзамай министрлік облыспен бірлесе арнайы жұмыс тобын құрады.

Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша, 2017 жылы Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевтың бастамасымен көне Сарайшық шаһарының орнын сақтап қалу жұмыстары басталады [7]. Нәтижесінде Жайық суының ескі қала орнын басуына жол бермейтін биіктігі 3,6 м, ұзындығы 1,5 км бөгет тұрғызылады [8].

М.Бердімұратовтың басшылығымен «Хан ордалы Сарайшық» музей-қорығын дамыту оны өркендету мақсатында көптеген жұмыстар атқарылып келді. Музейдің негізгі міндеті халыққа қызмет ету болып табылады. Бұл міндетті орындау мақсатында 2000-2018 жылдар аралығында жасалынатын жұмыс жоспарларын беріп отырды. Атқарылған жұмыстардың бір ғана мақсаты Ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихын толық зерттелуіне негіз жарату және оның халық арасында кеңінен таралуы үшін жағдай жасайды. Көпшілік Сарайшық қаласы жайлы есіткен бірақ оны өз көзімен көрмегендер көптеп кездеседі. Музейге қажет болған жөндеу жұмыстары жасалынып, терезелер заман талабына сай ауыстырылды. Музей облыстағы басқа да музейлер мен қатынаста болып, бірге жұмыс жасап отырды. Музейде ғылыми қызметкер тақырыптық лекциялар, конференциялар әр түрлі ғылыми жұмыстар және көрмелер ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар музейді кеңінен насихаттап, музейге келушілерді арттырады. Оған мысал ретінде, соңғы 3 жылды алып көрсетсек 2016 жылы 9365, 2017 жылы 12802, 2018 жылы 12468 көрермен келді [6].

«Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының ашылуы және оған басшы болып М.Бердімұратовтың отыруы ортағасырлық Сарайшық қаласының ғылыми тұрғыдан зерттелуіне және оны әлемге шынайы насихаттауға, қала орнын сақтау жұмыстарының жандануына жаңа жол ашты.

1999 жылдан 2018 жылға дейін үздіксіз музей-қорықты басқарған М.Бердімұратовтың ел арасындағы еңбегі еленіп, «Лениннің 100 жылдығы», «Ел ардақтысы», «Егеменді Қазақстанның 20 жылдығы», «Халық ағарту ісінің үздігі» медалдарымен марапатталып, «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың құрметті қызметкері», «Махамбет ауданының құрметті азаматы» атағы беріледі.

Зейнеткерлікке шықса да, Сарайшық туралы жаңалықтар естісе, селт етіп, музей-қорық басшысына телефон соғып жағдайды біліп отырады. Келген көрермендерде ол кісіні қадір тұтып, сол кісінің әңгімесін тыңдағысы келіп тұратыны да жасырын емес.

Өмірлік жары Жұмағыз апай екеуі 4 ұл 3 қыз тәрбиелеп, солардан немере шөбере сүйіп отыр.

Саналы ғұмыры осынау киелі де қасиетті өңірде өткен ерен еңбек иесі шежіре толы абыз қартымызға Алла әлі ғұмыр берсін деп тілейміз!

## **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Мұқтар Ә. Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі // EGEMEN QAZAQSTAN. -2019. -№44(29523). -6 наурыз.
- 2 Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты(алда –АОМА). 376 қ., 2 т.ж., 242 іс, 403-404, 412-413 п.
- 3 Шахатов Қ. «Сарайшық» кешенінің іргетасы қаланды // Атырау. -1999. - 25 мамыр. - №59 (17440).
- 4 Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. И.Тасмағамбетов, З.Самашев. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.
- 5 Х.Табылдиев тарих ғылымдарының докторы, профессор //Атырау газеті. -1999. -9 қараша.
- 6 Сарайшық музей-қорығы архивінен.
- 7 Ноғаев жеті ханның сүйегі жатқан Сарайшықты қалпына келтіріп жатыр [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nogaev-jet-hannyin-suyeg-jatkan-sarayshyiktyi-kalpyina-277843/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nogaev-jet-hannyin-suyeg-jatkan-sarayshyiktyi-kalpyina-277843/)
- 8 Сарайшық енді суға кетпейді <https://egemen.kz/article/171863-sarayshyq-endi-sugha-ketpeydi>

## ИНДЕР АУДАНЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

**М. Жалғасбаева**

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің  
Индер аудандық бөлімшесінің меңгерушісі

Индер ауданы алғашында Есбол атауымен 1928 жылы құрылған. 1962-64 жылдары Махамбет ауданының құрамында болып, 1965 жылдан бастап Индер атауымен қайта құрылды. Құрамында 1 кенттік, 6 ауылдық әкімшілік округі және олардың құрамында 18 ауыл бар.

Индер аудандық музейі Қазақстан Коммунистік Партиясының Индер аудандық комитеті бюросының 1977 жылғы 30 қыркүйектегі қаулысына сәйкес, сол жылдың 5 қарашасында қоғамдық негізде жұмысын бастаған. Музейдің алғашқы қызметкері Ұлы Отан соғысының ардагері, отыз жыл ұстаздық қызметті абыроймен атқарған, Индер ауданының «Құрметті азаматы» Сейілхан Ғабдуллин.

Қазіргі уақытта музейде «Аудан тарихы», «Тарихи тұлғалар», «Аудан ардақтылары», «Этнография», «Археология және Өлке табиғаты» 5 - экспозициялық зал жұмыс жасайды. Мұнда өңір тарихынан бастау алатын жәдігерлерден жасақталған. «Қиядан қолды көрсеткен Төбеңе шығар күн бар ма, Жотасы биік Дендерім» деп, XVII ғасырда –ақ өлкемізді жырға қосқан Жиёмбет Бартоғашұлы жыраудың толғаулары, Махамбет Өтемісұлы мен Мұрат Мөңкеұлы ақындардың, діни ғұлама, ағартушы Әйіп қажы Бекенұлының, ауданнан шыққан 16 Социалистік Еңбек Ерінің, Ұлы Отан соғысы батырларының, ауданның ардақты тұлғаларының тұрақты экспозициялық көрмелері қойылған.

Өлкеміздің ерте кездегі жануарлар әлеміндегі мамонттың және басқа да ірі жануарлардың сүйектері, құстар мен аңдардың тұлып-бейнелері, колөнер бұйымдары, тағы басқа да көптеген құнды заттар мен құжаттар орналасқан.

Биыл 2020 жылы 9- мамырда Жеңіске 75 жыл толады. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Біз - жеңімпаз әкелердің бақытты ұрпағымыз. Егер олар жеңіске жетпегенде, қазір біздің жағдайымыз қандай боларын елестетудің өзі қиын. Сондықтан ардагерлеріміз мерекеде ғана емес, күнделікті өмірде де барлық құрметке лайық», дегендей Отан үшін от кешкен ардагерлеріміз әрқашан құрметке лайық. Екінші дүниежүзілік соғыста ауданымыздан 3654 адам аттанған, (мың тоғыз жүз сексен жеті) адам соғыста қаза тапқан, 454 адам хабарсыз кеткен, (мың екі жүз он үш) адам соғыстан аман оралған.

Ауданымыздан 3 бірдей Кеңес Одағының Батыры және бір Даңқ ордендерінің толық иегері шықты. Даңқты жерлесіміз Боран Нысанбаев - 1943 жылы Ресейдің Орел облысы, Лески деревнясы жанындағы ұрыс кезінде жау дзотын кеудесімен жауып, өзі ерлікпен қаза тапты. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бүгінде батыр есімі Көктоғай ауылындағы орта мектеп, Индерборда көше Б.Нысанбаев есімімен аталады.

Жерлестеріміз Иван Федорович Махорин мен Иван Николаевич Березин ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атанса, Гавриил Петрович Шамин «Даңқ» орденінің үш дәрежесіне бірдей ие болды.

«Аудан ардақтылары» залында экспозициядан Хамит Нұрманов, Қосжан Есқалиев, Төлеу Кененов, Қалу Қалбағалиев, Құспан Дүйсенбиев, Сейілхан Ғабдуллин, Рахымғали Қуандықов, Сұлтанғали Пшатаев, Ғабдуали Әбуов, Орынбасар Мұстафин, Жолдас Аймұратов, Сағидолла Нұрбаев, Дүйсенғали Төлешов, Жолдас Аймұратовтың соғыс ардагерлері тұтынған құнды жәдігерлері және «Покровский край», «Батыр Боран Нысанбаев», «Боздақтар» екінші том, «Мәңгілік мінәжат» кітаптары музейде орын алған.

Екінші Дүниежүзілік соғыста Индер ауданынан хабарсыз кеткен жауынгер жерлесіміз бірі Өмірбаев Өмірғали. Жауынгердің әскери өмір жолы туралы ұрпақтарынан мәлімет жинап, жылдық жоспарға сәйкес ғылыми жұмыс аясында шығарған фотоальбом шығарылды [1].

Өмірбайұлы Өмірғали- 1943 жылы 7 наурыз күні соғыста ерлікпен қаза тауып, Ресей Федерациясындағы Орёл облысы, Комаричи ауданы, Лукинки деревнясында 900-ден астам жауынгерлердің мүрдесімен бірге «Бауырластар» зиратында жерленген.

Қаза тапқан Өмірбаев Өмірғалидың әскери-жауынгерлік өмір жолы туралы ұлы Өмірбаев Жолдасқали естелігінде былай дейді:

«1942 жылы қаңтар айында әкеміз, атамыз Өмірғали інісі Темірғалимен бір күнде, жерлесі Боран Нысанбаевпен (кейін Кеңес Одағының Батыры

атанған) бұрынғы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Қанбақты ауылына қарайлас майданға алынған.

1943 жылы хабарсыз кетті деген «қарақағаз» келген, бірақ қолға тимеген. Әлденеше рет облыстық, аудандық әскери бөлім арқылы Ресейдегі Подольск қаласындағы Бүкіл Одақтық архивке сұрау салғанмен ешбір хабар болмады. Арада 62 жыл өткен соң 2005 жылдың басында әкеміздің Ресей Федерациясы Орел облысы, Комаричи ауданы, Лукинки деревнясында 1943 жылы 7 наурызда ерлікпен қаза тауып, сонда жерленгені жөнінде әбден сарғайған, жыртылған «қарақағаз» көшірмесі табылды».

2005 жылдың Жеңістің 60 жылдығына орай, атаның немересі Талғат әкесі Жолдасқалимен бірге «Бауырластар» зиратына барып, әке-ата рухына дұға бағыштап, туған жердің бір уыс топырағы себіліп, гүл шоғы қойылды. Орел облысының губернаторы Е.С.Строевтың, қала мэрі В.И.Уваровтың қабылдауларында болып, мерекелік шеру-шараларға қатынасты.

Өмірбаев Өмірғалидың жұбайы Өмірбаева Ақмаш, 1913 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданы, Кулагино селолық кеңесінде дүниеге келген. 1932 жыл тұрмыс құрып, 4 перзент сүйген, екеуі шетінеген. Жұбайы Өмірғали, інілері-Темірғали, Сұлтанғали үшеуі Ұлы Отан соғысына аттанып, бәрі де оралмаған. Жұбайы Ақмаш балалары Үміт пен Жолдасқалиді тәрбиелеп өсіріп, әкелерін жоқтатпай ел қатарына қосқан.

Ақмаш Өмірбаева көзі тірісінде жұбайының мәңгілік жатқан жерін естіп, ризаланып, 95 жасқа қараған шағында дүние салды. Өмірге әкелген ұлы Жолдасқалидан 4 перзент, олардан 15 немере-шөбере көріп, олардың сәбилік қуаныш қызығына бөленген әже. Соғыс жылдарында колхоздың әртүрлі қара жұмыстарында еңбек еткен, майданға кеткендер үшін қолғап, шұлық т.б. жылы киімдер тоқып жіберген.

Майдан даласында ажал оғын сепкен бомболаушы ұшақтардың гүрілі, танктердің дүбірі, зеңбіректердің күркірі, винтовка, автоматтардың құлақ тескен үні өшіп, әлемге тыныштық сыйлаған Жеңіс туының салтанатпен желбірегеніне биыл 75 жыл толып отыр. Неміс-фашистерін өз ордасында талқандауға бүкіл әлем бойынша 20 млн-нан астам (соңғы есептерде 27 млн.дай) адам шаһит болған болса, Ұлы Жеңіс қазақ халқы үшін де оңайлықпен келген жоқ. Сұрапыл соғыста еліне ие, жеріне қожа болу үшін бойындағы барын, асыл арманын, тәтті үмітін, қыршын жасын құрбандыққа шалып жеңісті жеделдеткенмен, соның қызығын көруге жазбаған, елінен жырақ, туған топырағы бұйырмай майдан даласында опат болып, мүрделері белгісіз солдат қорымдарында қалған ел боздақтары, хабарсыз кеткендері жетерлік. Өмір бойы хабарсыз кеткен боздақтарын сағынған ақ шашты аналар, әке мейірімі бұйырмаған ұл-қыздар қанша ма?

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің Индер аудандық бөлімшесінің қоры



## ТАЛАНТТЫ ДАРЫН ИЕСІ - ИЛЬЯ ЖАҚАНОВ

**А.А. Жауынбаева**- тарих пәні мұғалімі

Атырау облыстық ұлттық гимназиясы

**А.Ғ. Бағытжан**

Атырау облыстық ұлттық

гимназияның 11 сынып оқушысы

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар музыкалық қазынасының терең бір арнасы – ән өнері. Бұл өнер заманалардың қатал сын-дауылдарынан мүдірместен өтіп, өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпелілердің биік руханияты мен мәдениетінің сарқылмас бұлағына айналды. Қазақ әндері о баста ауызекі түрде шығып, тарап, өз тыңдаушыларының жүрегіне биік орнығып, әр заманда сұрыпталып, сан түрлі реңі-бояуларымен, міне ХХІ ғасырға да жетіп отыр. Халқымыздың рухани тынысының кеңеюі мен эстетикалық сана-түсінігінің терең қалыптасуына бұл әндердің әсер-ықпалы орасан зор болды. Ән өнері халықтық тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрыпқа деген талғамын ғана өсіріп қойған жоқ, сонымен бірге біздің жан-дүниемізді сұлулық пен мейірімге, ізденіс пен махаббатқа түбегейлі іңкәр етті.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген қазақ халқы небір әдемі әуенге өрілген, асыл сөздің мөлдіреген моншақ-кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын ізгілік пен адамгершілікке жетеледі. Осылайша буыннан-буынға жалғасып келеді.

Кейбір кер заманда қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғалар халық әндерінің тағдырына да кері әсер еткені анық. Мәселен, кешегі қызыл империяның ызғары қазақтың ән өнеріне өзінің сұсты көлеңкесін түсіріп кетті. Өйткені, қаншама әндер авторларының аты-жөнін ашық айтуға болмағандықтан, олардың көшпелі халық әндері қатарына барып қосылған болса, енді біразы әлі де иесін таппай жүр. Сондай-ақ, кейбір әндердің әуендері ұқсас болып келгенімен, ән мәтінінде алшақтық байқалады. Енді бірсыпыра әндер қоғамдық-әлеуметтік игі өзгерістердің әсерінен заңды иелерін тауып та жатыр. Осындай қиын, қытымыр заманда өмір сүрген күміс көмей, жез таңдай әншілер мен замана бұлбұлдарынның, халық композиторларының өнерін зерттеуші, сұлу сазды әндер мен сиқырлы әуендер әлемінің падишаһы, танымал сазгер талай буын тамылжыта шарқаған алға қарай да айтыла беретін әндерді дүниеге әкелген композитор - Илья Жақанов еді.

Илья Жақановтың шығармашылық әлемі аса кең: Ол – тамаша қаламгер жазушы, шебер драматург, ел ішін ерінбей - жалықпай шарлап халық әндері мен әншілер туралы дерек іздеуші фольклоршы, саяхатшы - ғалым, қазақ радио пьесасы атты өнер саласының негізін салушы, халық композиторлары мен халық әншілері туралы телехабарлар жүргізудің майталман шебері.

Илья Жақанов – романс жанрына терең бойлайтын композитор. Романс көбіне лирикалық поэзия мәтініне құрылып, аспаптық музыкада вокалдық негізде жазылады. Бұл ретте композитордың табысы аса қомақты. Мәселен: «Бір жым-жырт жолға шықтым түнде жалғыз» (Хор-капелла орындайды. Хорға түсірген – атақты дирижер Анатолий Молодов), «Есінде бар ма жас күнің?», «Нұрланып менің-дағы туар айым», «Өткен қайтіп оралмас», «Өмірім менің», «Жан жолдас», «Жан сәулем», «Аңсадым сені», «Түнгі зефир», «Қартайдық, қайғы ойладық...». Осы романстарды Ришад Абдуллин, Ермек Серкебаев, Суат Әбусейітов, Қанат Құлымжанов, Ғалым Сүлейменов, Ғафиз Есімов, Кенжеғали Мыржықбаев, Ұлан Кенжебаев тағыы басқа тенорлар мен баритондар орындаған. Бұл романстар ойға, сезімге от тастар, кісі қиялын шартарапқа жетелер керемет көтеріңкі ғажайып әуендер әлемі.

Илья – лирик ақын. Алғашқы кезде оның бірқатар әндері өзінің сөзімен шықты, ілгеріректе мүмкін композитор әніне лайық сөз таба алмаған болар. Сондықтан өзінің ақындық талантын іске қосқан. Әуелі туған мелодиясының мінезіне сай сөзді өз көкірегінен туындатты. Мысалы, мына әндер Ильяның өз сөзімен үндестік тапты: «Ақ қайың», «Асылым», «Әсел», «Бозкөл», «Бұлбұл еді», «Даниярдың әні», «Жайлаукөл кештері», «Көгілдір көлме», «Қыземшек», «Сырымбет», «Толағай», «Шолпан жұлдыз». Олар мелодияның дәл пернесін басқан поэтикалық жолдармен қиындасса, кейіннен Батыс Қазақстанда туған «Доссор вальсі», «Мақаттың ерке бұлбұлы», «Құлсары», «Ағады Жайық, ағады», «Маңғыстау» әндері де өз жан-жүйесін баураған сөздермен дүние есігін ашты.

Илья Жақанов шебер жазушы. Оның «Қайта оралған ән» (1968), «Қош бол, вальс» (1969) повестері шықты. Қазақтың ұлы қобызшысы Ықылас жайлы «Кертолғау» (1989) романы алғаш қырғыз тілінде, кейін қазақ тілінде «Ықылас» (1990) деген атпен жарық көрді. «Екі жирен» (1976), «Бірінші концерт» (1979), «Махаббат вальсі» (1983), «Аққулар қонған айдын көл» (1988), «Үзілген ән», «Бұлбұл әуезі» (2006), «Сырлы жүрек пернесі» (2008) [1], «Зәуреш» (2012) [2], атты деректі әңгімелер, лирикалық эсселер және новеллалар жинағы, сондай-ақ «Қарабура» (1977) тарихи танымдық шығармасы, «Сынған қылыш» (1981) атты қырғыз тілінен аударылған (Төлеген Қасымбековтың диалогиясы) тарихи романдары шықты.

Илья Жақанов Жақанұлы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» (1990); «Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» (1994); Халықаралық әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті академигі (1997), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998), Ұлттық музыка академиясының, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры. Жамбыл Жабаев (1993) және Шыңғыс Айтматов (1999) атындағы халықаралық сыйлықтардың лауреаты. Қазақстанның «Парасат» (2004), Қырғызстанның «Дәнекер» (2004) ордендерімен марапатталған.

«Дарқандығы даладай» дейтін ұғым аясында ойлана қалсақ, Ильяның шығармашылығында қадау-қадау ұстын дінгектей өз орыны бар «Толағай», «Сырымбет», «Бозқараған», «Балқантау», «Кенгірдің қоңыр кештері», «Еділ-Жайық», «Есіл бойы», «Ойыл толқыны», «Жайлаукөл кештері» әндерінің бойына сол даласынан дарыған дарқан дарындылықтың нұрлы сипаттары мол сіңген.

Илья Жақанов – халықының сүйікті ұлы, оның ыстық ықыласы мен ілтипатына бөленген алаштың ардақты азаматы. Осындай сәтте қазақтың атақты ақыны Мұхтар Шахановтың мына бір өлең шумағы еріксіз еске оралады:

Төбелер көп өмірде, ал биіктер санаулы,  
Ұнатады ел сондықтан, биікке көп қарауды.  
Шымшықтар көп өмірде ал сұңқарлар санаулы,  
Санаулы олар сондықтан жалпы жұртқа қалаулы!

Композитордың терең мағыналы, ұлттық нақыштағы жібектей жұмсақ әндері мен қалың оқырманның жүрегінен орын тапқан шығармалары кейінгі ұрпақ біздерге үлгі боларлықтай.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Жақанов И. Сырлы жүрек пернесі. Алматы : «Ұшпақ» баспасы, 2008. - 124 б.
- 2 Жақанов И. Зәуреш. Алматы: «Фолиант баспасы», 2012 ж.

### **ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАН АЗАМАТ**

**(Отызыншы жылдары Қазақстан өлкесін басқарған азамат Х.Ақботин туралы)**

**А.Ж. Жұмабаев**- магистр, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК археологы

**А.Ж. Сакупова** - тарих пәні мұғалімі,  
Ғ. Мәсәлімов атындағы орта мектеп,  
Исатай ауданы, Х.Ерғалиев ауылы

Өмірі халқымен тағдырлас болған Халит Ақботинді Алаш зиялыларынан бөліп қарастыруға болмайды. Оның ғұмыр-өнегесі мен халық алдындағы қызметін зерттеу енді ғана қолға алынып келеді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихтың көптеген «ақтандақтары» ашыла бастады. Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың 30-40 жылдары жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарының есімдері енді ғана белгілі болып отыр. Солардың бірі, бірегейі жерлесіміз Халит Ақботин.

Мақалада Халит Ақботиннің 20-30 жылдардағы қоғамдық-саяси процестерімен тығыз байланыста болғандығы қарастырылады.

Халит Ақботин 1902 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылында, кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ганюшкиндегі екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алғаннан кейін, 15-16 жасында Астрахандағы балық кәсіпшілігінің қожасы Виницкийдің қарауында жалға жұмыс істеген. 1921-1923 жылдары Краснояр уезінде облыстық әскери комиссариаттың іс жүргізушісі болған. Өзінің табиғи дарыны, іскерлік қабілеті арқасында Халит тым жас кезінде жастар арасында саяси-қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, Бөкей ордасының уездік комсомол комитетінің хатшысы, уездік партия комитетінің бюро мүшесі болады. Халит Ақботиннің өмір жолына зер салып қарап отырсақ, жастайынан қоғамдық-саяси өмірге жасындай жарқырағанын білесің. Ол 24 жасында Орал облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, губерниялық партия комитетінің бюро мүшесі болып қызмет атқарған [1, 78-80 б.].

Әрбір тарихи тұлға туралы сөз қозғағанда, жан-жақты саралап, сабырлы салмақтамайынша оны әділ бағалау қиын.

Халит Ақботин 1927-1930 жылдары Сырдария губерниялық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, округтік партия коллегиясының хатшысы, кейін төрағасы болды. Содан кейін 30 жасында-1932 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің көлік жөніндегі хатшысы, бюро мүшесі болып сайланады. Осы кезде ол Үкімет мүшелері Құлымбетов, Құрамысов, Қабыловтармен жұмыс бабында танысып, пікірлес болған. Қазақ жеріндегі өткен ғасырдағы ең үлкен құрылыстардың бірі Түркістан-Сібір темір жолы болды. Халит қызмет бабы бойынша осы темір жол құрылысына жан-тәнін сала араласып, оның жұмыс қарқынын тездетуге үлкен еңбек сіңірген. Құрылыс және басқа да кейбір мәселелер туралы сол кездегі 1925-1933 жылдар арасында билік басында болған Голощекинмен келіспей, талай пікір таластырған. Соның салдарынан оны көп ұзамай, 1933 жылы Гурьев (Атырау) округтік партия комитетінің бірінші хатшысы етіп жібереді. Бұл Гурьев әсіресе оның қарауындағы Маңғыстау елі жаппай ашаршылыққа ұшыраған өте қиын мезгіл болатын. Маңғыстауда еріксіз ұжымдастыру (Колхоздандыру) отырықшыландыру басталып және алым-салықтың жөнсіз көбеюінен зардап шеккен халық шыдамы таусылып, күн көру үшін Түркіменстан, Қарақалпақстан, Иран, Ауғанстанға көшіп кетуге мәжбүр болған жыл еді. Осындай ел басына күн туған, ауыр жағдай Халитты қатты мазасыздандырып, одан тез құтылу шарасын алуға кіріседі. Ол шұғыл түрде өлкелік партия комитетінің хатшысы Нұрпейісов пен Халық комиссариатының төрағасы Құлымбетовке жедел хат жолдап, жағдайды асқындырмау үшін көмек сұрайды. Жазған хаттарында Ақботин мен Айтмағамбетов: Азық-түлік қиыншылығы кезінде Қарабұғазға, Байрамалыға, Түркіменияға, Махачкалаға ауа көшушілер күшейе түскені байқалады. 14 тамызда Махачкала бағытындағы пароходпен 200-ден астам босқын кетті.

Бозашы аймағының 18-19 ауылдары жеке-жеке топ құрып, далада босып жүрді. Мұқтаждарға көмек мәселесін мұнан әрі шешпеу босқындықты, одан туындайтын зардаптарды асқындыра түседі. Округте ешқандай ресурстар жоқ, көмек алған жоқпыз. Біздің 9 тамыздағы сұранысымызға сіздерден жауап келмеді, осы мәселені жеделдетуді өтінеміз-делінген [2, 19 б.].

Онымен де шектелмей Маңғыстау халқын азық-түлікпен қамту үшін Бақсай, Тайпақ аудандары шаруашылықтарынан Маңғыстау халқына қой, сиыр малын тегін беруге рұқсат алып, оны іске асырады. Сөйтіп Маңғыстаулықтарды тығырықтан алып шығады.

Өздері де қарап жатпай қам жасап, Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ізмұқаш Құрамысовпен келісе отырып, Тайпақ, Бақсай Махамбет аудандары шаруашылықтарынан қой, сиырды тегін алып, Маңғыстау ауданының ашыққан ауылдарына үлестіріп берген. Мұнан басқа Халит Ақботин ата-аналары аштықтан өлген, панасыз қалған жетім балалардың басын біріктіріп, зайыбы Нафиса Мұхамеджанқызымен балалар үйін ашып, оны орнымен, киім-кешекпен, асханамен қамтамасыз етеді, балалар үйіне апта сайын келіп, хал жағдайларын біліп тұрған [3].

Халит Ақботин округтің экономикасы мен мәдениетін дамытуға, әсіресе мұнай мен балық шаруашылығын өрге бастыру мақсатында жедел де тиімді шаралар белгілеп, іске асырады. Сонымен қатар, ата-аналары аштықтан, аурудан қаза тапқан балаларды жинастырып, оларды жәйлі орын, киім-кешекпен және азық-түлікпен қамтамасыз етуге өзі тікелей араласып, басшылық етеді.

Сол бір қиын мезгілдің өзінде ұлт мәдениетін дамыту туралы округ партия комитетінің бюро мәжілісінде арнаулы мәселе қаралып, оны іске асыру жайында тиісті шешім қабылданады. Осы жылдары ол халық ағарту ісінің үздігі белгісімен және Совет үкіметін нығайтуға, социалистік құрылысқа белсене қатысқаны үшін Қазақ республикасы атқару комитетінің 20 қазан 1935 жылғы қаулысымен Қазақ республикасының 15 жылдығы значогімен марапатталады. 1937 жылы Халит Ақботин Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі және бюро мүшесі болып, партияның Бүкілодақтық XVII съезіне және өлкелік партия комитетінің конференциясына делегат болып сайланады. 1937 жылы Батыс Қазақстан облысының бірінші хатшысы У. Құрамысов кінәсіз тұтқындалғаннан кейін обылыста жаппай жазықсыз жазалау басталып, соның ішінде Халит Ақботинге де Құрамысовпен тығыз байланыста болған, контрреволюцияшыл ұлттық ұйымдардың мүшесі, «ағылшынның тыңшысы» - деген жаламен Алматы қаласында тұтқындалып партия қатарынан шығарылып, тағдыры тез шешіліп, 8 наурыз 1938 жылы СССР жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімі бойынша Алматыда Құрамысовпен бірге атылады. Сөйтіп Голощекиншілер ел үшін адал еңбек еткен, көрнекті тәжірибелі халық қайраткерін нағыз кемелденген шағында, 36 жасында ешбір жазықсыз өмірден айырады. Ол

жылдары бұндай зұлымдыққа қарсылық жасаудың еш мүмкіндігі болмағаны бәрімізге белгілі. Халиттің жұбайы Нафиса күйеуі жау дегенге сенбей,оны құтқарып қалу қамын ойлап, аласұрады. Ол Алматыға келіп, Халитпен кездесу жолын іздеп жүрген күндерінің бірінде, қазақ тергеуші оған сыбырлап: Жұбайыңызды енді күтпеңіз,өзіңіз де жазаға тартылып, балаларыңыз жетімдік көрер,одан да бүгінгі түннен қалмай Қазақстаннан басқа жаққа кеткеніңіз дұрыс деп жанашырлық білдіреді.Қолынан ештеңе келмей, қапаланған Нафиса Халит атылған түні жолға шығады, елдегі екі қызы Клара мен Люцияны ертіп, Астрахань жаққа кетіп, туысы Хабиболлаға барып бас сауғалайды. Көп кешікпей Нафиса құсадан дүниеден өтеді. Қыздары нағашы апасының көмегімен өсіп бой жетеді. Қыздары бүгінде Павлодар қаласында балалармен, немерелерімен тұрады. Кларасы орта білімді, Люция жоғары білімді дәрігерлік мамандыққа ие болып, жемісті еңбек етуде. Халит қыздары алғыр, батыл болып өсті. Олар өздеріне жастайынан «Халық жауларының қыздары» деген ат тағылғанына және НКВД органдарынан оқу кезінде көрген әр түрлі орынсыз қорлығына қарамай, өздерінің есімдері мен фамилияларынан еш уақытта бас тартпаған, қашан да «әкеміз ақталады»-деген сенімдерін жоғалтпаған. Шыныменде солай болды да. Бұлар әкесінің ақ екендігі жөнінде бірінші хабарды 1957 жылы алса, 1977 жылы Одақтық бас прокурор Руденконың өзінен Халиттің еш кінәсі жоқ деген құжатты қолдарына алды. Сөйтіп әділдікке қол жеткізеді. Халит Ыстамғалидан жеті ағайынды, солардың екеуі Ғұмар мен Закидолладан ұрпақ жоқ, інісі Махмуд отан соғысынан оралмаған. Атырауда Мұғалім деген інісінің баласы Әділхан тұрады. Ол бес ағайынды туысы Салауаттан Болат есімді ұлы болса, Құспаннан үш ұл қалған.

Саламат Хайдарұлы Ақботиндер әулеті жайлы жазған еңбегінде Х.Ақботиннің атыраулықтар үшін жасаған тағы бір жақсылығынан хабар береді. Онда 1934 жылы Атырауда ұлттық театыр ашу туралы қаулы алып, оны өзі ұйымдастырып, «Балықшылар» клубын беріп, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісін» қойып, басты рольдерде Құрмаш пен Алма Доғалақовтар, Қабдол Утеулиевтер ойнаған.

Халит Ақботиннің халық алдында қалтықсыз қызмет еткенін ел бағалап оны екі рет КСРО Орталық партия комитетінің 16 және 17 съездерінде делегат етіп сайлайды. Қазақстанның Орталық, (ол кезде өлкелік), облыстық партия комитеттерінің бюро мүшесі болды.

Атырау қаласының құрметті азаматы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Табылдиев Хисмет Бозанұлы Ақботиндер әулеті туралы тың ғылыми зерттеулер жүргізіп, Павлодар қаласындағы Люция мен Кларамен кездесіп Республикалық Орталық және облыстық архивтерді ақтарып өлке тарихы жайлы материалдар жинастырып кітап жазуды жоспарлап жүрген шағында өкінішке қарай өмірден озған болатын.

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен 2017 жылы 31 мамырда Алашорда үкіметінің 100 жылдығына және 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік» тақырыбында көрме музейге келуші көрермендерге, көпшілікке ұсынылды. Көрме Алаш қайраткерлерінің және саяси қуғын-сүргін құрбандарының өмір жолдары мен атқарған қоғамдық-саяси қызметтерін тереңінен зерттей отырып, Алаш зиялыларының ұстанған идеясын, зұлмат заман зардабын түсіндіру мақсатында өткізілді [4]. Келешек ұрпаққа бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы-осы Алаш арыстары мен саяси қуғын-сүргін құрбандары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар сынды Х.Ақботинде тарих беттерінде есімі алтын әріптермен жазылуға әбден лайықты азаматтың бірі де, бірегейі.

«Қазақта ұлыларды ұрпақ үшін ұмытпа»- деген ұлағатты сөз бар. Сол бір ауыр, зұлмат жылдары репрессия құрбаны болған асыл азаматтарды еске алып, олардың еңбек жолын кейінгі ұрпаққа-үлгі-өнеге ету игі дәстүрімізге айнала бергей. Бабаларымыз, осы ұлағатты іске бәріміз мұрындық болғанда ғана аталар аруағы бізге риза, жебеуші болмақ. Халит Ақботин өзінің ел алдындағы азаматтық парызын адал орындаған халық қайраткері екені ақиқат. Атырау қаласында, қала берді Маңғыстауда мектеп, колледжге осы азаматтың есімі берілсе еш артық болмас еді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Хайдарұлы С. Қанды асу. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 1997. – 164 б.
2. Халит Ақботин. Жұлдыз журналы. -1992. -№12.
3. Табылдиев Х. Халық құрметтеген Халит. Алтын Орда // 2005. 3 маусым-9 маусым. - №22 (280)
4. Алашорда үкіметінің 100 жылдығына және 31 мамыр саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік» тақырыбындағы көрме/ <http://atyrau-museum.kz/index.php/kz/murazhaj-turaly/kormeler/> Пайд. уақыты: 10.05.2020

#### **ЛЕНИН ОРДЕНДІ МЕТЕОРОЛОГ - ҒАЙНЕДЕН ЖӘЛЕКЕЕВ**

**А.Ж. Жұмабаев**- магистр.  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы РМҚК археологы  
**А.Р. Салыхова**- тарих пәні мұғалімі,  
№24 орта мектеп, Атырау қаласы

Қазақ халқы өткеннің қадірін кәрінің райына, болашақты жастардың шырайына, заманның ыңғайына, көптің бағытына қарай таныпты. Қасиет қонған, киелі Нарын топырағынан түлеп ұшқан, ерең еңбегімен танылған тұлғалар аз емес. Өлкемізден ауыл шаруашылығының, мәдениет, білім беру саласының үздігі атанған тұлғаларды жиі естиміз. Мақаламызға арқау болып отырған Жәлекеев Ғайнеден Жәлекейұлы - өлкемізде сирек аталатын мамандық ауа-райын бақылау саласының майталманы болған азамат. Ғайнеден Жәлекейұлы - 1931 жылдың 23 тамызында қазіргі Атырау облысы, Исатай ауданы, Забурын селосында қарапайым балықшының отбасында дүниеге келген. Әкесі - Жәлекей, анасы - Хафуза бірлігі жарасқан, татулығы кейінгіге үлгі боларлықтай 6 бала тәрбиелеген жанұя еді. Үйдің үлкені - Ғайнеден, алғашқы еңбек жолын 1951 жылы Забурын селолық ауа-райын бақылау станциясында бақылаушы болып бастады.

Ғайнеден Жәлекейұлы 1951-1954 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Әскер қатарынан оралған соң 1955-1958 жылдары Забурын селосындағы ауа-райын бақылау станциясында бұрынғы қызметін жалғастырды. 1955 жылы Ақтаева Ғайнижамалмен шаңырақ көтерді.

Кейіннен 1958-1961 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысының Чапаев ауданында орналасқан ауа-райын бақылау станциясының басшысы болып тағайындалды. 1965-1968 жылдары Өзбекстан Республикасының астанасы - Ташкент қаласындағы ауа-райын бақылау техникумын «Техник-метеоролог» мамандығы бойынша бітірді. 1961 жылдан бастап дүниеден озғанға дейін, яғни 1994 жыл арасында Исатай ауданы, Новобогат (қазіргі Қамысқала) селосындағы ауа-райын бақылау станциясының басшысы болып қызмет атқарды [2].

Жәлекеев Ғайнеден адал өлшеусіз еңбегінің арақасында бірнеше жетістіктерге қол жеткізді. Тоқтала кетсек, 1959 жылдың қыркүйек айында еңбектегі жоғары жетістігі үшін «Өз ісінің үздігі» атағы берілді. 1962 жылы Социалистік жарыстың жеңімпазы деп танылып, «Өз ісінің үздігі» атағын 2 мәрте алды. 1964 жылы Социалистік міндеттемені асыра орындағаны үшін ҚазақКСР ауа-райын бақылау орталығының «Құрмет тақтасына» ілінді. 1966 жылы КСРО-ның «Гидромет қызметінің үздігі» атанды. 1969 жылы наурыз айында Социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде ҚазақКСР ауа-райы бақылау орталығының «Құрмет грамотасымен» марапаттала отырып, ҚазақКСР ауа-райын бақылау орталығының «Құрмет кітабына» тіркелді.

Өлке ауа-райын бақылаудағы көп жылдық еңбектегі жетістіктерін ескеріліп, 1970 жылдың тамыз айында ҚазақКСР-інің құрылғанына 50 жыл толуына орай «Мақтау грамотасымен» марапатталды. 1971 жылдың 21 шілдесінде ең жоғары марапаттардың бірі - КСРО Жоғары Кеңесінің қаулысымен «Ленин» орденімен марапатталды. Аталған марапатты Ғайнеден Жәлекейұлы 1971 жылы Ленинград қаласында өткен Бүкілодақтық метеорологтар съезіне делегат болып қатысқанда алған [2].



Ғайнеден Жәлекейұлы өз ісінің үздігі екенін әр жылдары дәлелдеп отырды. Мысалы, 1972 жылы Социалистік жарыстағы еңбек жетістігі үшін «Мақтау грамотасымен», 1976 жылы Мемлекеттік жоспарды асыра орындағаны үшін Социалистік жарыстың жеңімпазы деп танылып, тоғызыншы бесжылдықтың жеңімпазы деп танылып, тоғызыншы бесжылдықтың жеңімпазының төс белгісі және бағалы сыйлықпен марапатталды. Кейіннен 1982 жылы 27 қаңтарда ҚазақКСР-ы Ауа-райы бақылау қызметінің 60 жылдығына орай көп жылдық қызметі үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталады.

Жолдасы Ғайнижамалмен екеуі 6 ұл, 4 қыз тәрбилеп өсірді. Балаларынан 34 немере-жиен, 6 шөберелері бар. Ғайнеден Жәлекейұлы жапырағы жайылған, тамыры тереңге кеткен мәделі бәйтерекке теңесек қателеспеген болар едік. Себебі артындағы ұрпақтары да әке салған сара жолмен өз еңбектерінің арқасында елге елеулі, саналы азаматтар болып өскен. Қысқаша ұл-қыздарына тоқталып кетсек. Жәлекеев Қамбар (1958 ж.) - Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Мамандығы - физика пәні мұғалімі. Бүгінде - Исатай ауданы, Аққыстау селосындағы Абай орта мектебінің директоры. Жәлекеев Амантай (1960 ж.) - Гурьев педагогикалық институтын тәмамдаған. Мамандығы - математика пәні мұғалімі. Қазіргі таңда Х. Ерғалиев ауылындағы Ғибатолла Мәсәлімов атындағы орта мектептің директоры. Жәлекеева Гүлбаршын (1962 ж.) - Аққыстау орта мектебінің химия-биология пәнінің мұғалімі. Жәлекеева Зоя (1964 ж.) - Атырау қаласындағы №2 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі. Жәлекеев Аманбай (1966 ж.) - Алматы қаласындағы Ішкі істер академиясын бітірген. Қазіргі таңда запастағы подполковник-зейнеткер. Жәлекеева Айсұлу (1968 ж.) - үй шаруасында. Жәлекеева Сандуғаш (1974 ж.) - сақтандыру компаниясында қызмет атқарады. Жәлекеев Абай (1971ж.), Жәлекеев Бисембай (1972 ж.), Жәлекеев Ардақ (1979 ж) қазіргі мезгілде автокөлікті терең меңгерген әр салада тәжірибелі жүргізушілер.

Ғайнеден Жәлекейұлына Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылында орналасқан Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Х. Ерғалиев атындағы бөлімшесінде өмірбаяны жайлы стенд орналасқан. Стендте метеорологтың өмірбаяны, еңбек жолы, Алматы қаласында семинарда метеорологтармен түскен, отбасы және жұмыс кезінен, әскер қатарында болған, марапаттарының фотосуреттері бар. 2003 жылы жарық көрген Исатай ауданының Шежіре кітабына енгізілген. Қорытындай келгенде, осындай қиын мамандықтың иесі, Ленин орденді метеоролог Ғайнеден Жәлекейұлына 1961 жылдан бастап, тапжылмастан 30 жылдан астам уақыт еңбек еткен қазіргі Хамит Ерғалиев ауылында ескерткіш тақта орнатып, көше атауын беруге лайықты деп санаймыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Исатай ауданы. Шежіре. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. - 176 б.

2 Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Хамит Ерғалиев атындағы бөлімшесі.

## **ХИСМЕТ ТАБЫЛДИЕВ - АТЫРАУ Өңірінің Көрнекті Зерттеушісі**

**Г.Қ. Қайырғалиева** -т.ғ.к., профессор,  
**А. Құрметұлы** -магистрант,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университеті

Тарихшы-ғалымның қоғамдық, ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету мақсаты маңыздылығымен құнды. Себебі бұл тақырып қазіргі кезеңде күрделі болып отырған мәселенің бірі. Біріншіден, жеке адамның (бұл жағдайда тарихшының) өмірі мен қызметін бағалау, зерттеушінің алдына көптеген тарихи, философиялық, этикалық, моральдық тұрғыдағы шешуін іздейтін қиындықтарды көлденең тартатын іс. Әсіресе, бұл жерде үлкен өзгерістерге ұшырап, бағдарлары жаңартылып жатқан тарих ғылымының еңбеккерлері, тұлғалары туралы зерттеу жасап, еңбек жазудың жүгі басқа салаларға қарағанда ауырырақ екені сөзсіз. Екіншіден, Қазақстан тарих ғылымының ірге тасын қалаған тарихшылардың біразының аты-жөні жұртшылыққа белгісіз, көптеген тарихшылар мен олардың еңбектеріне “маркстік-лениндік” тұрғыдан жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын, енжарлық пен дилетанттылықтың, салғырттықтың шекараларына жақын көңіл-күйдің бұл мәселеге мойын бұруға кедергі жасап отырғаны тағы бар. Қазақстан тарихшылары, олардың ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасаған еңбектер қазірде баршылық. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздік тұстағы рухани жаңғырудың бірнеше күре тамырлы негіздері туралы бар екені зерттеушілер ортасына әбден аян. Әлеуметтік-гуманитарлық саланы зерттеушілердің назары ел тарихының өзекті мәселелеріне түгел ауып отыр десек заман ақиқатынан алыс болмаспыз. Тәуелсіз тұстағы қолға алынып отырған қандай реформа болмасын, өткенді терең талдап, келешекті әлемдік тынысты ескеріп, объективті пайымдау арқылы ойдағыдай өрістей алады. Сайып келгенде тарих методологиясы бізді тек өткен замандардың ғана жөнсіздіктерінен емес, осы бүгінгі күнгі келенсіздіктерден де, тынысымыздың қысымы мен қоршаған ортамыздың озбырлықтарынан да құтқара алатындай болуы тиісті деген тұжырымдама дамитынын барша еңбектерінде барынша көрсете білген. Ата-бабамыздың шежіресін, өлкеміздің тарихын тануға бет бұрсақ ең алдымен халықтың аңыз-жырларына, ғалымдардың тұжырымдарына, сарғайған архив сөрелеріне, көне шежіре беттеріне үңілеміз. Кәрі Атырау көне шежіренің куәсіндей. Талай ғасырдың сыры мен құпиясын бауырына басып жатқан Қасиетті кәрі Каспий,

Ақ Жайық, Сарайшық сияқты қасиетті мекендердің тарихы, жерұйық іздеген желмаялы Асан Қайғы, Сырым би, ел үшін еңіреген Исатай-Махамбет көтерілісі Хисмет Табылдиев ұнатқан тақырыбына айналды. Өлке тарихын зерттеп зерделеуде тарихшы ғалымдармен, археологтармен бірлесіп жұмыстар атқарып, том-том кітаптар жазды. Болашақ ұрпаққа жер тарихын, ел тарихын таныту мақсатында. Атамекеніміздің толық шежіресін жазу үшін ежелгі кезеңдер тарихына тереңдеп барып, археологиялық деректерге жүгінді. «1960 жылы шыққан Қазақстанның археологиялық картасына көз жіберсек, қаламызға жақын бетіндегі Жайықтың сол жағасындағы Кондаур ауылының қарсы беткейіндегі кездескен ең ежелгі ескерткіш неолит мекені екен. Нақты ғылыми-зерттеу мағұлматтар жоқ болғандықтан, бүгінгі күні мұны шежіре ғып сөйлете алмай, тарихын таратып айтып бере алмай отырмыз» дейді тарихшы ғалым ағамыз. Тарих түбі - тереңде. 1960-жылдары осы қоныстан қазып алынған археологиялық материалдың Алтын Орда дәуіріндегі Сарайшықтан табылған заттармен өте ұқсастығы байқалған. Бұл заттарды зерттеген академик Әлкей Марғұлан түгел неолит кезеңіне жатқызған еді. Атырау-Кулагин жолына таяу Жайық өзенін бойлай жатқан қорғандарды және Қызылқоға ауданындағы қорғандарды да Кеңес одағы кезінде КСРО Ғылым академиясы Археологиялық институтының профессоры Л. Галкин зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бірақ бұл жұмыстардың зерттеу жұмыстары Қазақстанға әлі белгісіз болып отыр. Бұл құпияларды ашу болашақ тарихшы, археологтардың еншісінде. Өлке тарихын зерттеу тарихқа қызығушылықтан басталмай ма?!» дейді тағы. Өлке тарихының шежірешісі бізге қола дәуірін алмастырған темір дәуірінен бастап ( б.з.д.1мыңыншы жылдықтың жылдықтың басынан) бүгінгі заманымызға дейінгі аралықта тарихи оқиғалар мен тарихи кезеңдерді айтып бере алады. Ортамызда осындай шежіреші-көмбенің жүргені де мақтаньш емес пе?! 1640 ж. ағайынды саудагер Гурьевтер Жайық жағасынан алғаш қалашық орнатады. Кейін мұны қазақтар «Үйшік» деп атаған еді. Еліміз тәуелсіздік алған тұста өлкеміз байырғы «Атырау» атын алды. « Атырау» атын алуына да Хисмет Табылдиевтің тарихи тұрғыдан дәлелдеген еңбегі болды, ол кезде әрі облыстық Ономастикалық басқармасының мүшесі еді. «Мықты тарихшы ғалымдарымыздан дәріс алған Хисмет Бозанұлы өзінің ғылымға деген қызығушылығын, өмірлік көзқарасын қалыптастырып алды да, талап пен сенім денгейінен көрінді. Тарихи деректерді пайдалана отырып, Гурьев қаласының революцияға дейінгі және одан кейінгі тарихын талдап берді, мұнай мен балық шаруашылығының қалыптасу, өсіп-өркендеу жолдарын, облыстағы халыққа білім беру, денсаулық сақтау істерінің қалай дамығанын, жергілікті зиялы қауымның қалай қалыптасқанын зерттеу ғылымға оның ішінде еліміздің тарихына қосылған зор үлес болып табылады» -деп жазады тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев. Ғалымның ғалымға берген бағасы осындай. Әділ баға. Атақты Қаныш Сәтбаевтың назарына ілінген сирек жандардың бірі - кейін ел

таныған белгіл академик Салық Зиманов болатын. Таңдаған мамандығының шыңына шығуға ұмтылған Салық Зиманов Достоевский қағидасына сай әрекетімен әріптестерінің арасында мықты тұлғалығымен ерекшеленеді. Салық Зимановтың ғылымдағы өсу, өрлеу жолы ұрпаққа үлгі. Терең білімімен, адал еңбегімен Қазақстанның ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға, ойшыл ғалым Салық Зиманов Гурьев пединститутының жас оқытушысы Хисметті бір көргеннен ұнатады. Жас ғалымның зерделілігі мен еңбекқорлығына сүйсінеді. 1973 жылы Қазақстан Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспиранты Хисмет Табылдиев белгілі академик Салық Зимановтың ғылыми жетекшілігімен «Социалистік Гурьевтің тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Өзінің ақыл-ойының деңгейімен, рухани дүниесінің тереңдігімен биік әрі талапшыл көрінетін ұстаздың шәкірті болу да қиынның қиыны еді. Ол кезде қазіргідей емес, Атырау өңірінің тарихын зерттеу тақырыбы зерттеу жолға қойылмаған, «жабулы қазан» күйінде жатқан шақ еді. Бұл тың тақырыпты жарыққа шығарып, өлке тарихын зерттеп-зерделеу, тарихты таныту да бір мәртебе әрі шын еңбек болатын. Салық Зиманов өмірінде ешкімнің жолын кеспей, озам деушілерге де бөгет жасамай, өзі қалаған қалпында өмір сүрді. Өзі үшін де, өзгелер үшін де ештеңені дәлелдеуге тырыспайтын, еңбегі үшін ешкімге көлеңкесін түсіріп, салмақ та салмаған зиялы адам еді. Ұстазының осы мінезі де Хисмет Бозанұлының бойында бар. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген осы болар. 1997 жылы академик Манаш Қозыбаевтың кеңесшілігімен «Қазақстанда сауатсыздықты жою: тарихи тәжірибе және тағылым» деген тақырыпта тарих ғылымдарының докторлық диссертациясын қорғады. Осылайша Хисмет Бозанұлы Қазақстандағы сауатсыздықты жою ісіндегі тарихи тәжірибе мен әдістерді танытып, зерттеуге өз үлесін қосты. «Сауатсыздықтың жойылуы мен қорытындысы» («Ғылым» баспасы, 1996ж), «Сауатсыздықтан білім жолына» («Өлке» баспасы, 1997ж) монографиялық еңбектерін шығарды. Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев бұл еңбек туралы былай деп жазады: «Сауатсыздыққа қарсы күрес мәселесі тарих ғылымында әбден зерттелген тақырып, бұл іске Х.Табылдиев қандай жаңалықтар қосуы мүмкін деген сұрақтар тууы әбден мүмкін. Кеңестік тарихнама бұл мәселеге жете көңіл аударғаны шындық. Бірақ, ол сауатсыздықты жою процесін кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының ұлы жеңісі есебінде қарап, соған байланысты зерттеушілер назары, негізінен, тек жағымды фактілер мен көріністерге аударылды да, соның нәтижесінде мәселенің көптеген күрделі, қайшылықты қырлары талдауға алынбай келді. Міне, осыған байланысты профессор Х. Табылдиев зерттеулерінің негізгі жаңалығы, оның Қазақстандағы 1917-1991 жылдар аралығындағы сауатсыздықпен күрес процесін тек позитивтік тұрғыдан емес, бүгінгі заман талабына сай проблемалық тұрғыдан қарауында деп тұжырымдауға толық негіз бар. Зерттеуші Қазақстандағы сауатсыздықпен күрес процесін кезеңдерге бөлуде

өз тұжырымдарын ұсынып, сондай-ақ, таңдауларында Қазақстанның өз ерекшеліктерін негізге алған. Мәселен, осы уақытқа дейін оқулықтарда тәптіштеп айтылып келгендей сауатсыздықпен күрес 1917 жылдан емес, одан ертерек басталған еді. Бұл істің басында қазақ әліппесін жасап, жаңа мазмұндағы оқулықтар басып шығарған Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары тұрды. Олар сауатсыздықпен күрес ісінде өз бағдарламаларын ұсынғаны мәлім. Профессор Х.Табылдиевтың зерттеулерінен Алаш қайраткерлерінің орта және жоғары оқу орындары үшін жазған оқулықтары жөнінде тың әрі маңызды деректер кездестіреміз». Еліміз егемендік алып, өз алдына дербес мемлекет болғанда, бұл өткен дәуірдегі сауатсыздық тақырыбы та ғылымдағы өзекті тақырып, сең қозғалғанда қозғалуы тиіс күрделі тақырып болатын. «Сауатсыздықтан білім жолына» қадам басудың бір тарихы Хисмет Бозанұлының арқасында кітап болып қатталып, кітапхана сөрелерінен ,зерттеуші, ізденуші ғалымдардың оқу залдарынан, архивтерден орын алды. «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» деп халық мақалында айтылғандай, қазақ елінің тарихқа құштар болашақ ұрпағы жастар бұл кітаптармен достасып, сырласары сөзсіз. Өйткені «Біздің тарих бұл-дағы қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ- тағы» деп Қадыр Мырза Әли бір кезде күйіне жырласа, бүгінде құмға көміліп қалған тарихымыз да, қайта тірілген Алаштың арыстары да Хисмет Бозанұлы сияқты ардақты тарихшы ғалымдарымыздың арқасында ортамызға оралып жатыр Атырау қаласының тарихына арналған анықтамалық жарық көрді. Ол осы еңбекті жазу барысында көптеген қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектерін зерттеп, қажетті мәліметтер жинақтаған. Оны біз Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған Карелин мен Фосстың кітаптарын көшірмесін орталық кітапханалардан түсіріп алып, кейіннен өзінің жеке құжаттарымен бірге мұрағатқа тапсырғандығынан көреміз. Оның қолжазбаларын зерттеу барысында біз В.Е.Фосстың жазбаларынан алған «Очерки Гурьева городка» атты кітабынан мәліметтерді жинақтап жазып алғанын көреміз (өз қолжазбаларында орыс тілінде берілгендіктен сол күйіндеқойған белгілерімен, жазу стилімен беруді жөн көрдік): - Гурьев – городок, стоит на правом берегу Урала, в 17-верстах от впадения в Каспийское море. - в Каспийское море в Урал впадает четырьмя устьями: Перетаскнином, Яйцким, и двумя Болотными; - к западу от Гурьева в 7-ми верстах находится пристань Ракушечья; Один куль – 7 пудов; Церковь в Гурьеве одна – единовременная, собор св. Николая чудотворца, каменный, семиглавый, с колокольной и каменной оградой, вокруг этой стоят чугунные пушки; Есть и одна деревянная мечеть; До 1775 года река Урал называлось Яиком, а уральские казаки – яйцкими казаками; Гранные или маячные – охранники; Тайное рыболовство (браконьер); Чигиры – деревянные водочачальни; Растут – яблони, виноград, вишня, слива, смородина, арбузы, дыня и др. Рыболовство в течение года, бывает порою в реке Урал, и в море;

Охань – сеть; Ячей – петель; Лицевая – левая линия; Бударка – легкая, длинная лодка; Ятова (яма) – жатак; Гребенщики – трава?;

Ширина – рыболовный участок от Гурьева с начала по главной трубе Урала до самого впадения ее; Бухарка – участок рыболовства (по бухарке), отсюда и бухарка; 1866 году был в Гурьеве 58 торговых заваленок, 33 мастерских и ремесленников); Был 1 извозчик ...» [1, 1,2 б.] - деп жазып алған және басқа да өз қолымен белгілер қойып қараған жазбалары кездеседі. Осы жазбалардан Гурьев (Атырау) облысына қатысты мынадай мәліметтер бар. Гурьев облысы Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік- шығыс жағалауына орналасқан Қазақ КСР-нің облысы. 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылған. Батыста – Астрахань, солтүстікте – Батыс-Қазақстан, шығыста – Ақтөбе, Қарақалпақстанмен, оңтүстікте – Түркменстанмен шакаралас аймақ. 9 аудан және 2 қаладан – Гурьев орталығы, Форт-Шевченко қаласынан. 14 қала типтес мекендерден тұрады. 1939 жылғы санақ мәліметтері бойынша 68,4% қазақтардан, 24,7% орыстардан тұрса, қала халқы 34,8% құраған [2]. Бұдан басқа осы жазбалардағы «физикалық-географиялық очерк. Рельеф» деп аталатын бөлімінде Үстірттің табиғаты, ландшафты жайында жазады. Бұл кез Маңғыстау мен Гурьев облыстарының бір әкімшілік-территориялық құрамда болған кезі, сондықтан Гурьев облысы деп аталатын бұл жазбада негізінен Маңғыстау түбегінің сипаты берілген. Солтүстік-Батыстан Оңтүстік- Шығысқа қарай 3 биік қыраттар бар: орталық бөлігінде – Қаратау, биіктігі 500 метрдей, ал солтүстік пен оңтүстікке қарай – Ақтау орналасқан. «Пайдалы қазбалар» атты жазбасында Маңғыстау түбегінің темір, мыс, марганец, мұнай мен газ сияқты табиғи байлықтары барын атап өтеді. Арал төбе, Таушық, Мақат елді мекендері бағытындағы кен орындарын айтады. Ал ас тұзының мол қоры ретінде 100 млрд. тонна көлемін құрайтын қоры бар деп Индер аймағына мән береді. Одан басқа осы өңірдегі гипс, известняк, құрылыс құм мен кірпіштік саз жайында белгілер бар. Осы жазбалардың «гидография» деген бөлімінде облыстың су көздеріне сипаттама берілген. Атап айтқанда, Каспий теңізі, Жайық өзені, Ембі, Ойыл, Сағыз, Қайнар шағын өзендері айтылады. Облыстың ең басты су артериясы – Жайық өзені деп атап көрсетеді. Тұзды көлдер Индер, Жамансор және емдік балшығы бар Қарабатан деген де жолдар бар [2, 3 б.]. Бұдан басқа осы жазбалардан Атырау облысының топырақ, өсімдік, жануарлар әлемі жайында анықтамалық мәліметтер алуға әбден болады. аталған жазбаларындағы үлкен мән берілген салалар экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, мәдени өмір мәселелері болатын. Атырау және Маңғыстау өңірінің табиғи қазба байлықтарын игеру үшін өңірде Қазақ КСР Ғылым Академиясының Орал-Ембі ғылыми-зерттеу базасы және балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу мекемесі құрылады. Осыған орай жаңадан ашылған өндіріс орындары саны өседі. Жаңадан 12 мұнай кәсіпшіліктері ашылып, іске қосылды. Атырау мұнайын Орал мен Сібірге тасымалдауға арналған Орск қаласына дейінгі мұнай құбыры салынды. Осы жазбалардан байқайтынымыз, облыстың әр

жылдардағы даму динамикасын көрсететін мәліметтер қорын жинақтай алған.өзі кәсіподақ төралақсы болып жүрген жылдарында еліміздің барлық аймақтарында болып, ол жерлердің тарихи-мәдени ескерткіштеріне, тарихи орындарына мән берген. Мұрағаттағы жазбаларында Арал қаласына, Талдықорғанға, Жезқазған өңіріндегі тарихи ескерткіштерге қатысты жазбалары сақталған. Сондықтан біз жоғары қызмет атқару барысында да өзін қызықтырған тақырыптардан тыс қалмағанын көреміз. Оның Қызылорда облысындағы Қорқыт Ата мазарына баруы, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде болуы, мәдени тарихи мұраларға деген оның ерекше құрметін білдіреді және зерттеушілік жұмыстарын жүргізгендігін дәлелдейді. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында оның халықтың рухани тарихына, мәдениетіне аса көңіл бөлгендігіне негіз болатын мәліметтер кездеседі. Жеке құжаттар арасында Арал қаласының, Талдықорған қаласының, Жезқазған жеріне, Бурабай аймағына байланысты жинақтаған құжаттары бар. Х.Табылдиевтің «Атырау қаласының тарихы» [3] кітаптарынан өлке тарихынан көптеген құнды деректерді табамыз. «Атырау қаласының тарихы» [4] кітабы 1917-1937 жылдардағы Атырау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін сол кездің құжаттарымен, архив дерктерімен дәлдей отыра талдау жасалады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Таңатарова Ж.Т.Корифей истории края // Прикаспийская коммуна.01 марта 2019;сонікі.Өлке тарихының тарланы // Қазақстан тарихы.16 маусым 2014.
2. Профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиевтың ғылыми мұрасы және тарихи өлкетанудың негіздері // Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары.Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.2019.-334 бет.
3. Табылдиев Х.Б. Атырау қаласы тарихы. Алматы, 2018.
4. Табылдиев Х.Б. Атырау облысы тарихы. Алматы, 2019.

## **САРМАТСКИЙ ВОЙН МЕСТНОСТИ АРАЛТОБЕ**

**Л.Р. Қамзаева** - учитель истории,  
Общеобразовательная школа №9  
Жылыойский район, г.Кульсары

В статье рассматривается вопрос о сарматском войне местности Аралтобе; на основе анализа данных современной археологии описывается их этнический облик и хозяйственно-культурный тип, раскрывается культурное наследие сарматов. Аралтобе- могильник, состоящий из трех курганов. Расположен в Атырауской области, Жылыойском районе на левом

берегу реки Эмба. Памятник позднесарматского периода, в погребении одного из которых было обнаружено вооружение и части ритуального посоха вождя. Настоящей сенсацией стало раскопанное в полуразграбленном 3-м кургане погребение сарматского вождя и женщины. Обнаружены сотни золотых фигурных пластин. Ученым удалось воссоздать облик вождя. Сейчас эту находку называют «Вторым Золотым человеком» в истории Казахстана. Возраст находки датируется 2в. до н.э. - начало 1в. н.э. И теперь в Атырауском и Жылыойском музее особо гордятся экспозицией Сарматского война.



**Курган Аралтобе.**

Одним из древнейших народов нашей страны, имя которого уже более двух тысячелетий хранит история, были сарматы. После завоевания Скифии в глазах греков и римлян сарматы стали самым могущественным народом северо-восточной части античной ойкумены. Более полутысячелетия этот степной этнос играл ведущую роль не только в военно-политической, но и культурной жизни Юга Восточной Европы. Поэтому не случайно выделен сарматский период в истории этого обширного региона (II в. до н.э.— IV в. н.э.). Современные научные представления о сарматах связаны со степью, где сосредоточена основная масса оставленных ими памятников, прежде всего курганов.


Могильник Аралтобе, расположенный в 65 километрах от города Кульсары, Жылыойского района Атырауской области. Могильник исследовала экспедиция Западно-Казахстанского отделения Института археологии имени Маргулана под руководством известного в республике археолога Зайнуллы Самашева.

Ученые обнаружили в одном кургане останки сарматского вождя, его жены, двух лошадей, собаки, а так же красивейшие художественные изделия. По обнаруженным фрагментам ученые стремились воспроизвести целостную



картину.

Восстановить и реконструировать оказалось возможным только останки вождя. Череп человека отправили в Институт антропологии и этнологии имени Миклухо-Маклая в Москве. Во время археологических раскопок трех курганов в местности Аралтобе Жылыойского района были обнаружены: в 1-м кургане – человеческий скелет, фрагменты кинжала, колчан с более чем сотней стрел.



Во 2-м кургане найдены наконечники стрел, глиняные кувшины, бусы. Открытием для археологов была находка железной сабли, датируемой I в. до н. э. - I в. н. э. Ранее было принято считать, что она была распространена в IV - V в.в. н.э. Настоящей сенсацией стало раскопанное в наполовину разграбленном 3-м кургане погребение сарматского вождя. Сейчас эту находку называют вторым Золотым человеком в истории Казахстана. Золотые бляшки, украшавшие доспехи вождя, фрагменты посоха (асатаяка), а также находившиеся здесь же останки 2-х принесенных в жертву коней и беркута и глиняные кувшины отнесены учеными к 129 г. н. э. Установлено, что это погребение сарматского вождя – военачальника, охотника.

Художник-реставратор К. Алтынбеков создал научную реконструкцию "Золотого человека", которую передал в дар Атыраускому историко-краеведческому музею. Первоначально могильник представлял собой округлое каменное сооружение высотой в два метра, диаметром около сорока метров. Круглая форма кургана свойственна культуре поклоняющихся богу

солнца народностей (огнепоклонникам), что также подтверждает находящийся в центре могильника очаг со следами сильного и глубокого прокала. Верхняя часть кургана была разделена на 12 частей, а центральная – на 4 части. По некоторым версиям, это соответствует исчислению хода времени – 12 месяцев и четыре сезона. Вся поверхность кургана защищена наклонным чешуйчатым панцирем. Концы упомянутых «лучей» и другие элементы создавали сложную схематическую конструкцию наподобие «солнечного колеса». Вход в курган располагался с северной стороны. Сама погребальная камера изнутри была облицована камышовыми матами, укрепленными тонкими жердями. В ней и были найдены останки мужчины средних лет и несколько обломков костей женщины. Усопшие были похоронены с особыми почестями, в богатом парадном одеянии, головами на юг.

Вместе с ними в могилу были положены два коня, останки птицы, стандартный набор оружия древнего воина – меч, кинжал, копье, колчан со стрелами, а также импортный хум, кожаный сосуд и железный жезл, покрытый золотом и украшенный протомами ушастого грифона. Обнаружены сотни золотых фигурных пластин. Ученым удалось воссоздать облик вождя. И теперь в Атырауской и Жылыойском и музее особо гордятся экспозицией "Загадка века – Золотой человек". После завершения всех работ в Атырауском историко-краеведческом музее открыта уникальная экспозиция – "Загадка века". Ее экспонаты – фигура Золотого человека в парадном облачении с золотыми украшениями, а также старинные сосуды, макет кургана, картины с изображением воинов-сарматов. Прическа Золотого человека в виде двух заплетенных кос создана на основе позднеантичных и римских источников, где упоминаются сарматы. Золотыми фигурными пластинами украшались преимущественно погребальные костюмы кочевой элиты, царствующих персон, религиозных деятелей.



После завершения всех работ в Атырауском историко-краеведческом музее открыта уникальная экспозиция – "Загадка века". Ее экспонаты –

фигура Золотого человека в парадном облачении с золотыми украшениями, а также старинные сосуды, макет кургана, картины с изображением воинов-сарматов, наконечники стрел. Прическа Золотого человека в виде двух заплетенных кос создана на основе позднеантичных и римских источников, где упоминаются сарматы.

Золотыми фигурными пластинами украшались преимущественно погребальные костюмы кочевой элиты, царствующих персон, религиозных деятелей.



Я житель города Кульсары, расположенный в 65 км от кургана Аралтобе, где были найдены останки второго Золотого человека. Считаю, что проблема сохранения культурного наследия является самым большим актуальным вопросом. Как известно, без исторической памяти, без культуры, без знаний своих «корней» невозможно развиваться будущему поколению, народу, государству. Есть большое желание создать музей под открытым небом, который формирует чувство сопричастности к прошлому, наглядно демонстрируя культурное наследие предков. Я уверена, что это заинтересует новое поколение ученых историков, и будет причиной дальнейшего изучения истории края. Именно музей на протяжении многих лет сохранить историю человечества, повысит имидж Жылыойского района, как культурного и исторического центра, а знания прошлого наших предков будут укреплять в людях патриотизм.

## ТІЛЕУБАЙ БАТЫР ТАҒДЫРЫ

**Қ. Құттымұратұлы** - өлкетанушы,  
Батыс Қазақстан облысы  
**Ә. Мұқтар** - т.ғ.д., профессор,  
Атырау облысы

1837-1838 жылдары Ішкі Бөкей Ордасын түгел қамтып, Жайық өзенінің сол жағына да тараған Исатай-Махамбет бастаған халық қозғалысы туралы аз жазылған жоқ. Бірақ көтеріліс тарихын жүйелі зерттеген ғалымдардың көпшілігі қозғалыс көсемдері Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы тұлғаларына ғана барынша көңіл бөлген. Ал олардың айналасындағы сарбаздар, халық батырлары толыққанды ғылыми зерттеуден тыс қалды. Мысалы, Исатай мен Махамбеттің үзенгілес достары Үбі Үсеұлы, Тәни

Түменұлы тағы басқаларының кейінгі өмір жолдары әлі күнге жұмбақ. Олардың қолға түсіп, итжеккенге айдалғаны, бірақ бірнеше мәрте қашып келгені ел арасында аңызға бергісіз әңгімелерде ғана айтылады.

Міне, осы қозғалысқа қатысқаны үшін бүкіл бауырларымен бірге Сібірге айдалып, бірақ ол жақтан елге қашып келген, соңына түскен қуғыншылардың түртпегінен атажұрт – Құм Нарында тұра алмағандықтан Жайықты жарып өтіп Тайсойғанға қоныстанған Тілеубай батыр Қойсарыұлы туралы сөз қозғамақпыз.

Тілеубай Қойсарыұлы XVIII ғасырдың соңында дүниеге келген. Ұрпақтарының аузындағы әңгімеге қарағанда ол 1891 жылы 94 жасында Тайсойғанда 5 баласынан 25 немере көріп, өз балаларының қонысы Уса-Талпақ деген жерде дүниеден өткен, сол жерде жерленген.

Тарихта XIX ғасырдың басы, нақтырақ айтсақ 1801 жыл – Бөкей сұлтан Нұралыхан ұлының Жайықтың оң бетіне, Еділ мен Жайық арасына қоныстанып, өз алдына Бөкей хандығын, Ішкі Орданы құрған жылы деп саналады. Сол жылдары Бөкейге ерген қалың жұрттың қарасы көбі – беріш руы деседі. Кіші жүз Байұлындағы ең қабырғалы рудың бірі болған беріштер Бөкей ханның жақын қолдаушысы, арқа сүйер жұрты болған екен. Бірақ Бөкей өліп, билікке Жәңгір жеткенде айналасына жиналған келімсектерге ақа сүйеп, жас билеуші қара қазақтан алыстай бастады дейді. Ал 1837-1838 жылдары болған Исатай-Махамбет қозғалысы басып-жаншылған кезде, хан билігі тарапынан ең көп репрессияға ұшыраған да осы беріш руы өкілдері болатын.

Жалпы, Исатай-Махамбет көтерілісінің сарбаздары туралы сәл-пәл таратып жазған зерттеушілердің бірі – жазушы Әнес Сарай. Ол өзінің «Исатай Махамбет тарихы» еңбегінде бір тақырыбын «Көтеріліс сарбаздары» деп атаған. Жазушы осы еңбегінде жалпы көтеріліске 7 мыңдай сарбаз қатысқанын, бірақ олардың есімін түгел анықтау «аяғы жерге тимейтін арманды қиял» екенін айтады. Дегенмен жазушы Махамбет жырларында, Ығылман Шөрекұлының «Исатай-Махамбет» дастанында, ел аузындағы әңгімелерде айталатын және кейінгі зерттеулерде анықталған 100 қаралы адамның есімін көрсеткен [1].

Бұдан бөлек, оралдық тарихшы Зұлқожа Ғайнеденұлы (Шарафутдинов) өзінің «Тастөбе соғысы» деген кітабында «Тастөбе тарландары» деген тақырыппен көтеріліс сарбаздарына арнайы тоқталып өтеді. Автор архив құжаттарына сүйеніп, Тастөбе шайқасынан соң және кейінірек орыс қолына түсіп, сотталған, Сібірге айдалған жүздеген тұтқынның аты-жөнін келтірген. 2013 жылы 18 қарашада Батыс Қазақстан облысындағы Жанақала ауданының орталығында Тастөбе шайқасына арналып ашылған ескерткіш белгінің қабырғасына осы сарбаздардың есімі қашалып жазылды [2].

Көтеріліс сарбаздары туралы ел аузындағы тағы бір дерек Қаржаубай Медихановтың «Жеті баулы беріш шежіресі» еңбегінде: «Беріш руынан Исатай-Махамбетке қолбасшы болған батырлар» деген бөлімде қос батырды

қолдап, соңына ерген сарбаздар қатарында 201 адамның аты-жөнін нақтылап көрсетеді. Оның ішінде біздің кейіпкерлеріміз – Қойсары балалары да бар [3].

Енді осы жерден әңгімемізді нақты кейіпкерімізге бұрайық.

Көтеріліс жеңіліп, оған қатысқандар жазаланған кезде бірге туған үш бауырымен бірге итжеккенге айдалған Тілеубай Қойсарыұлы Кіші жүздің Байұлы тобына кіретін беріш руының бесқасқа тайпасынан болады. Дәл көтеріліс кезінде Қойсары ұлдарының нақты қандай іс атқарғаны белгісіз. Бірақ көтерілістің ең шырқау шегі, шешуші майданы дәл осы бесқасқа ауылдарының – Тастөбе құмының үстінде болғанын ескерсек, бұл кісілердің де майданнан тыс қалмағаны шындық. Содан да болар, дұшпаны жеңіліп, кек алу кезеңі келгенде Жәңгір хан бұл әулетті аямаған. Әулеттің кенжесі Шолым Қойсарыұлы хан сарайы маңында жүргеніне қарамастан, оның төрт ағасын – Қайыпбай, Құтымбет, Айбатыр және Тілеубай Қойсарыұлдарын Ордаға алдап шақыртып алып, аяқ-қолын кісендеп, итжеккенге айдатады.

Қойсары балаларын Жәңгір хан бұған дейін де бірнеше шақыртқан екен. Олар бір қауіпті сезіп, не де болса өліспей беріспекке дайындалып жүреді. Бірақ хан ордасында халық емшісі болып жүрген інісі Шолым арқылы «тиіспеймін» деп уәде беріп, қайта-қайта шақыртады. Әйткенмен уағдада тұрмай, іс ақыры абақтымен бітеді. Сонда Шолымға сеніп, қапы қалған Қайыпбай батыр «Әттең, жастығымды ала өлетін едім!» деп өз бармағын шайнап тастаған екен.

Бір қызығы, Қойсары балаларын көтеріліске қатысқаны үшін емес, «Мәмбет пен Шамұрат Хожаниязов деген түрікмен саудагерін өлтіріп, дүние-мүлкін тонады» деген жалған айып тағып соттаған. Онда да анық дәлел болмағандықтан, «сенімсіз тұлғаларды Сібірге жер аудару» туралы шешім қабылданған. Бірақ негізгі себеп – батырлар мен хан арасындағы дұрдараздық болғанын белгілі ақын Мұрат Мөңкеұлының мына жырлары дәлелдеп тұрғандай:

Ар жақтан Тілеубай мен Шолым өткен,

Жерінде көкжал бөрі болып өткен.

Нарында хан баласын итше сабап,

Ер еді дүниеге қолы жеткен.

Зырғанап хан ордада тұра алмады,

Қаймығып Қайыпбай мен Құтымбеттен! – дейді төкпе ақын Мұрат Тыныштықпен айтысы кезінде [4].

Тілеубай Қойсарыұлы итжеккенде орысқа бағынбай, елге қашып тұрмаған. Сол үшін оның маңдайына «Б» (беглец – қашқын) деген таңбаны күйдіріп басқан екен. Тіпті Сібірде тұрғанына 10-15 жыл өтіп, үйлі-баранды болса да Тілеубай атажұртты аңсауын қоймапты.

Тілеубай Сібірден соңғы қашқан кезде Исатай-Махамбет көтерілісінің бас сардары, әйгілі Үбі батыр Үсеұлымен бірге болған.

Тілеубай Қойсарыұлының тікелей ұрпағы, шөбересі Құттымұрат Құлтумаұлы «Ар жақтан Тілеубай мен Шолым өткен» кітабында атадан балаға жеткен осы тарихты былай деп жазады:

«Тілеубай Сібірде ат баққан. Соңғы айдауында есенғұл беріш Үбі батырмен бірге болады. Бұл баяғы Исатай өлетін қанды қырғында атына оқ тиіп жаяу қалған Исатайға астындағы атын түсіп беріп: «Мен өлейін, сен кет!» дейтін батыр Үбі еді. Тілеубай Үбіден бір жас кіші екен.

Сол Үбі Тілеубайды інім деп бауырына тартып жүреді екен. Бір күні Үбі батыр Тілеубайға: «эй, Тілеубай, сен ат жарат. Қашайық!» - дейді.

– Әй, Үбі, қорада тұрған атты қалай жаратам? – деп, Тілеубай атамыз күледі. Сонда Үбі:

– Сен жалынан ұстап, тартқанда толқымаған ат бізге жарайды ғой,– дейді.

– Жарайды, мен атты жаратармын, бірақ мынаны қайтеміз?!– деп, Тілеубай атам маңдайындағы таңбаны көрсетеді.

– Сен шыдасаң, мен кесіп аламын,– дейді Үбі.

– Сен кессең, мен шыдаймын!

Сонымен тұтқыннан қашар кезде Үбі Тілеубайдың маңдайын сүлгімен ысқылап жанын кетіріп, жазуды бұрап тұрып, кесіп алады. Содан Тілеубайдың маңдайы үлкен тыртық болып бітіпті.

Тілеубайдың ағалары Қайыпбай, Құтымбет, Айбатыр Сібірде, итжеккенде қалып қойған. «Балаларымыз өсті, қызығынан кетті. Енді несін барамыз?!» деп, сол жақта үйленіп, үйлі-баранды болып, қалып қойған-мыс [5].

Тілеубай, Үбі және бір жауғашты шеркеш жігіт үшеуі бірге қашыпты. Сібірдің ағысы қатты өзендерінің бірінен өткенде бірінің аты, біреуінің бөркі суға кетіпті. Жолда тайгада кездескен қуғыншыларды Үбі батыр кеңірдегінен қысып, қарағайдың бұтағына іліп кете береді екен. Үбі – бойы екі метрден едәуір артық, орасан күшті адам болған. Тілеубай оны көбіне тежеп, «зияны тиер» деп, кісі өлтіруден сақтандырады екен. Өзі алысқан адамын астына баса береді екен. «Кісінің астына алты кісі сияды екен, жетінші кісі жырылып шығып кете береді екен» деген сөзі сол сапардан қалса керек».

Әрине, сынық инесі сұраусыз қалмайтын Ресей империясының құрығынан құтылу оңай емес. Он бес жыл сергелдеңнен кейін елге жеткен Тілеубайдың даңқы Орда билеушілерінің де құлағына шалынады. Бұл кезде Жәңгір хан өмірден өтіп кеткенімен, Ішкі орданы билеуші Уақытша советтің төрағасы Ващенко беріш руының басқарушысы хорунжий Нұралыхановқа 1856 жылы 11 шілдеде тапсырма беріп, Сібірден қашып келген Тілеубай Қойсариннің ісімен айналысуды, қашқынды паналатқандарды жазалауды бұйырады. «Сібірден қашқан Тілеубай Қойсариннің қылмыстық ісі» делінетін архив құжаттары бүгінде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің №4 қор, №1 тізбе, №3751 іс, 505 орамында [6], Ресей

Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің №6 қор, №10 тізбе, №7786 ісінде [7] және №231 қор, №1 тізбе, №2 ісінде [8] сақталған.

Архив құжаттарынан бұл кезде (1858 жылы) Тілеубай Қойсариннің сақал-шашына ақ кіріп, егде тартқанын, бірақ қайратты екенін, өзін ұстауға келген он шақты адамға жалаң қылышымен ұмтылып: «Бәріңнің де қаныңды ішем, кері қайтыңдар! Мені тірі ұстай алмайсыңдар!» деп қолға түспей кеткенін көреміз. Бір назар аударарлық оқиға, Тілеубайды ұстауға келген орда нөкерлері Тілеубайдың ауылы – Қияқты шағылы маңынан екінші қашқынды – Исатай-Махамбет қолының әйгілі сарбазы Тәни палуан Түменұлын қолға түсірген. Бұл оқиға да Тілеубай Қойсарыұлының Исатай-Махамбет сарбаздарымен бір болғанын жанама болса да дәлелдеп тұрғандай.

«Сібірден қашқан Тілеубай Қойсарыұлын паналатқаны үшін Ішкі Орда қазақтары Шолым Қойсарыұлы және Омаш, Жандыр Тілеубайұлдарын айыптау ісі» үздік-создық оншақты жылға созылып, ақыры аяқсыз қалған. Оған себеп – Тілеубай мен Шолымның өзіне қараған әулетті алып, мал-мүлкімен түп көтеріліп, Жайықтан асып жалпақ қазақ даласына өтіп кетуі болатын. Осылайша намысты батырлар Тайсойған құмын жайлап, сол жерде Совет өкіметі келгенше өсіп-өнген. Халел Досмұхамедұлының арғы атасы, беріштің белгілі биі Машақ Байнақұлы өз ағайындарына «Сендер бесқасқаны кірмедеп кемсітіп жүрмеңдер! Тілеубай-Шолым тұқымы кісі ойнайтын тұқым емес. Аруақ қонып, бақ дарыған ел, қыз алып, қыз берісуге болады» деген екен.

Содан да болар, Мұрат Мөңкеұлы Тілеубай-Шолымды «қашқын» деп кемсітпек болған Тыныштық ақынға шамырқанып:

«Сен Шолымды білесің бе, нағып өткен?!

Жайықты талқан қылып жарып өткен!

Нарында хан баласын итше сабап,

Астына табанының салып өткен!

Қазақтай салт атымен қаңғырған жоқ,

Бар жинақ қара орманын алып өткен!» деп толғайды.

Бүгінде Исатай-Махамбет көтерілісінің бір сарбазы Тілеубай Қойсарыұлы туралы там-тұм болса да баспа бетін көріп қалады. Мәселен 2018 жылы жарық көрген Индер ауданы энциклопедиясында былайша жазылған:

Тілеубай ҚОЙСАРЫҰЛЫ (1797-1891 ж.ш., Атырау облысы, Тайсойған құмы, Уса-Талпақ мекені) – батыр, Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы. Тегі – Беріш Бесқасқа. Исатай-Махамбет көтерілісінен кейін Жәңгір хан Қойсары балаларын қудалап, итжеккенге айдатады. Тілеубай батыр Сібірден бірнеше мәрте қашып, тұрмағандықтан, орысар оның маңдайына «Б» (беглец-қашқын) деген әріпті күйдіріп басқан. Сібірден соңғы рет Тілеубай 1855 жылы Үбі батыр Үсеұлымен бірге қашып, елге жеткен. Ішкі Орданы басқарушы Уақытша Кеңеске төрағалық етуші Ващенконың бұйрығымен Тілеубай Қойсаринді ұстауға шыққан Беріш

руының басқарушысы хорунжий Нұралыханов 1856 жылы 23 шілде күні Қияқ деген шағылда Шолым Қойсариннің ауылы жанынан Сібірден қашқан басқа бір қашқын – Тәни Түменовті тұтқындағанын жазады. Тілеубай-Шолым әулеті бүгінде Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы және Ақмола облыстарында, Ресейдің Орынбор өлкесінде тұрады» [7].

Қойсары батыр Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа ұлдарымен түгел қатысқан. Олар Қайыпбай, Құтымбет, Айбатыр, Тілеубай, Шолым. Олар әкесі Сібірге айдалған соң да қарсылықтарын тоқтатпағандай. Өйткені орыс үкіметіне берілгендер оларды да жер аудауға күш салған. Ақырында оны қолмен ұйымдастырған. Араға уақыт сала Жәңгір хан Қойсары ұлдарына түркімен саудагерлері Мамбет пен Шамұрат Қожаниязовтарды өлтірді деген сылтау табылады. Содан Шолымнан басқа Қойсары батырдың 4 ұлы итжеккенге айдалады [6].

Міне, Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалысының бір сарбазы Тілеубай батыр Қойсарыұлының тағдыры осындай.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Сарай Ә. Исатай Махамбет тарихы. -Алматы, 2012, «Мереке» баспа үйі», 2003
- 2 Шарафутдинов З. Тастөбе соғыс. -Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2004
- 3 Медиханов Қ. Жеті баулы беріш шежіресі. -Ақтау, «Полиграф» баспасы, 2010
- 4 Атырау ақын-жазушыларының кітапханасы. Мұрат. 4-кітап. –Алматы: Арыс баспасы, 2001
- 5 Құлтумаұлы Қ. Ар жақтан Тілеубай мен Шолым өткен. -Орал, «Ағартушы» баспасы, 2012
- 6 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА) 4 қ., 1 т., 3751 іс.
- 7 Ресей Федерациясы Орынбор облысының мемлекеттік архиві (РФ ОрОМА) 6 қ., 10 т., 7786 іс
- 8 РФ ОрОМА 231 қ.,1 т., 2 іс
- 9 Индер ауданы энциклопедиясы. –Алматы:«Қазақ кітабы» баспасы, 2018

## **ГУРЬЕВ УЕЗИ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСІ. XIX – XX ғ. I ЖАРТЫСЫ**

**С.К. Молдашева** - магистр, оқытушы,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университеті

Атырау облысына өзге халықтардың қоныстану тарихы, қазақ жерінің көп ұлтты болып қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Қазақстанға



басқа ұлт өкілдерінің келіп қоныстануы патшалық билік тұсында басталып, кейіннен кеңестік жүйе тұсында жалғасын тапты. Қоныстандыру саясаты түрлі жағдайларға байланысты мемлекет тарапынан қолдау арқылы ұйымдасқан түрде немесе шашыранды, өз күштерімен жүйесіз түрде, қоныс аударушылардың өз еркімен немесе оларды зорлап жер аудару арқылы жүргізілді. Атырау өңірі көп ұлтты құрамы жер аударылған кулактармен, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған және тарихи мекенінен қуылған халықтармен, одақтық ведомствоаралық биліктің ұйғаруымен және басқа жақтан келушілермен толығып отырды.

XIX ғасырда өлке халқын қазақтармен бірге орыс шаруалары, қалмақтар, башқұрттар, татарлар құрады. 1890 жылдары Ресей мен Украинадан келген шаруалардың отарлауы күшейе түсіп, Ресейдің әскери және миграциялық экспансиясының барысында салынған бекіністердің негізінде орыстар, украиндықтар және татарлар мекендеген алғашқы отарлық қалалар пайда болды [1, 152 б.].

1870 жылы патша өкіметінің қоғамдық есеп жүргізуі нәтижесінде 1870 ж. Гурьев уезіндегі халық саны 47,6 мың адам болса, 1897 ж. Бүкілодақтық халық санағының негізінде 86,8 мың адамға өскенін байқаймыз. Бұл 1870 ж. көрсеткішке қарағанда 39 158 адамға көбейіп, 81,7%-ын құрады. 1915 ж. 125, 0 мың адам болып, 77,1%-ға теңеліп, 38 242 адамға көбейді [2. 316 б.]

Төмендегі кестеден 1870-1897 жж. аралығындағы Гурьев уезіндегі тұрғындардың құрамын салыстыруға болады.

**№1 кесте. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Гурьев уезінің негізгі ұлттық құрамы (мың адам,-%) [3].**

	1870 ж.		1897 ж.	
Жалпы саны	47,6	%	86,8	%
Қазақ	40,6	85,3	70,9	81,7
Орыс	7,0	14,7	14,7	16,9
Украин	-		0,1	0,1
Басқалар	-		1,1	1,3

Бұл кестеден XIX ғасырларда Гурьев уезіндегі халықтың құрамындағы өзгерістерді анықтау саяси экономикалық, әкімшілік-территориялық реформалар негізінде орыс, украин, татар, болгар, неміс және т.б. ұлт өкілдерінің қоныстанғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың орта кезеңінен бастап Қазақстанның әлеуметтік-ұлттық құрамына әсер еткен үлкен процестің алды басталды. Бұл шаруаларды Орталық Ресейден шет аймақтарға көшіру болды. Шаруаларды Қазақстан жеріне көшіру патшаның отарлау саясатын жүзеге асырудың негізгі тәсіліне айналған. Осы мақсатта құрылған жер қоры қазақтарды ғасырлар бойы өмір сүрген табиғи ортасынан күштеп айыру болды. Қоныс аудару жұмысын Ішкі істер министрлігі жер бөлімінің штатындағы ерекше тапсырмаларды

орындайтын алты чиновник басқарып жоспарлы түрде жүргізді. Солардың нұсқауы бойынша Орталық Ресей мен Украинадан көшкен шаруалардың көптеген қоныстары пайда болды. Мысалы, 1885-1893 жылдары Ақмола облысының қазақтарынан 251779 десятина, ал Семей облысынан 33064 десятина жерді тартып алынып қоныс аударушыларға берілді. 1868-1880 жылдарда Жетісуға 3324 отбасы көшіп келіп қоныс тепті. 1896 жылға дейін Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Омбы, Павлодар және Өскемен уездерінде қоныс аударушылардың 43 болысын құрған. 1897 жылы осы қонастарда 350 мыңдай адам тұрған.

Осы кезеңде Ресей империясының ішкі губернияларынан көші-қон ағынының дамуы нәтижесінде Қазақстан халқының тез өскендігі де байқалады. Оған дәлел: Ресей империясының бірінші жалпыға бірдей санағынан кейінгі алғашқы екі онжылдықта (1897-1917жж.) Қазақстан халқының саны 4147,7 мың адамнан 5045,2 мың адамға, яғни 25,7% көбейген. Солардың ішінде қазақтар 3 млн 400 мың адамды құрады. Қалған 750 мыңдай адам басқа ұлт өкілдері болды [4.138]. Ал, өлкенің демографиялық деректерінің табиғи өсу деңгейіне салыстырмалы талдау жасасақ, мыналарды аңғаруға болады. Өлкенің (1869 ж. Гурьев уезі Орал облысының құрамында болды) сол кездегі негізгі алты облысы бойынша 1897-1906 жылдарда жалпы алғанда бір мың адамға халықтың табиғи өсімі 11,3%, ал 1907-1916 жылдарда 15,3% дейін өскендігі байқалды. Ал Гурьев өлкесіндегі халқының саны 175334 мың адамды құрады. Өлкенің негізгі тұрғындары қазақтар 81,7% құрады. Ал орыстардың үлес салмағы 10,9%-ға, украиндар 1,9 %-ға өскен. Осы екі онжылдық ішінде халықтың табиғи өсімі 38,9% болған. Ал қазақтары басым облыстарда табиғи өсімнің едәуір төмен болғандығы көрінеді: Жетісуда – 25,7%, Сырдарияда-25,6%, Оралда-20%, Семейде-15,6% [5.21]. Сөйтіп, Қазақстанның байырғы халқының үлес салмағының азаюына ғасырдың басында орыстардың, украиндардың және басқа да ұлт өкілдерінің империяның ішкі аймақтарынан жаппай қоныс аударуының қатты әсер еткендігін аңғаруға болады.

Ал, жалпы алғанда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтар, орыстар, украиндар бүкіл өлке халқының 87% -ынан 95% -ына дейін құрады да, өлкеде бұлардан басқа татарлар, өзбектер, дүнгендер және басқа ұлт өкілдері қоныстанған. Тарихшы Х.Табылдиевтің зерттеуінде XX ғасырдың басында (1926 ж.) Гурьевте 11 ұлт өкілі тұрса, 1935 жылы олардың саны 16-ға жетті [6.89 б.].

Әйтсе де XIX ғасырдың соңында осы ұлан-байтақ өлкенің негізгі тұрғындары қазақтар болды. Олардың едәуір бөлігі (3 миллионнан астам) Ресейге бағынды. Қазақтар Астрахань губерниясы (210 мың), Орал облысы (412601 адам, яғни 79%), Торғай облысы (338802 адам), Ақмола облысы (341414 адам, 83%), Семей облысы (547577 адам, 90,6%), Жетісу облысының солтүстік уездері (600 мың), Сырдария облысы (730 мың), Әмудария облысы

(40 мың), Самарқанд (20 мың) және Каспий сыртындағы облыстарда (40 мың) тұрды [7.19 б.].

Ерекше назар аударатын тағы бір жайт – өлке тұрғындарының 90% - ынан астамының ауылдық жерлерде қоныстануы еді. Олардың негізгі кәсібі ежелден келе жатқан мал шаруашылығы болатын. Алайда, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты қазақтардың шаруашылығына орасан нұқсан келтіргені белгілі. Осы кезеңде халықтың отырықшылық жағдайға көшіп, егін шаруашылығымен айналысушылардың қатары тез өсе бастады. Оңтүстік Қазақстанда көп ғасырлар бойы дағдыланған суармалы шаруашылық кәсібімен айналысушылар көбейді. Жалпы алғанда XIX ғасырдың соңында қазақ халқының 40% отаршылықта өмір сүрді. Олардың басым бөлігі егін өсірумен айналысты. Ауылда әлеуметтік жіктелу басталды. Осының нәтижесінде кедейлер саны көбейіп, ал байлардың қорлары молая түсті. Мәселен, байлар мен аса аukatты шаруалар саны барлық қазақ шаруашылықтарының 15 пайызы ғана болса, олардың қолдарында барлық малдың 60 пайызы ғана болды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, әсіресе, Столыпин реформасынан кейін қоныстандыру саясаты кең қанат жайды. Тек Батыс Қазақстанда қоныс аударушыларға арнап жер қорын құру үшін 1,2 млн. десятина жер тартып алынды және бұрын қазақтардың дәстүрлі-шаруашылық экономикалық айналымға кіретін Жайықтың сол жағалауындағы территорияда 15 орыс болысы құрылды. Жалпы аймаққа 200 мыңнан артық адам қоныс аударды. Қоныс аударушылардың көптеп келе бастауы 1906-1910 жылдар аралығында еді. Бұл кезеңде жаңадан 47018 адам келіп қоныстанды, оларға 102 жер учаскесі немесе 638 мың десятина жер бөлініп берілді. Орал және Ілбішін уездерінің қазақтары солтүстіктегі шұрайлы, шаруашылыққа қолайлы жерлерінен оңтүстікке, құмды, шөлейтті жерлерге ығыстырылған болатын. Орал уезінде 54 участок жерге немесе 252429 десятина жерге 25946 қоныс аударушы келсе, Гурьев уезімен көршілес Темір уезінде 21073 қарашекпен 48 учаскені немесе 386032 десятина жерді тартып алынды. Шабындық жердің жетіспеуі, қысқа арнайы шөп жинауға мүмкіндіктің болмауы, үнемі қайталанып отыратын жұт және жайылымдық жердің одан әрі қысқаруы мыңдаған бөкейлік қазақтарды Астрахань, Самара губерниялары мен Орал облысындағы тұз кендерінде, Гурьев уезінің біраз қазақтарын мұнай, балық кәсіпшіліктерінде жалдануға немесе өз малдарын қырып алмау үшін малшы ретінде жалданып, ақы-пұлсыз шөбін шауып, малын бағуға мәжбүр етілді.

XX ғасырдың басындағы Гурьев уезінде 5 қазақ-орыс станциясы, 17 қазақ болысы, теңізге жақын үш кент болған. Олар Жылыой, Ракуш, Прорва кенттері. Оның аумағы 58 243,1 км<sup>2</sup>, халқының саны 119063 адамға жеткен. Каспий теңізіне жақын болыстар мен кенттерде балық шаруашылығы жақсы дамыған. [8.98 б.].

Жүз мыңдаған орыс, украин, беларусь шаруаларының Сібір, Қазақстан және Орталық Азияға қоныс аударуы Ресейдің аграрлық саладағы саясатымен тығыз байланыста дамыды. Ресей самодержавиесі жер мәселесін помещик-дворяндардың пайдасына шешіп берген. Помещиктер шаруаларды «азат ету» барысында олардың бұрын пайдаланып келген жерінің басым бөлігін тартып алынды. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Еуропалық Ресей мен Украинадан қоныс аударушылардың келуі есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Қазақ, қырғыздармен бірге орыстар, украиндар, татарлар, тәжіктер, түрікмендер, башқұрттар, чуваштар, қараноғайлар, армяндар саны өсе түсті. XIX ғасырдың 70-жылдарында орыстар мен украиндар барлық Қазақстан мен Қырғызстан тұғындарының 8%-ын (246,9 мың) құрады. Бұдан барлық облыстарда жергілікті тұрғындардың бірден-бір жоғары үлес салмағын анық байқауға болады. 1897 жылы Қазақстан тұрғындарының саны 4 млн 150 мың адамға жетті. Солардың ішінде қазақтар 3 млн 400 мың адамды құрады. Қалған 750 мыңдай адам басқа ұлт өкілдері болды. Өлкенің негізгі тұрғындары — қазақтардың үлес салмағы төмендеп, 1897 жылдары шамамен 81,7%-ға жетті. Ал орыстардың үлес салмағы жоғарыда көрсетілгендей — 10,9%-ға, украиндар — 1,9%-ға өсіп, татар, ұйғыр, өзбек сияқты ұлттардың да үлес салмағы арта түсті [9.124 б.].

**№2 кесте. 1897-1915 жж. қазақтар, орыстар мен украиндар санының динамикасы (мың адам) [10]**

	Гурьев уезі			Орал губерниясы		
	қазақ	орыс	украин	қазақ	орыс	украин
1897	70,9	14,7	-	937,9	175,3	3,4
1915	125,0	37,1	-	1128,0	426,0	83,5
өсім	+ 54,1 + 177	+ 21,4 + 252	-	+ 190,1 +120	+250,7 2,5 есе	+80,1 24,6 есе

Алайда, Орал уезінен басқа Батыс Қазақстан уездерінің барлығында басым болды. Ал Орал уезінде қазақтардың көшіп кетуі салдарынан орыстар саны басым болды. 1897 ж. 124 000 орыс болса, 1915 ж. 237 000 құрап, +113 000 адамға өскен.

Тарихшы М.Сыдықовтың зерттеуінде 1897 ж. Гурьев уезінде барлығы 155 400 халық болса, оның 70 921-і қазақтар құрап, 81,7%-ға, орыстар 14 769 болып, 17,0%-ға, украиндар 19,0%-ға теңеліп, татар, ұйғыр, өзбек сияқты ұлттардың үлес салмағы арта түсті. Айталық, орыстар 454 452 адам, украиндар 79 573 адам, татарлар 55 984 адамға өсіп, 17,3% құраса, ал немістер (2613), өзбектер (29573), дүңгендер (4888) 1,2% құраған. Ал 1915 ж. халық саны 117 300-ге көбейіп, 272 700 адам құрады. Оның ішінде қазақтар 54 068-ге (77,1%) көбейіп, 124 989 теңелсе, орыстар 22 427-ге көбейіп, 37 196 (22,9%) халық құраған [10. 62 б.]. Ал, 1915 ж. казак-орыстардың саны 17 861 (11,4%), сырттан келгендер – 15 667, теңіз жағасындағы кент тұрғындар – 3 355 адам тұрған. Жалпы 1897 жылмен салыстырғанда Батыс

аймағына қарайтын уездерінде орыстардың үлес салмағының ұлғайғанын, керісінше қазақтардың үлес салмағының төмендегенін байқаймыз. Кейбір облыс уездерінде орыс-украиндар тұрғындардың негізгі бөлігіне айналды. Әсіресе орыстардың көбі Сарайчинко, Кандауров, Редутта көп қоныстанғанын архив деректері растайды. Сондай-ақ, украин ұлтына қарағанда Гурьевте орыстар, татарлар басым болды. Бұл жерлерде 1922 ж. қазақтар – 4512 халық (ер - 2334 адам, әйел – 2178 адам), орыстар – 2213 халық (ер- 1058, әйел- 1155), татарлар – 56 (ер- 34, әйел-22) болып, барлығы 6781 халықты құраған [11].

Сонымен, XIX ғ. соңына қарай Гурьевте полиэтникалық жағдайдың негізі қаланып, көші-қон процестері белсендіріле бастады. Ал, көші-қон тек қана халықтың демографиялық құрылымына өзгеріс әкелумен бірге жергілікті халықтан шұрайлы жерлерді тартып алумен қатар жүрді. Халықтың әлеуметтік құрылымында күрт өзгерістер болды. Басқа да демографиялық көрсеткіштер бойынша 1897 жылы табиғи өсім үстем болды, ер адамдар саны әйелдерге қарағанда көп, жастық құрылымында еңбек жасындағылар көші-қоншылар құрады. 1897 ж. санақ бойынша Гурьевте 40 066 - ер адам, 37 370 – әйел адам тіркеліп, барлығы 77 436 адам болды. Ресей мен Украинадан келген қоныс аударушылардың келу есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Гурьев уезінде қазақтардың үлес салмағы 81,7%-дан 77,1%-ға, орыстардың үлес салмағы 77,0%-дан 22,9%-ға азайды. Сонымен қоныстандыру саясатының қорытындылары өлкеде өзге ұлт өкілдерінің, оның ішінде орыс-украиндардың саны мен үлес салмағының ұлғаюына әкелді. Алайда, басқа уездермен салыстырғанда Гурьевте қазақтарға қарағанда орыстардың үлесі аз болды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Картаева Т. Тарихи демография. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2007. – 152 б.
2. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме. Алматы: - «Білім» - 1993. – 176.
3. Сарсекенова К. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы. – Алматы: «Қазақстан халқы», 2011. – 220 б.
4. Бекмаханова Н. Е. Формирование многонационального Казахстана и Северной Киргизии. Москва: - «Наука», 1980. -138б.
5. Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы. Алматы: - «Қазақ университеті» - 2005. – 84б.
6. Табылдиев Х.Б. Атырау қаласының тарихы. Алматы: «Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты» - 2018. – 89 б.
7. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы: - «Атамұра-Қазақстан» - 1993. – 19-21б.
8. Атырау энциклопедиясы. «Атамұра» - 1992. – 98б.

9. Исмағұлов Ұ. Қазақ жеріне келімсектердің орнығуы және оның нәтижелері // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы. Ақтөбе: – 2008. – 124б.
10. Сдықов М., Аман Ә., Мәден А., Шарғалиева М. Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер. – Орал, 2008. – 62 б.
11. Ат.ОМА., 300-қ., 1-т., 999-іс, 24-п.
12. Ат.ОМА., 18-қ., 1-т., 35-іс, 257-п.

## **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ**

**С.К. Молдашева**-магистр, оқытушы,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университеті

Еліміздің бейбітшілік пен татулықтың берекелі бекетіне айналуына Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен үлес қосып келеді. Оны біз бүгінгі таңдағы еліміздің экономикасының қарыштап дамуы мен елдегі саяси тұрақтылықтан және Қазақстанда мекен ететін барлық ұлыстар мен ұлттардың бір кісідей жұмылып оны әлемнің дамыған зайырлы мемлекеттері қатарына қосуға деген ұмтылыстарынан байқаймыз [1,106 б.].

Қоғамдағы этностық және түрлі әлеуметтік топтар арасындағы, сонымен бірге мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу мәселесі - мемлекет өміріндегі басты мәселелердің бірі болған. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, тағдыр тауқыметімен қаншама ұлыс өкілдері қасиетті қазақ жерін пана тұтқаны белгілі. Сындарлы кезеңдерді бастан өткерген қазақ халқы өз атамекенінде көпұлтты мемлекетке айналды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықты ұлтына бөлмей, біртұтас Қазақстан қоғамын қалыптастыруды мақсат тұтып, 1992 жылы алғаш рет Ассамблея құру туралы идеясын қалың көпшілікке жариялады. Идея ірі мақсатқа ұласып, 1995 жылдың 1-ші наурызда Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылды [2,104 б.]. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және қоғамдық келісімнің алтын діңгегіне айналғанына 25 жыл болды. Осы жылға дейін Ассамблея Қазақстан Республикасы халықаралық беделінің өсуіне ықпал етіп, этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келеді. Бүгінгі таңда Ассамблея барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық

және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту [3, 70 б.].

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Бүгінде Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісіне әлем назары аударып отыр. Қазақстандық тәжірибе Біріккен ұлттар ұйымында, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына қатысушы елдерде, Копенгагенде, Венада, Женевада, Нью-Йоркте өткен халықаралық форумдарда таныстырылып оң бағаға ие болды. Ассамблея Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар проблемасын тиімді шешуге зор ықпал жасап, еліміздің халықаралық беделін көтеруге үлес қосуда [4, 116.].

Өзінің жиырма бес жыл қызметі барысында Ассамблея 27 сессиясын өткізіп, онда қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерін талқылады. Соның бірі 2019 жылы 29 сәуірде Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Бейбітшілік пен келісімнің формуласы: әлеуметтік бірлік және жаңғырту» тақырыбымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы болып өтті. Елбасы: «Жаһандық әлем күшті трансформацияны бастан өткеріп отыр. Біз бәріміз мүлде жаңа тарихи дәуірде өмір сүріп жатқанымызды түсінеміз. Экономика, қоғам өмірі және технология түбегейлі өзгерді. Бұл жаңалықтарды қабылдап, көп нәрсені үйренеміз, біраз нәрсені істей аламыз. Бірақ, бұл құбылмалы әлемде бір ғана мәңгі әрі кешенді құндылық бар. Ол қоғамның бірлігі мен ұлттаралық келісім» [5], - деп Елбасы елдің тұрақты дамуын, ұлттардың татулығы мен достығын әрдайым басты назарда ұстап келеді.

Бүгінде Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Әр облыста құрылған этномәдени бірлестіктер көпұлтты халқымыздың саяси сана-сезімін байыту, ұлттар мен ұлыстардың өзара бірлігін күшейту, ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту жолында халықтар сеніміне ие болды [6, 94б.].

Қазақстан халқы Ассамблеясының Атырау облыстық филиалы құрамына 19 этномәдени бірлестіктер құрылып, Әділет басқармасына тіркелген [7]. Олар

- “Видергебурт” неміс ЭМБ (1989ж.) төрағасы -Александр Филиппович Думлер;

- “Тхоньил” кәріс ЭМБ (1991ж.) төрайымы – Ли Людмила Валентиновна;
- “Возрождение” болгар ЭМБ (1992ж.) төрағасы – Кустадинчев Юрий Юрьевич;
- “Татулық” татар-башқұр ЭМБ (1995ж.) төрағасы – Байкенова Гульсина Гарифжановна;
- “Алия” еврей ЭМБ (2001ж.) төрағасы – Ткач Павел Петрович;
- “Вайнах” шешен-ингуш ЭМБ (2001ж.) төрағасы – Зубариев Зелимхан Асабалиевич;
- “Новруз” әзербайжан ЭМБ (2001ж.) төрағасы – Ахмедов Эльдар Мамедович;
- “Салам” дағыстан ЭМБ (2002ж.) төрағасы - Алишаев Муса Абакарович;
- “Довира” украин ЭМБ (2002ж.) төрағасы – Ольга Павленко Дмитриевна;
- “Былина” орыс ЭМБ (2003 ж.) төрағасы – Солодовников Александр Германович;
- “Иверия” грузин ЭМБ (2003ж.) төрағасы – Бобохидзе Зураб Гедеванович;
- “Таврос” армян ЭМБ (2004 ж.) төрағасы – Плужян Гагик Сережаевич;
- Ұйғырлар қоғамы Атырау облыстық филиалы (2004 ж) төрағасы - Нодяров Анарбек Нодярулы;
- Қазақстан түріктері қоғамы Атырау облыстық филиалы (2007ж.) төрағасының орынбасары - Мурадов Абубакир Мушгамбарович;
- Орыс, славян және қазақтар республикалық қауымдастығының облыстық филиалы (2005ж.) төрағасы - Заверткин Владимир Николаевич;
- Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Атырау облыстық филиалы (2007ж.) төрағасы – Әлімгереев Өтепберген Әлімгерейұлы;
- «Еділ-Жайық» қарақалпақ этномәдени бірлестік (2009ж.) төрағасы – Бекмұратов Қазақбай Ережепұлы;
- «Светоч» славян ЭМБ (2017ж.) төрайымы - Раиса Афанасьевна
- «Барбарг» курдтар ЭМБ (2017 ж.) төрағасы – Али Сеидов

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік саясатты іске асыруға үнемі өз үлестерін қосып келеді. Биылғы жылдың өзінде Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен **600-ге жуық** шаралар ұйымдастырылды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және «Ұлы Даланың жеті қыры» стратегиялық мақаласында алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында этномәдени бірлестіктердің қатысуымен Наурыз мейрамы, «Қазақстан халықтары достығы фестивалі», Тілдер мерекесі, «Этнофест» ұлттық мәдениеттер фестивалі және тағы да басқа мәдени, тәрбиелік шараларды



өткізіліп отырады. Сондай-ақ, ұлттардың ұлттық мерекелері «Рождество», «Сольналь», «Терендез», «Пасха», «Масленица», «Пурим», «Навруз байрам», «Сабантуй», «Чусок», «День чеченской матери», «Червона Калина», «Нинооба», «Рош-а-Шана», «Вардавар», «Октоберфест», «День узбекской культуры», «Яблочный спас» жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтуде [7].

Қазіргі таңда этностар өмірінің алуан кырларын көрсету жолында 15 тілде 30-ға жуық газет шығады, 11 тілде хабар тарататын 44 телестудия және 6 радиостудия жұмыс істейді. Эфирде «Менің Қазақстаным», «Шаңырақ», радиода «Достық», «Тіл – татулық тірегі» сынды бағдарламалар жұмыс істейді. Республикалық газеттер «Біз - қазақстандықтармыз», «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» және т.б. айдарлармен ақпараттар таратуда. «Единство.kz» бағдарламасы халықтар арасындағы бейбітшілікті, келісім мен достықты нығайтуға бағытталған мемлекеттің бейбітсүйгіш саясатын насихаттауға арналған. Сонымен бірге бағдарлама шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен республикадағы этномәдени бірлестіктердің қызметі белсенді насихатталады [8.238б.].

Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуға және дамытуға Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі мен өңірлердегі ғылыми-сарапшылық топтар, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық келісім кеңестері, Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының Медиация орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Журналистер клубы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының этносаралық және конфессияаралық қатынастар орталығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедралары айтарлықтай үлес қосып отыр. Ассамблея қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанынан «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Осындай мекемелер өңірлік деңгейде де әкім аппараттары жанынан құрылып, жұмыстарын бастап кетті. Ассамблеяның әлеуметтік инфрақұрылымы дами түсті. Бірлік пен келісімнің «Бірлік – әралуандылықта», «Бір ел – бір тағдыр» сияқты тұғырлық қағидаттары қалыптасты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы базасындағы Ғылыми-сарапшылар кеңесі әртүрлі гуманитарлық білім салалары өкілдерінен: тарихшылар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар, заңгерлер, филологтар, этнолингвистер, психологтар және т.б. тұрады. Ассамблея Орталық Азия аймағындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Орталық Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрылымдық бөлімшесі, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеумен, этносаясат, ұлттар мен конфессиялар мәселелерін оқытумен айналысады [9.77б.]. Бүгінде еліміз бойынша ірі университет базаларында, айталық, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті базаларында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары құрылған. Атырау облысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау мұнай және газ университеті, Атырау инженерлік гуманитарлық институтында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары жұмыс істейді.

Бүгінде Атырау облысы бойынша Ғылыми-сарапшылық кеңесінің құрамында 15 адам мүше. Оның ішінде 3 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты мен ғылыми сарапшы мамандар бар.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде Қазақстандағы қоғамдық және этносаралық қатынастар саласында басты медиатор қызметін атқарып келеді. 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстанда дауларды баламалы шешудің жаңа түрі – медиация енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы медиация орталығының мақсаты – қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, дау-жанжалдың алдын-алу, даулы мәселелерді өркениетті тетіктер арқылы шешуге жәрдемдесетін қосымша біріктіруші факторларды іздестіру. Елбасының мәлімдеуі бойынша бүгінгі таңда Қазақстанда 800-ден аса медиаторлар жұмыс істейді.

Бүгінгі күні Атырау облысында кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың базасы жинақталып, 61 кәсіби емес медиатор тіркелген. Жергілікті әкімдіктер жанынан 40 медиация кабинеті ашылған. Жыл басынан бері 72 дау, оның ішінде 9 қылмыстық, 63 азаматтық іс қаралған. Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Медиация кабинеті» жұмыс жасауда. Кабинетті ашудың мақсаты әлеуметтік қарым-қатынастар саласындағы мәселелерді шешу тәжірибесінде медиация әдістерін қолдану болып табылады [7].

Қорытындылай келе, бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының мүмкіндігін толығымен пайдалануда, яғни оны тек елдегі этностардың арасындағы қарым-қатынастарды, олардың тілдері мен мәдениетін дамытумен бірге, елдің дамуына жұмылдыру, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, ел экономикасын дамытуға және т.б. ел өміріндегі маңызды істерге кеңінен араласу мүмкіндіктері бар. Ассамблея өкілдері, шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, білім мен ғылымды және инновациялық технологияларды дамытуда айтарлықтай үлес қосып, үлкен беделге ие болатыны осы тәуелсіздіктің өткен 28 жылында көрсеткен нәтижелерінен байқауға болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасу тарихы. Алматы: Таймас, 2008.– 106 б.
2. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. Алматы: Эдельвейс, 2005.- 104 б.

3. Атырау этностары. Алматы: Тау қайнар, 2015. – 46 б.\70Б
4. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері. Алматы: ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2010. - 11 б.
5. Бейбітшілік пен келісімнің формуласы: әлеуметтік бірлік және жаңғырту/[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz). Пайд. уақыты: 25.04. 2020 ж.
6. Садвокасова А. Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы: Қазақстан халқы Ассамблеясы моделі. // «Қоғам және дәуір», №4, 2016. – 94 б.
7. Атырау облысы әкімі аппараты жанындағы Қоғамдық келісім КММ-нің ғылыми қорының материалдары
8. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003. - 238 б.
9. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа үрдістер //Жалпы ред.басқ. Е.Л.Тоғжанов.- Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011.–77 б.

## **САРАЙШЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕ ДЕЙІНГІ ОРЫС ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕ (XVIII-XX ғғ.)**

**Н.Т.Нұғманова** - кіші ғылыми қызметкер,  
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы» РМҚК

XVIII ғасырдың басында Ресей империясының Орта Азияға жасаған саяси-әскери жорықтары нәтижесінде Сарайшық қирандысы туралы алғашқы деректер орыс ғалымдарына жетті. Сарайшық қалашығының құландысы жөнінде тұңғыш дерек Иоанн Густав Гербердің (Гарбер) 1732 жылы Хиуаға жасаған сапары барысында жазылды. Гербер 1732 жылдың 19 ақпанында Сарайшықта болып, қаланың күйдірілген қызыл және ақ кірпіштерден тұратын үйіндісін көреді. Сондай-ақ, ол қаланың орналасқан жері қара топырақты болғандықтан, оның айналасындағы егістік алқап пен су жүретін арықтардың көп екендігін атап өтеді [1].

XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап Сарайшық туралы мәліметтер монографиялық еңбектерден көрініс табады. Солардың бірі П.Рычковтың 2-бөлімнен тұратын «Орынбор топографиясы» жинағы. П.Рычков Сарайшықты Ұлы қаланың белгісі деп, сол кездің өзінде шатырлары, яғни, мазарлар тұрғандығын, олардан қабір мен сүйектердің шығып жатқанына қарап, бұл жерде атақты адамдардың зираты болған деп топшылайды. Сондай-ақ, Гурьев қаласын тұрғызу барысында Сарайшықтан қызыл кірпіштер тасылғанын және «қазірдің өзінде жергілікті казактар үйдің пешіне т.б.

құрылыстарға қажетті кірпіштерді аталған зираттан қазып алады»- деп жазды [2].

П.Рычковтың еңбегі жарыққа шыққан соң көп кешікпей (7 жылдан соң) қалаға П.С.Паллас бастаған академиялық экспедиция ат басын бұрады. Осы тұста П.Палластың батыс қазақтары жөнінде XVIII ғасырдың II-жартысында құнды этнографиялық дерек қалдырған бірден-бір ғалым екендігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, оның еңбегінен Атырау өңіріне қатысты құнды географиялық және тарихи-археологиялық деректерді де кездестіруге болады. Паллас еңбегінің ерекшелігі сол - ол өзінің сапарында болған жерлерін уақытымен көрсетіп отырған. Ол 1769 жылдың 22-тамызында Сарайшық қалашығының қирандысын өз көзімен көріп, төмендегідей деректер келтіреді: «...(қалашықтың) дуалы мен оры әлі де көрінеді, қоршауының көлемі 5 верстке дейін жетеді. Ол қазіргі форпостан бір жарым верст төмен маңда, қырдан Жайыққа қарай жәймен ағып жатқан далалық Сарайшық өзеншігінің бұрышынан басталып, одан әрі осы өзеншікпен жоғары қарай жалғаса отырып, соңында форпосты қисая (бұрыла) айналып, Жайықтың жанында аяқталады. Осы жердің (қалашықтың) ортасында жүргізілген құрғақ ор, су жинақтау үшін арнайы жасалған болуы мүмкін. Дуалдың ішінде тас құрылыстардың ірге тасы мен үйінділері бар, соған қарап қалада ақсүйектердің (атақты адамдардың) үйлері болған деп қорытындылауға болады. Құрылысқа қолданған кірпіштер мықты және ұзаққа төзімді етіп жасалған. ...Қазір осы жерде сары, ақ, көгілдір түспен боялған қымбат бағалы ыдыстардың сынықтары табылуда. Қалашықтың жері өте тұзды және ылғал болғандықтан темірден жасалған заттардың барлығын тот басқан, сондықтан оларды тану қиын. Дуалдан табылған мыс және күміс кішкене тиындар да осындай жағдайда. ...Мұнда кірпіштен салынған бейіттер өте көп, олардан кейде айтуға тұрарлықтай заттар табылуда» [3].

1770 жылдың шілде айында Еділ мен Жайық өзендері аралығын Палластың замандасы И.П.Фальк те зерттейді. Оның экспедициясы XIX ғ. деректерде «Фальктің Орынбор экспедициясы» деп аталды. Фальктің жазбаларында Гурьев қаласы, Бақсай, Кулагин, Индер және Сарайшық бекінісі туралы мәлімет келтіріледі және ол өзі көрмесе де, соңғысының жанында Орал казактары талқандаған Сарайшық қаласының құландысы әлі де көрінеді деп жазды [4].

Сарайшық қирандысын 1824 жылы өз көзімен көріп, құнды дерек қалдырған келесі ғалым А.Левшин болды. Ол қалашықтың зерттелу мәселесіне тоқталып, бірқатар ортағасырлық деректерге талдау жасайды. Дегенмен, оның салынуы жөнінде жазбаша деректерді таппаса да, ол жөнінде Қазан мен Орынбор татарларының ауызында қалған аңызды есіне алады. Оған сәйкес Сарайшық Сарайға ұқсап салынған және онда хандар тек жаз айларында, яғни, 3-4 ай ғана мекендеген. Ол үлкен Сарайдан кіші болғандықтан, оның атауы Кіші сарай деген мағынаны білдіреді деп тұжырымдайды. Одан әрі А.Левшин қалашық жөнінде былай дейді."Көне

Сарайшық қалашығының қалдығы топырақ үйіндісі немесе кішкене бекініс түрінде көрінеді. Оның басты кіре берісі 2 үшбұрышты бастиянмен (бекініс) қорғалған. Бұл бекініс цитаделдерден құралып, оның сырты өзге сыртқы дуалмен қоршалған".

Ол әрі қарай, қалашықтың сол кезеңдегі сақталуы мен жай-күйіне тоқталады. Гурьев қалашығы мен жергілікті казактардың үй салу үшін кірпіш және өзге де құнды заттар табу мақсатында қазған шұңқырлары мен топырақ үйінділерінен, қалашықтың бұрынғы бекіністік қалпын анық айырып көру мүмкін еместігін атап өтеді. А.Левшин қалашықтың қирандысында екі күн жүріп, одан музейлік құндылық болатын заттар мен бұйымдар іздеп, тиындар табады. А.Левшин жазбасының соңында Сарайшық қирандысының казактар мен татарлар үшін маңызды екендігін атап өтіп, олардың бекініс тәрізді үлкен төбедегі әулие адамның басына сиынып, құрбан шалатындығын да атап өтеді [5].

1825-1826 жылдары полковник Ф.Ф.Берг бастаған топ Каспий мен Арал теңізінің аралығына зерттеу жұмысын ұйымдастырды. Экспедиция 1825 жылдың 15 желтоқсанында Сарайшық қамалынан шығып, оған 1826 жылдың 5 наурызында қайтып оралды. Сапардың негізгі мақсаты әскери-саяси бағытта болды. Себебі, олар Сарайшықтан Хиуаға баратын жолды түгелдей физикалық-географиялық жағынан сипаттап картаға түсірді. Осындай картаның бірі Сарайшыққа арналды [6].

А.Левшиннен кейін Сарайшыққа 1861 жылы Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс-капитан А.Е.Алексеев зерттеу жұмысын жүргізеді. Ол қалашықтың топографиясын зерттеп, оның көлемін айнала үйілген дуалымен өлшейді. Оған сәйкес қалашықтың ұзындығы 1 верст 100 сажен, ені 1 верст 50 сажен, айнала қоршаған дуалды есептегенде барлығы 3 верст 350 саженді көрсеткен. Қалашықтың ортасындағы төбе болып үйіліп жатқан цитадельдің көлемін де өлшейді, оның ұзындығы 200, ені 100 сажен болған. А.Алексеев қаланың шетінде орналасқан қорымның бір бөлігі ағаш шарбақпен қоршалғандығын көреді. Оны Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің тапсырмасымен 1846 жылы татар саудагерлері жасаған дейді.

А.Алексеев қазба жұмысына Жайықтың сол жағалауынан 20 қазақты жалдап, нәтижесінде қалашық қирандысынан бірқатар құнды бұйымдар табады. Ең бастысы цитадельдің қирандысындағы бір лақыпта (сағана) «хан моласының» бар екендігін айтып, оның іші киіз үйге ұқсас екендігін және оның бір есігі мен 3 терезесі және онда 2 үлкен, 4 кіші қабір үйіндісі бар екендігін атап өтеді. А.Е.Алексеев жоғарыда айтылған қоршаудың ішінен әулие саналатын бір мола бар екендігін және оған қазақтар келіп аурудан жазылу үшін түнейтіндігін жазады. Алайда, жергілікті казактардың Сарайшықтың құландысына ескіліктің көзі ретінде көңіл бөлмейтіндігін айтып, селоның Сарайшық және оның қасындағы өзеннің Сарачинко аталатындығына қарамастан қаланы «Можар» деп айтатындығын атап өтеді [7].

А.Е.Алексеев өзінің жазбасында жергілікті халықтан естіген қоныстардың құландысы туралы мәліметтер келтіреді. Соның бірі, Сарайшықтан батысқа қарай 20 верст қашықтықтағы Солянка өзенінің бойындағы қамалы жоқ қоныс құландысы бар екендігін атап өтеді. Ол жерде мұнара құландысының ізі мен Сарайль-Джадитке (Сарайшыққа) ұқсас кірпіштер, ыдыс сынықтары және тиындар табылған. А.Е.Алексеев өзі көрмесе де, Сарайшықтан 14 верст оңтүстікке қарай орналасқан Қарабау көлі маңында Темір атты қалашықтың бар екендігін жазады [8]. Өкінішке орай, бұл айтылған қоныстар зерттеуші ғалымдарға әлі де белгісіз күйде қалып отыр.

Жайық казактарының Сарайшық құландысын «Можар» немесе «Маджар» атағандығын және одан құнды көмбелер табылғандығы жөніндегі деректі гурьевтік И.Железновтің де еңбегінен көруге болады. Оның жазуы бойынша Жайық бойындағы ақша және т.б. құнды заттар табылған көмбелердің басым бөлігі Сарайшық маңынан табылып отырған. XVIII ғасырдың соңы мен XIX басында Сарайшық қамалында Захар Матыгин деген казак өмір сүрген. Ол мас болғанда өзінің байлығымен мақтанғаны соншалықты, Сарайшық пен Жаманқала (Махамбет) аралығына, яғни 20 шақырымнан астам қашықтықтағы жолды қызыл және ақ қағазды ақшалармен төсей алатындығын айтқан. Әрине, онымен ешкім ешқашанда бәстеспеген. Бірақ, жергілікті халық ауызында Матыгиннің Сарайшық маңындағы «мажардан», яғни, қала үйіндісінен бір қайыққа толатын алтын және күміс тиындар тауып алып, содан байыған деген аңыз бар екен. Алайда, И.Железнов бұл қауесетке сене қоймайды. Оның ойынша З.Матыгин қазақтардың малын арзанға сатып алып, Ресейге апарып қымбатқа сатудан байыған [9]. Қалай десекте аңыз түбінде шындықтың бар екендігін ескерсек және Сарайшық секілді үлкен сауда жолының бойында орналасқан қалашықтың жұртынан алтын мен күмістен тұратын көмбелердің кездесетіндігін ешкімде жоққа шығара қоймас.

XX ғасырдың бас кезінде Сарайшық жөнінде мәліметті Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясына Торғай партиясының агрономы Б.Скалов хабарлайды. Ол 1904 жылы қалашық құландысында болып, оның кішкене төбешіктер мен дуалдан құралғанын және ол жерден казактар жаппай күйдірілген кірпіштер іздеумен айналысатындығын жазды. Осындай қазбалар барысында бірқатар археологиялық олжалар табылғандығын айта кетіп, мысал ретінде бір казактың үйінде құмыра сақтаулы екендігін хабарлайды. Б.Скалов сөзінің соңында жергілікті шіркеу қызметкері А.Лоскутовтың көне бұйымдарды жинаумен айналысатындығын және оның қалашық қирандысын тонаушылықтан құтқару ісіне пайдасы болар деген ой айтады [10].

1905 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының Сарайшықтың жағдайы жөнінде сұранысына жоғарыда жазылған Покровский шіркеуінің қызметкері Александр Лоскутовтен жауап хат келеді. А.Лоскутов

қалашықтың қирандысын сипаттай отырып, оның көлемінің тік төрт бұрышты және қамалы болғандығы туралы жазады. Қалашықтың ортасында үйіліп жатқан күйдірілген кірпішке қарап, ол жерде үлкен құрылыстар болған деп топшылайды. Сондай-ақ, ол, А.Левшин мен Е.Алексеев жазғандай қаланың орталық бөлігінде орналасқан «Кремльді» де, яғни, су жинайтын арықтың орынын да көреді.

Ол осы жерде жергілікті қарт казак Мохначевтің мәліметін келтіреді. Соңғысының айтуы бойынша оның атасы «Кремльдің» оңтүстік бөлігінде күйдірілген кірпіштен мұнара болғандығын өз көзімен көрген, бірақ кейін ол мұнара жойылған. Казактардың айтуы бойынша 30-40 жыл (яғни, 1905 ж.) бұрын қалашықтың тас қамалы да болған. А.Лоскутов қаланың сол кездегі жағдайын суреттей келіп, оның аумағының жартысына жаңадан үйлер мен 3 (1 мұсылмандық және 2 христыандық) қорым бой көтергендігін және ол жерде қабір қазу барысында адам сүйектері мен өзге де қыштан жасалған бұйымдар табылып отырғандығын мәлімдейді [11].

### Әдебиеттер тізімі

1. Journal von der Reise aus Astrachan nach Chiwah und Bucharen. Спб. 1902. 96 с., 9 б.
2. Рычков П. Топография Оренбургская. Ч.1. Спб. 1762. 331с., 260-261 б.
3. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. Спб., 1773. 657 с., 610-612 б.
4. Полное собрание ученых путешествий по России. Т.7. Спб. 1825. 223с., 58 б.
5. Левшин А. Известия о древнем татарском городе Сарайчик // Северный архив. 1824. №4. С.179-190.
6. Первые русские научные исследования Устюрта. М., 1963. – 326 с. 14-16, 89 б.
7. О развалинах татарского города Сараиль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. С.2-7.
8. О развалинах татарского города Сараиль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. 6 б.
9. Железнов И.И. Уральцы: очерки быта уральских казаков. Т.1. М., 1858. 374 с.
10. Протокол №14. Очередное заседание (Оренбургской ученой архивной комиссии) 17 декабря 1904 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.16. Оренбург. С.49-57].
11. Протокол №9. Очередное заседание (Оренбургской ученой архивной комиссии) 23 сентября 1905 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.16. Оренбург. С.271-274].

## КИЕЛІ ЖЕРЛЕР – ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ПЕН ЖАҢҒЫРУ НЫШАНЫ

**А.С. Омарова** - тарих пәні мұғалімі,  
№ 17 жалпы орта білім беретін мектеп,  
Жылыой ауданы, Құлсары қ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Қай халықтың болсын өзге ешбір ұлтқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзгеше тағдыр-талайын айқындайтын тарихи-мәдени мұралары бар. Осындай құндылықтар қатарындағы қорымдар, киелі орындарды зерттеу, зерделеу жастарды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Демек, киелі орындарды, олардың тарихи тағылымын тарихи ой елегінен өткізу, қызметтеріне нақты баға беру Отан тарихының басты міндеттерінің бірі деп ойлаймын. Менің бұл ойымды, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, оның аясында жүзеге асып отырған Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйін зерттеу, халқымыздың бірегей ұлттық құндылықтарын әлемге әйгілеу, өзімізге таныту арқылы қазақстандық отаншылдықты тәрбиелеу, сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешені айқындайды. Сонымен қатар Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсетілгендей «Туған жер» бағдарламасы аясында жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәйкес тарихи-мәдени орындарды әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындық шараларын жүргізу кешені нақтылай түспек.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасында кіндік қанымыз тамған жеріміздің, еліміздің тарихына баса көңіл аударғаны байқалады. Онда білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру көзделуде. Осы бағытта «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәйкес жәдігерлер кешенін, көне қорымдар мен киелі мекендерін және басқа да мекендерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді [1, 3 б.].

Қорымдар, киелі орындар өз дәуірінің «жыршылары» деуге тұратын хас шеберлер жасаған ондағы таңғажайып ою-өрнектер, келісімді таңбалар мен кескіндер – мәңгі жалғастығын үзбеген қаншама ұрпақтың көркем ойы мен тарихи жадының іздерін аңдатады. Олар әлемнің еш жерінде теңдесі жоқ



дерлік «ашық аспан астындағы мұражай» іспетті. Тағылымды тарихы бар, мәуелі мәдениеті дамыған Кең Жылыойда мәдени мұралар жүздеп саналады. Жылыой ауданындағы тарихи-мәдени мұраның бүгінгі таңда 1-і республикалық, 69-ы мемлекеттік, 75-і алдын ала есепке алу тізімінде тіркелген [2, 49 б.].

Тарихи-мәдени ескерткіштер қатарынан маңызды орын алатын киелі орындарды атап айтуға болады. Өңірде киелі орындардан Ақмешіт, Ұшқан ата, Қарашүңгіл, Желтау, Ортатау, Дәден ата, Қарамола қорымдары, Қайнар, Шерліғұл, Шолабай діни-тұрмыстық кешендері, Бәли мазары және басқа да мемориалдық-рәсіми архитектура ескерткіштері кездеседі. Бұл киелі орындарда тарихи-этнографиялық жағынан құнды сағанатам, құлпытас, қойтас, сандықтас, кесенелер бар. Сонымен қатар құлпытас, қойтастардағы парсыша және ескі түркі тілідегі араб ғарпімен ойып жазылған сөздер, таңбалар сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігінен мол мәліметтер берері сөзсіз. Мәселен, Ұшқан ата қорымында тарихи-этнографиялық жағынан құнды 94 құлпытас, 3 қойтас, 8 сағанатам және 1 сандықтас бар болса, Қарашүңгіл қорымында 15 дәстүрлі кесене, 10 сағанатам, 238 құлпытас, 8 қойтас, 2 сандықтас, 702 қоршау, Ақмешіт 32 құлпытастан, 2 қойтастан, 2 күмбез кесенесінен және 1 сағанатамнан құралады. Ортатау қорымында барлығы 23 объекті бар. Негізінен, мұндағы құлпытастар өздерінің сан алуандығымен көзге түседі. Ондағы тас қашау өнерінің озық үлгілері, құлпытастар ортасынан бой түзеген сағанатамдар сәулет өнерінің қайталанбас туындысы деуге болады. Қайнар діни-тұрмыстық кешенінде – 2 мазар, 1 мешіт-медресе, 35 сағанатам, 75 қойтас, 350 құлпытас бар. Шолабай кешенінде сәулеттік құндылығы бар мешіт, құлпытас, үштас, сағанатам, тұрғын үй және тағы басқалары көптеп кездеседі. Шерліғұл кешенінде 1 мешіт, 2 мазар, 10 қойтас, 15 сағанатам, 50 құлпытас, 50 қоршау және 200 үстінде қабір үйінділері бар. Шерліғұл кешеніндегі қорым алуан түрлі қабір үсті ескерткіштері, архитектуралық сәулет үлгілерінің типтері, маңызды көркемөнер туындыларымен ерекшеленеді [3, 159-163 бб.].

Аталмыш киелі орындарға кезінде экспедициялық зерттеулерде жүргізілген. Оның ішінде Ұшқан ата қорымына 1979 жылы Т.Джанысбеков бастаған экспедиция, Қарашүңгіл қорымына 1989 жылы А.О. Итенованың басшылығымен «Қазреставрация» институтының сәулетшілері, 2004 жылы С.Е.Әжіғали басшылығымен Батыс Қазақстандық кешенді этноархеологиялық экспедициясы зерттеулер жүргізді. Шолабай кешенін 2004 жылы С.Е.Әжіғали бастаған Батыс Қазақстандық этноархеологиялық экспедициясы зерттеп, анықтады. Дегенмен өлкеміздегі жүргізілген бұл зерттеулер аздық етеді. Өйткені өлкедегі киелі орындар туралы деректер мардымсыз. Өлкетану сабақтарына кеңірек пайдаланатын ақпараттар жеткіліксіз. Мендегі мақсат қазіргі жүзеге асырылып отырған жоба аясында өлкеміздегі киелі орындар қайтадан зерттеліп, республикалық маңызы бар киелі орындар қатарына енгізіліп, қайта жаңғыртылып, халықтың келер

орнына айналса екен деген ой. Ескерткіштердің басым көпшілігі бірнеше ғасырлық уақыт тауқыметін тартқанымен жергілікті халық арасында әлі күнге өз қадірін жоғалтпаған. Еліміздегі киелі орындардың тізімін тек ғалым, археолог, тарихшы-мамандар ғана жасамайды, бірінші кезекте оған әр өңірдің жергілікті халқы атсалысуы қажет. Себебі, әрбір нысан, қасиетті орын сол жердің жергілікті халқының өмірімен, тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі сонда – оның өзінің туып-өскен жерін, өнген ортасын кие тұтып, қадір-қасиетін бағалай білуімен құнды.

Өлкеміз қойнауы тарихи-мәдени мұраларға лық толы, сондықтан да мынадай ұсыныс туып отыр. Отандық және шетел туристеріне өлкеміздің тарихи-мәдени мұраларын ғаламтор арқылы жарнамалап, басқа шалғайда орналасқан мәдени мұраларымызға да туристік экскурсиялар ұйымдастырылса екен. Ендігі кезекте, осы тарихи ескерткіштерді көркейте отырып, туристік жерлерге айналдырып, барынша отандық және шетелдік туристерге жағдай жасап, ескерткіштерді ел экономикасының көтерілуіне себебін тигізуіне мүмкіндік туғызуымыз керек. Алайда бұл мәселелерді шешуде тежейтін бірнеше факторлар бар. Олар:

- тарихи-мәдени ескерткіштерге баратын жол қатынасының нашар болуы;
- тарихи-мәдени ескерткіштер қатынас жолдарына жақын орналасқанымен, олардың қазіргі жағдайы отандық және шетелдік туристердің талғамына сәйкес келмеуі;
- арнайы туристік бағыттар мен сокпақтардың болмауы;
- тарихи-мәдени мұралар сақталған орындар жөнінде ақпараттық деректің аздығы;
- ғылыми-танымдық туризмді дамыту бағытындағы жарнамалар мен арнайы телебағдарламалардың нашар жүргізілуі;
- қаржы тапшылығына байланысты ескерткіштер орналасқан ауылдық елді мекендерде туризм мен демалысты дамытуға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдардың қалыптаспауы (қонақ үйлер, қоғамдық тамақтану, жол қатынасы);
- ескерткіштерді қайта қалпына келтіріп, ашық аспан астындағы тарихи-этнографиялық қорықтар ашу ісіне қаржының бөлінбеуі.

Зерттеу бойынша жасалынатын ойлар, тұжырымдар тәуелсіз мемлекетіміздің жас ұрпақтарының Жылыой өңіріндегі қорымдар мен киелі орындар тарихы турасында ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды қадір тұту, құрметтеу секілді сана-сезімін арттыруға көмектескен болар еді. Сонымен қатар, зерттеу материалдарын Жылыой мәдени тарихына арналған оқулықтар жазуда, арнайы курстар мен факультатив сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бес жылға

жоспарланған. Яғни 2017–2021 жылдарды қамтиды. Осы аралықта әр жыл сайын бір-бір томнан барлығы бес томдық үлкен еңбек «Қазақстанның қасиетті жерлерінің энциклопедиясы» жасалады деп жоспарланып отыр. Осы энциклопедияға Жылыой өңіріндегі киелі орындар да енгізілсе екен. Қасиетті жерлерге қызығушылық танытқан адамдар табиғатты тамашалап, көңіл көтеріп қана қоймай, ел-жер көріп, тәлімдік-тәрбиелік азық алады деген сенімдемін. Қазақстандағы қасиетті жерлердің картасы жасалуда. Картаға өзіңіз іздеген, қызығушылық танытқан нысанның орналасқан жерінен бастап, тарихы, аңыз-әфсанасы, ғасыры, тіпті әлеуметтік сипаты, суреті де орналастырылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, орта мектеп оқушыларына арналған өңірлік өлкетану оқулықтары қолға алынбақ, мектеп бағдарламасына өлкетану сабағы енгізілмек.

Енді осы бір жоба бойынша қуанарлық жаңалық «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Атырау облысының төрт тарихи нысаны «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының тізіміне енді. Атап өткен жөн, Сарайшық қаласының орны, Махамбет Өтемісұлының кесенесі және ауданымыздағы Ақмешіт қорымы, Ұшқан ата қорымы Қазақстанның киелі орындарының жалпы тізіміне енді. Ауданымыздағы қалған киелі орындарда тарихтан осындай орнын алса екен.

Ендеше, тарихи-мәдени мұраға жаны ашу – жас ұрпақты, біздің әрқайсысымызды отаншылдыққа, жаһаншылдыққа, шынайы патриотизм мен гуманизмге баулудың ең тиімді, ең ықпалды жолы болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айырықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» деп атап көрсеткен болатын.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». // Егемен Қазақстан. – 2017. – сәуір. –26 – №80 (29061). – 3 бет.
2. Сүйембаев Н. Киелі мекен – Кең Жылыой. – Атырау: «Ағатай», 2014. – 384 бет.
3. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников феномен истории и культуры Еразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: НИЦ «ҒЫЛЫМ», 2002. – 654 с.

**ҚОШАЛАҚТА ТУҒАН ҚОҢЫР ҰЛ**  
(Академик Мақсат Жолжанов хақында)

**Ә.Т. Өмірзақов** - магистр,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі,

Әр өлкенің түкпірінде көз майын тауысып, тарихтың тарау-тарау ақтаңдақтарының ақиқатын іздеген азамат саусақпен санарлық десем, әбестік болмас. Қазақтың қарапайымдылық дейтін қасиеті талай таланттың ауыл ішінен шығуына тосқауыл болды. Қызуы бет шарпыған ақшағыл – Қошалақта туған қоңыр ұлдың маңдайына тарих пәнінің мұғалімі, кейін аудандық музейді ұйымдастырушы болу бұйырды. Ел «ауылдан ұзаса академик атанар еді» деп таңдай қақты. Ол – Мақсат Құмарұлы Жолжанов еді.

Орта ғасырда Италияда жасалған қошқар тұмсық жез оттықты анау елдің түбіндегі Азғырдан тапқаны әлі күнге дейін ел жадында сақталған. Жігіттік дәурен шағында шахматтан Қазақстан құрамында болғанын мақтанышпен айтқымыз келеді. Германиядағы шахматтан әйгілі гроссмейстердің есебінен қателік тауып, мақаласы сол елдің «Шах» журналына шығады. Неміс тілінде шыққан М. Жолжановтың мақаласы мықты шахматшыны таңдай қақтырып, қателігін мойындады деседі.

М.Жолжанов әлеміне терең бойлау үшін бір адамның күш – жігері жетеді десек жаңсақ пікір болады. Әр дерегі статистикаға сүйеніп жазылған. Мысалы, «Еділ – Жайық – екі су» атты қолжазбасында: «1803 жылы 7500, 1825 жылы 10490, 1845 жылы 52129 қазақ Жайықтан батысқа өтіп қосөзен бойын қоныстанды» - деп жазады. Фриедеман Гебель және біздің өлке қазақтары қолжазбасында: «Ф.Гебель Яманка бекінісін (қазіргі Атырау облысы, Махамбет, Исатай аудандарының аумағы) барлап, Астраханьға бағыт алады. Кейін, Астраханьнан Құрманғазы ауданына қарасты Кордуан деп аталатын 17 тұзды көлге күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көлдегі қышқылды тұздан сода өндіруге болатынын дәлелдеп, 1839-1960 жылдар аралығында Астрахань дәріханаларының қожасы К.И.Оссенің өндірістік әдіспен сода шығаруына жол ашады», -деп жазады. Жоғарыда аталған Яманка бекінісі Жәмеңке сұлтанға байланысты қойылғанын Махамбет ауданы, Алға селосында (17ауыл) тұратын Базар Әмірұлы ақсақал атап өтіп еді. 2019 жылы жарық көрген «Тарихи тұлғалар жаңғырығы» атты еңбегінде деректер келтіреді [1].

Ғалымның еңбектерінде этнографиялық деректерді қалт жібермей, ерлердің киімі – «башылық» туралы атап өтеді. *Башылық* – үлкен сүйір бөрік, ол әдетт қызыл не жасыл шұғамен қапталып, астары түйе жүнімен не теріден жасалған.

Ерен ерліктің көрінісі іспетті күй атасы Құрманғазының өмір сүрген жылдары «*1823-1896 жылдар*» екенін еңбектерінде деректермен дәлелдеп жазды. Нақты деректерді Астрахань орталық мемлекеттік архивінің 203 қорындағы 629 – істің, 21,31 – парақтарынан алады. Ұлттық ғылым академиясына қарасты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында құрылған арнаулы сараптау комиссиясы: «Ұлттық ғылым академиясы

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының туған, өлген жылына қатысты сарапшылық комиссияның қорытындысын хабарлайды. Архив деректері мен зерттеушілер М.Жолжанов, И.Кенжалиев, Қ.Жұмалиев, Ұ.Рахметуллиннің пікірлерін мұқият сараптай отырып, халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлы 1823 жылы туып, 1896 жылы дүние салған», деген қорытынды шығарады. Бұл шешім облыстық «Атырау» газетінің 1996 жылғы 12 – қыркүйектегі санында жарық көреді. Жоғарыда аталған деректерді тарихшы – өлкетанушы, Махамбет сыйлығының иегері А.Шамғоновтың «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде 25 қаңтар, 2018 жылы жарық көрген «Күйшінің туған жылынан қателеспейік» атты мақаласында анық көруге болады. Жолжановтың зерттеулері осы бір ақтандақтың ақиқаты ашылуына түрткі болды [2].

Күрескер ақын Махамбет Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі «тебінгі теріс тағыну», «темірқазық», «ку толағай», «бастану» терминдерінің жіктерін ашып, астрахандық ғалым В.Лепиловпен бірігіп, толық орыс тіліне аударды. Жер-су атауының соңында кездесетін «н» әріпінің шығу, қосылу заңдылығын зерттеу үшін біршама жолсапарға шығып, түркология ғылымына үлес қосты. Топонимикалық деректерді зерттеуде Әбдірахманов, Жанұзақов, Жұбанов, Керімбаев, Қойшыбаев, Қоңқашпаев, Нұрмағамбетов, Макшеев, Мосолов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасады. 1974 жылы Мақсот Жолжановтың іздестіруі нәтижесінде елімізде бұрын-соңды көзге түспеген неміс тілінде басылған туған өлкеміз туралы кітап және Бөкей Ордасының 1837 жылғы картасы табылды.

1981 жылы белгілі өлкетанушының «Түркі-моңғолдан шыққан Астрахань облысының топономикасы» деген тұңғыш ғылыми еңбегі астрахандық белгілі ғалымдардың рецензиясымен осы облыстың ғылыми-кітапханаларына, мұражай-қорығына қабылданады. Астрахань облысының топономикасын зерттегенде 42 автордың еңбектерімен салыстырып, тұжырым жасайды.

Ғалым, зерттеуші, әдебиетші, шахматшы сынды қырларына сақина, сырға соғу сияқты ісмерлігін, ақындар мен жазушылардың көлемді портреттерін салған суретшілігін атап өтуіміз қажет. Кезіндегі сал – серілер іспетті саятшылық құрып, тіл үйренуден жалықпаған азамат болғанын ел-жұрты аңыз секілді айтып отырады. 1949-51 жылдар аралығында Астраханның мұғалімдер даярлайтын институтында 112 бітіруші түлектердің арасында жалғыз қазақ – Мақсот Жолжанов болған. Бұл туралы Жазушылар Одағының мүшесі, қаламгер Таңатар Дәрелов «Ана тілі» газетінің 2017 жылғы 23 қарашадағы «Жолжановты неге ұмыттық?» атты мақаласында дерек ретінде атап өтеді [3].

М.Жолжанов көптеген ғалымдармен хат арқылы байланысып, ақтандақтардың ақиқат ашуға аянбай еңбек еткен. 1979 жылы Элиста

қаласынан қалмақ ғалымы Очир Гаряев: «Туған өлкеңіздің топономикасын зерттеудегі сіздің күш-жігеріңіз бен табандылығыңызды еріксіз мойындаймыз. Сіз берген ақыл-кеңес маған бастаған ісімді аяқтауыма елеулі септігін тигізді», -деп жазған хаты ғалымның шетелдегі азаматтардың жоғары бағалағанын білеміз. 1999 жылы ғылымның қара нары дүниеден озды.

2017 жылы ғалым, жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Мақсот Жолжановтың 334-беттен тұратын «Қазақ тарихы, тіл - әдебиеті және топонимикасының өзекті мәселелері» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Өлкетанушының «Түркі-моңғолдан шыққан Астрахань облысының топонимикасы» (1981), «Махаббат дастаны тарихшы көзімен», «Қазақ атауы қайдан шыққан?» (1993), «Құрманғазы Сағырбаев» (Х.Б.Табылдиев, М.Қ.Жолжанов. Алматы «Ғылым», 1999) атты еңбектері қазақ тарихына, әдебиетіне қосқан қомақты үлес деп бағалауымыз қажет.

Ұлтымыздың ұлы тұлғаларын ұлықтап жатырған сәтте, «ауыл академигі» атанған Мақсот Жолжановтың еңселі ескерткіші туған жері – Атырау облысы, Құрманғазы ауданының төріне қойылып, облысымыздың төрінен сәулетті көше атауы берілсе деген тілегіміз бар.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жолжанов М. Қазақ тарихы, тіл – әдебиеті және топонимикасының өзекті мәселелері. - Атырау, 334-б.
2. Шамғонов А. Күйшінің туған жылынан қателеспейік // «Егемен Қазақстан», 25.01.2018 ж.
3. Дәрелов Т. Жолжановты неге ұмыттық? // «Ана тілі», 23.11.2017 ж.
- 4.

## **КӨНЕ ШАҒАР - САРАЙШЫҚ**

**Е.С. Сарсенбаев** - магистр, тарих пәні мұғалімі,  
№31 мектеп-гимназиясы, Атырау қ.

Қазақ даласында тарихтан сыр шертетін археологиялық ескерткіштер сан мыңдап артылады. Осындай археологиялық ескерткіштер арасында қазақ тарихында ойып тұрып орын алатыны Сарайшық қаласы десек қателеспейміз. Сарайшық қаласы Атырау облысына қарасты Махамбет ауданында, Атырау қаласынан 55 шақырым жерде орналасқан [1].

Жошы ханның ұлысында құрылған Алтын Орда мемлекетінің транзиттік орталықтарының бірі Сарайшық қаласына қатысты деректер XIV ғасырлардан бастап кездеседі. Себебі, бұл қалашық XIV ғасырда тұрақты сауда керуен жолында орналасқандықтан ол туралы суреттемелер мен ескертпелер жазыла бастады. Оның ішінде батыстан шығысқа сапар шеккен Ибн Баттуттаның саяхат еңбектерінде аталып өтеді [2]. Бұл еңбегінде саяхатшы Ибн Батутта Сарайшық қаласын «Сарайджук» деп атап көрсетеді.

«Сарай» қала мағынасын, ал «джук» сөзі кіші немесе кішкене деген мағынаны білдіреді. Аталған Сарайджук қаласының жанынан ағысы қатты Ұлысу өзені бойында орналасқанын өз еңбегінде жазып қалдырады [3]. Саяхатшының Ұлысу деп отырғаны қазіргі Жайық өзені екені белгілі.

Көне шаһар аталған Сарайшық қаласын зертеу барысында бірнеше ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Жалпы алғанда Сарайшық қаласын зерттеушілерді екіге бөліп қарастыруға болады. Олардың бірінші тобына Сарайшық қаласының пайда болуы мен қалыптасуын тарихи деректер мен ортағасырлық саяхатшылардың жазбалары арқылы зертеушілер, ал екінші тобына қаланың тарихын археологиялық дәлелдерге сүйену арқылы зертеуші археологтар деп бөлуге болады [4]. Өйткені, Сарайшық қалашығы туралы деректер арқылы бірнеше зерттеушілер өз тұжырымдарын болжаған болатын. Зерттеушілердің пікірі бойынша қаланың салынуына байланысты екі болжамды алға тартады. Біріншісі Сарайшық қаласы моңғол дәуірінде Бату ханның бұйрығымен салынған делінсе, ал екінші тұжырым бойынша Сарайшық қалашығы ертеректе болған Саксин қаласының деректерде жаңаша аталып кеткен қаласы деп көрсетеді. Зерттеушілердің ойынша Сарайшық қаласы Хазар қағанаты дәуірінде салынған болуы мүмкін [5].

Сарайшық қаласы туралы алғашқы мәліметтерді ертеректе ұйымдастырылған ғылыми-экспедициялар мен саяхатшылардың жазбалары, ортағасырлық тарихшылардың еңбектері арқылы өздерінің жорамалдарын жасаған болатын. Зерттеушілердің көпшілігі қазақ даласы арқылы батыстан шығысқа немесе шығыстан батысқа қарай саяхаттап өткен Ибн Батутта, Вильгельм Рубрук, Плано Карпини, Антони Дженкинсон сияқты саяхатшылардың жазбаларына, ағайынды Пегелотти және монах Фра Маураның 1459 жылы жасаған картасына сүйенді [6]. 1367 жылы ағайынды Пициганилердің картасында Сарайшық қаласын Сара өзені маңында деп көрсетіп, бұл қалаларда императорлар қайтыс болады деп жазып қалдырған [7]. Осы дерекке сүйене отырып ортағасырлардың өзінде батыс елдері Сарайшық қаласы туралы азда болса хабардар болғанын дәлелдейді. Бұл жерде император деп отырғаны Сарайшық қаласында өмір сүрген хан сұлтандар екені белгілі. Әрине, Сарайшық қаласында атақты 7 ханның жерленуі тарих ғылымында өзіндік орны бар. Сарайшықта қойылған құлпыстастарда орта ғасырдың белді хандары болған Мөңке Темір, Тоқтағу (Тоқты), Жәнібек, Әмір Оқас, Қасым хан, Шейх Мамай және Жүсіп хан деп есімдері анық жазылған [8]. Олардың төртеуі Алтын Орданың, біреуі Қазақ хандығының, екеуі Ноғай Ордасының хандары болғанын атап өтуіміз қажет. Бұл дерек арқылы Сарайшық қаласының қаншалықты маңызды болғандығын көрсетеді.

Атырау аймағында 20-шы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Батыс өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеуге 1921 жылы құрылған Орал бөлімшесі өзіндік үлесін қосты. Бұл бөлімшенің белсенді мүшесі болған И.В. Ларин Сарайшық қалашығы туралы осыған дейінгі бар

деректерді талдап, субъективтілік тұжырымын жасайды. И.В. Ларинмен бірге археологиялық зерттеу жұмыстарымен П.В. Калачев пен Е.М. Тимофеев қатар жұмыс атқарды. Зерттеушілер өздерінің алдына бірнеше мақсат қойып, екі түрлі бағытта қызметтер атқарды. Олардың алғашқысы қоғамның күшімен археологиялық барлау жұмысын атқару, ал екіншісі алдыңғы қатарлы ғылыми ұйымдардың көмегімен археологиялық қазба жұмыстарын зерттеуге ат салысу. Аталған қызметкерлер аймақты толыққанды зерттеу үшін жергілікті тұрғындарға арнап сауалнама жүргізіп, аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштердің нақты қай жерде орналасқандығын анықтап алады. Олар осы сауалнамалар арқылы Сарайшық қалашығының Жайық өзені жағалауында орналасқандығын, қалашықтың әлі күнге дейін зерттелмей келе жатқандығын қынжылыспен жеткізеді. Аталған зерттеушілер анықтамалық-зерттеу жұмыстарын 1930 жылдарға дейін жүргізген [9]. Бұл Атырау аймағын археологиялық зерттеу жұмыстарының артта қалғандығын көрсетеді. Бұл мәліметтер XX ғасырдың 20-30 жылдары шамасында жазылып, өлке тарихына қатысты санаулы деректер қатарына қосылды. Осы ғасырдың 30-40 жылдары шамасында Сарайшық қалашығын зерттеушілер қатарында Н.К. Арзютов қана өз үлесін қосады [4]. 1940-1950 жылдары арасында Сарайшық қалашығын зерттеу жұмыстары осы уақыт аралығында болған Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғысы әсерінен тоқтап қалады. Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы өз ғылыми зерттеу жұмыстарын бастайды.

XX ғасырдың басынан қазіргі кезге дейін Сарайшық қаласын зерттеуге бірнеше зерттеуші-археологтар өз үлестерін қосты. Олардың қатарында Л.Л.Галкин, С.П.Толстов, Н.К. Арзютов, В.К. Афанасьев, Ә.Х. Марғұлан, П.В. Калачев, Е.М.Тимофеев болды. 2000 жылдардың басынан бері әр жылдары археолог З.Самашев археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазіргі таңда Сарайшық қаласын аспан астындағы мұражай қызметінде сақтап қалу жұмыстары жүргізілуде.

Көне қаланың орнын сақтап қалу мақсатында Астана қаласында 2017 жылдың ақпан айында "Сарайшық: ұлы қала тарихы" халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылып, конференцияда қаланы сақтап қалу мәселесі талқыланды [10]. Бұл конференциядан кейін қаланы ғылыми-реставрациялау мен консервациялау жұмыстары атқарыла бастады. Бұл қорғау шаралары әлі де жалғасын табуда. 1999 жылы 3 қыркүйекте Сарайшық қалашығы тарихи-мәдени қорық болып құрылып, ал осы тарихи-мәдени қорықтың 20-жылдығына орай 2019 жылы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны ретінде акриденттелген болатын. Осыған орай Сарайшық қалашығын зерттеуге шетелдік ғалымдардың септігін тигізуге мүмкіндігі бар. Сонымен көне қалашықтың зерттелуі жаңа кезеңдерге аяқ басады.



Сарайшық қаласының зерттелуі мен оның ары қарай мұражай ретінде қызмет етуі өскелең ұрпаққа қазақ елінің тарихын түсіндіруде маңызды қызмет етпек. Археологиялық қазба кезінде табылған құнды жәдігерлер мен тарихи артефактілер таласты мәселелерге жауап береді деп есептеймін.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сарайшық /<https://kk.wikipedia.org/wiki/> 29.04.2020
2. «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен жасаған саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогтерді алға бастыру» халықаралық ғылыми конференциясының мақалалар жинағы. Атырау, 2017
3. Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб., 1884. С.307-308
4. Мұқтар Ә., Сарсенбаев Е. Н.К.Арзютов Ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеуші // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - 2018. №4. -279-289 б.
5. Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951 г.
6. Жұмабаева Ж.Ж.,Кипиев М.Қ. / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
7. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Ltd», 2005. – 316 б.
8. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берг» 2001. – 320 с.
9. Арзютов Н.К./ [url:http://mirznanii.com/b/73v49/arzyutov-nikolay-konstantinovich](http://mirznanii.com/b/73v49/arzyutov-nikolay-konstantinovich). 30.05.2018
10. Әбіл А. Көне Сарайшық қалашығында археологиялық қазбалар қайта жанданады /[/url:https://sputniknews.kz/society/20170331/1898756.html](https://sputniknews.kz/society/20170331/1898756.html). 31.05.2018

### **АҚМЕШІТ ҚОРЫМЫ**

**С.С. Сарсенова**- тарих пәні мұғалімі,  
Жылыой ауданы, Құлсары қаласы

Елімізде тарихи ескерткіштерге бай орындар аз емес. Олардың бәрі де өткен өміріміз жайлы жан-жақты сыр шертіп, әлі де зерттеліп, зерделеніп болмаған орындар. Соның бірі көпшілікке танымал және өзіндік ерекше тарихы бар қорым Ақмешіт қорымы.

Ол Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай ауылдық округі, Ақкиізтоғай ауылынан солтүстік-шығысқа 28 км жерде орналасқан. Қазақ-

станның жалпыұлттық қасиетті нысандарының тізіміне енген киелі мекен. Қорымның атауы барша қазаққа белгілі тұлға, Маңғыстауда жерленген Бекет Мырзағұлұлының (Бекет ата) есімімен тығыз байланыста айтылады, себебі ол осы қорымда XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезінде жерасты мешітін салған. Осыған орай, Қазан төңкерісіне дейінгі дереккөздерде қорымның атауы Ақмешіт-Бекет деп жазылды. Қазіргі кезеңде халық аузында Бекеттің әулиелілігі мен өміріне қатысты біршама аңыз-әңгімелер сақталған. Олардың негізгі бөлігі Ислам қажы Мырзабекұлының құрастыруымен 2008 жылы жарық көрген жинақта кеңінен көрініс тапқан [1].

Бекет әулиеге қатысты деректердің алды XIX ғасырдың алғашқы он жылдықтарынан бастап орыс зерттеушілерінің жазбаларында кездеседі. Мәселен, 1826 жылы полковник Ф.Бергтің Үстірт экспедициясына қатысқан жаратылыстанушы Э.Эверсман өзінің күнделігінде Бекет атаның 4 мешіт салғанын және оның біреуі Жем бойында орналасқандығын атап өтеді [2]. Шын мәнінде Бекет ата 4 мешітті салдырды, **алғашқысы Күлсарыдағы Ақмешіт**, екіншісі борлы жартастарда Бейнеу ауылынан 20 шақырым жерде орналасқан, оны қазір Ескі Бейнеу деп те атайды, үшіншісі Үстірт жонында Байшатыр деген жерде, төртіншісі Оғыланды шатқалында борлы жартас мүйісінде салынған. Мешітті XIX ғасырдың басында дарынды діндар білім таратушы, ислам дін маманы, ғалым мен сәулетші Бекет атаның шәкірті Күлшан салды.

Сондай-ақ орыс зерттеуші аталған сапарында әулиенің Оғыландыдағы мешітінде болып, оны дәулетті және діншіл Бекет деген адам салды дей келе, оның 12 жыл бұрын қайтыс болғандығын мәлімдейді. Қазіргі уақытта Бекет әулиенің 1813 жылы қайтыс болды деп жүрген мерзімі осы дерекке негізделініп алынса керек.

Ағартушы, абыз-көреген, сәулетші Бекет Мырзағұлұлы 1750 жылы дүниеге келіп, 1813 жылы Пайғамбар жасында дүние салған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адай руы оның есімін өзінің ұранына айналдырған. Бекет ата 1771-1774 жылдары Ақмешітке жер асты мешітін салдырып, бала оқытқан. Бұл жерге әулиенің әкесі Мырзағұл, шешесі Жәния және бір бауыры жерленген. Ақмешіт-Күлшан бір-бірімен үш қабатты доғамен біріктірілген берік етіліп салынған борлы құрылыстардан құрылған екі кең бөлмеден құрылған. Мешітке өту жолы тар, ұзын болып табылады, бірінші бөлмеде күндіз күн сәулесі кіретін арнайы жырық бар, осылай мешіт табиғи жарық арқылы жарықтандырады. Қабырғада арнайы қуыстар бар, бөлменің оңтүстік-шығыс бөлімінде михраб орналасқан. Михраб бұл – Меккеге бағытты көрсететін доғамен және бағаналармен безендірілген арнайы текше, имам намазын оқуға арналған бөлме, осылай ол намазды оқыған басқа адамдарың алдында болады. Бекет Атаның кіндік қаны тамған туған мекені – Ақмешітте Ата құрметіне мешіт үйі мен ата-аналарына кесене салынып пайдалануға берілді. Бұл кешендеп болса да жергілікті үкімет

тарапынан қамқорлыққа алынып, Оғыландыдағы мешітті қайта жөндеу мен Ақмешіт кешенінің тұрғызылуы еді.

Бекет ата салған жерасты мешіті туралы толыққанды және құнды мәлімет 1851-1852 жылдары Жем өзені мен Үстірт аралығындағы зерттеу жұмысын жүргізген топограф Алексеевтің жазбасында кездеседі. Топограф Ақмешіт қорымындағы жер асты мешітін төмендегідей суреттейді. «Қорымның өзен жақ беткейінде қасқырдың үңгіріне ұқсас, адам әзер өтетін саңылау бар. Бұл саңылау оңтүстік батысқа қарай жердің түбіне 3 саженнен (1 сажен – 2,1 метр) көп емес қашықтыққа созылып, әрі қарай диаметрі  $2 \frac{1}{2}$  сажен, биіктігі 4 аршынға (1 аршын – 0,7 метр) дейін баратын дөңгелек пішінді (бірінші) бөлмеге апарады. Бөлменің төбесі тегіс күмбезделген, ортасында күннің көзі түсетіндей жіңішке саңылау қалдырылған. Бөлменің кірер жеріне дейінгі екі жағында көмілген шұңқыр орындары бар. Қырғыздардың (қазақтардың) айтуынша ол тұщы су өнген құдық. Осы бөлменің оң жағында кішкентай бөлме орналасқан, оны бірінші бөлмемен есік бөліп тұр. Есікке үшкір ұшы төмен қарай қаратылған темір асатаяқ қойылған. Бірінші бөлменің оңтүстік батыс қабырғасында келесі бір есік қашап салынған, ол дөңгелек пішінді келесі бөлмеге апарады. Бұл бөлменің өлшемі алдыңғысына қарағанда үлкенірек, күмбезі жоғары қаратылып, төрт қырлы бағанамен тіреліп, ортасы ойылған. Бөлменің қабырғалары тегіс дөңгелек емес, ол 6 симметриялық қуыстардан тұрады. Оның ішінде есікке қарсы тұрғаны жалпағырақ және тереңірек болғандықтан татар мешітіне ұқсайды. Бөлмеде еден жоқ, қабырғалары тегіс емес болғанымен де, дұрыс жасалған. Үңгіп салынған мешіттің жері мықты бордан тұрады. Мешіттің бетінде, яғни үстінде бордан екі немесе үш төмпешік үйілген, ол қайтыс болған қырғыздардың (қазақтардың) қабірі секілді. Үйіндіге бірнеше ағаш сырықтар қадалып, оған киімнен жыртылып алынған шүберектер мен жылқының қылы байланып, сүйектер үйілген». Топограф бұл әрекеттің барлығын көшпелілердің киелі орынды құрметтеу бағытында жасаған діни қадамы деп түсіндіреді.

Енді бір деректерде Үстіртте болған экспедиция мүшесі А.О.Дюгамель Ақмешіт хақында мынадай дәйектеме жазады: «Ақ бор төбенің бетіндегі қасқырдың үңгіріндей тесікке бір адам зорға сиып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде, ені екі жарым, биіктігі кісі бойындай, дөңгелек киіз үй пішініндегі сағана тамға кіреді». Сыртта құдығы бар.

Бекет ата өзінің бос уақытын ер балалардың татарша сауатын ашуға және имандылыққа тәрбиелеуге арнап, қалған мезгілін мешітте намаз оқуға жұмсаған. Сонымен қатар Бекет кей жылдары Ақмешітте бір күнге жетер тамағымен қыстауға да қалған. Дегенмен, Үстірттен келген ағайындары оны келесі жылы аман-есен және жүдеп-жадамаған кейіпімен көргенде таңданыстарын білдірген. Бекет атаның өміріне қатысты көп аңыз-әңгімелерге орай әулие санаған.

Ақмешітке халық зиярат етіп түнемелікке келіп тұрады. Кесенелер, мешіт, түнек үйі, ас үй, қонақ үйі салынған. Шырақшы әулиенің жетінші ұрпағы Ислам Мырзабекұлы. Атаның жетінші ұрпағы Ислам Мырзабекұлы 1945 жылы Түрікменстан, Ташауыз облысы, Ақтөбе ауданында туған. Мамандығы - педагог.

1982 – 1992 жылдары Маңғыстау облысы Бейнеу ауданына қоныс аударып, Бейнеу ауданы мектептерінде мұғалім, мәдениет үйінің директоры, ауданы оқу бөлімінің инспекторы болған. 1996 жылдан бері Ақмешітке имам. Бекет ата туралы шыққан бірнеше кітаптың авторы.



Осы орайда 10 «б» сынып оқушысы шәкіртім Талғатова Баянсұлу Ақмешіт қорымының макетін жасап, аудандық сайыстан 1- орынды иеленді. Оқушым өзінің макетін дайындар алдында, Ақмешітке барып, өз көзімен көріп, мешіт жобасымен танысып қайтқан болатын.

Шәкіртімнің салған макетінде Ақмешіт маңы көгалдандырылған, автокөлік тұрақтары бар, мұражайда Бекет әулиенің ұстап-тұтқан заттары сақталып, түнекке келген қонақтарға арнайы қонақ үй салынған.

Қорытындылай келгенде, Ақмешіт тарихи- мәдени кешені болашақта терең насихатталып, жастарымыз осындай тарихи- мәдени кешен бар екенін білсе дейміз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Бекет ата (имандылық-тағылым кітабы). Ақтөбе. 2008. - 740 б.
2. Первые русские научные исследования Устюрта: Сборник материалов. Москва. 1963. 145 с.

**ЖАЛҒЫЗ ҰШҚЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ - ХИУАЗ ДОСПАНОВА**

**А.Б. Сатанова** - тарих пәні мұғалімі,

Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауылында дүниеге келді. Әкесі Қайыр - балықшы, анасы Меруерт - мұғалім болып еңбек еткен. Хиуаз қыздың балалық шағы нәубетті жылдармен тұспа-тұс келеді. Хиуаз Орал қаласындағы жалғыз қазақ мектебіне іліге алмай, №1 орыс мектебінде білім алады. Ол мектептегі оқуымен бірге Оралдағы аэроклубта қатар оқиды. Бұл туралы ұшқыш апамыздың өзі көзі тірісінде былай деген : "Мен мектепте комсомол ұйымында қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Қаламызда ұшқыштар дайындайтын курс ашылған болатын. Соған оқушылар іздеп келгенде, ешкім жазыла қоймады. Мен орнымнан атып тұрып, мені жазыңыздар дедім. Содан кейін біртіндеп басқалар да жазыла бастады. Сөйтіп ойда-жоқта осы мамандықты игеруге тура келді". 1940 жылы мектепті үздік бағамен аяқтап қана қоймай, "Запастағы ұшқыш" куәлігін де қоса алады[1]. Солайша арман қуып, Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек болып келеді. Бірақта ондағылар академияға тек ерлер ғана қабылданады деген желеумен қазақ даласынан келген қыздың құжаттарын қабылдамай қалады. Алғашқы қадамы сәтсіз болса да, Хиуаз кері кетпей, Мәскеудің бірінші медициналық институтына оқуға түседі [2].

Қарапайым балықшының шаңырағында дүниеге келді. Оқушы кезінде комсомол ұйымына қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытанын Хиуаз апамыз мектеп қабырғасын аяқтарда ұшқыштарды даярлайтын арнайы курсқа жазыла бастады. Мектепті аяқтағаннан кейін № 1 Мәскеу медицина институтында оқуға аттанып кетті. Бұл оқу орнының 1-курсын аяқтар уақытта аяқ астынан соғыс басталады. Екіншісі армандаса да, өлкеден біреу ғана ұшқыш болады. Көк аспанның төрінде әуелеуді армандаған Хиуаз бала арманына соғыс басталғанда ғана жетті. Марина Раскова басшылық етіп, Кеңес әскеріне көмек ретінде тек әйелдерден құралған түнгі бомбалаушы-ұшқыштар полкі құрылады. Кейін жасаған ерліктеріне байланысты Қызыл Ту орденді Таман гвардиялық, 3-дәрежелі Суворов орденді түнгі бомбалаушы әуе полкі деп аталған нәзік жандылардың қатарында жалғыз қазақ қызы болып саналды. Бойы небәрі 150 сантиметр, әсем қыз Хиуаздың жасы ол уақытта 19-да еді. Жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағына отырып, бомбалаушы ұшқыштардың негізгі міндеті – түн ішінде жаудың соғыс техникалары мен қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған қоймаларын бомбалап атқылау. Күтпеген жерден жау қонысын бомбамен түншықтыратын нәзік жандылардың полкін немістер "түнгі мыстандар" деп атады. Түн қараңғыда қоныстарына қырғидай тиетін Марина Раскова қыздарының ұшағын құлатып түсірген фашиске Гитлердің өзі темір крест беріп, аз күнге үйіне демалысқа жібруге уәде берген екен деседі.

Ол кісінің кезінде апамыз Мәншүк Мәметовамен бір көшеде тұрып,

көрші болғанының өзі өмірінің естен кетпес естелік деген екен. Әйгілі болып есімдері тарихта мәңгі қалатын бір көшенің батыр қыздарында мінездерінде де, ұқсастық бар ма деп ойлап қалған. Адалдық, отансүйгіштік, алғырлық, қайсарлық, адалдық. Бұл екеуіне ортақ қасиет болып табылады. Атақты есімдері кең тараған ұшқыш әйелдер Гризобудова, Осипенко, Расковаларға еліктеген Хиуаз Доспанова үмітті ақтаған. «Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, алғашқы әскери операцияға барғаным көз алдымда кеше ғана болғандай сайрап тұр» деген Хиуаз апа.... Дала бұл кезде түн қараңғылығы жайлаған кез. Алғашында жарық бергіш бомба тастады. Өйткені жау әскері мен техникасының қай жерде орналасқанын біліп алу үшін қажет болды. Бұл кезде төңірек жап-жарық болып қалады. Звено командирі Е. Пескова мен Х. Доспанова бұйрық түсісімен жаудың атыс ұясын бомбалай атқылады. Өрқашанда сақ отыратын жау әскері естерін жинап та үлгермеген. Сан мәрте бомбалап, даланың астаң-кестеңі шығып жатқанда ұшқыш қыздар аққан жұлдыздай көзден ғайып болып кетеді. Еі бірінші әскери тапсырманы осылай сәтті орындаған қос қыз жан-жақтан қаумалап алған майдандастарының қошеметіне емес, өздерінің осындай маңызды іске дайын екендіктерін сезініп, қуанған-ды. Ол кезде жасыратыны жоқ, Хиуаз апай соғыс жылдары тірі қалғанына қайран қалатынға ұқсаған дейді. Бұл кісінің олай дейтін жөні бар екен. Оның оғы тек жерде ғана емес, көкте де күні-түні атқылаған жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болып қайтқан Хиуаз апай ұшақтан 14 рет құлаған. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырыпты. Бір байқағанымыз, Хиуаз жаумен шайқаста асқан ерлік көрсеткен. Ол майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз», ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. Ал төсіндегі «Еңбек Қызыл Ту» ордені соғыстан кейінгі жылдардағы елеулі еңбегінің жемісі болды. Ол бейбіт өмірде көрсеткен еңбегіне де қысқаша тоқтала айта кетсек, артық болмас. Апамыз Хиуаз Доспанова «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға, «Медеу» спорт кешенін салуға және көптеген тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына ер азаматтармен иық тірестіре жүріп араласып, көптеген игі жұмыстардың ортасынан табылған. Оның бәрі апамыздың өзі айтқандай «әрекетсіз отыра алмайтындығының» белгісі болып саналады.

Соғыс аяқталғаннан кейін лауазымды қызметтер атқарған атақты апамызға Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілді. Ол 2008 жылы мамырдың 21-інде Алматы қаласында 86 жасында дүниеден өтті.

### **Әдебиеттер тізімі**

1.Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ж.

2. Айбын. Энциклопедия. / Бас редакторы Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011 ж.

## ЕРЛІГІ ЕЛГЕ ӨНЕГЕ БОЛҒАН МАЙДАНҒЕР АТАМ

**А. Тұрарбекова** - тарих пәні мұғалімі,  
С. Мұқанов атындағы №10 орта мектеп,  
Атырау қаласы

Соғыс, тартыс ешқашан басылмаған,  
Қантөгістен қаншама ашынды адам.  
Жазықсыз жер қаншама жараланып,  
Жетімдіктен қаншама бала налып,  
Қара тұман жамылды жасыл ғалам  
(Ф.Оңғарсынова)

1941 жыл... Азаттықтың туын аңсаған, сол кезеңдегі Кеңес құрамындағы қаншама елдің, халықтың арманы фашистік Германияны тоқтатып, еркіндіктің, елдіктің, тыныштықтың туын желбірету еді. Ия, әрине ол кездегі қиын-қыстау заман ешкімнің де басына оңай тимегені анық. Алайда бейбіт күннің келуі елі үшін төсін оққа тосқан, соғыс майданындағы аталарымыз мен тыл еңбектегі аналарымыздың еңбегі зор еді. Ол заман ауыртпалығы көп кез-тұғын. Алайда сол ғасырда өмір сүрген ата-бабаларымыздың бірлігі мен тірлігі арқасында келген ұлы жеңіс еді.

Бүгінде Ұлы Жеңіске 75 жыл толып отыр. Бүгінде қазақтардың қанды қырғында қаймықпай қарсы тұрғандығының арқасында көк туымыз көгімізде желбіреп, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Жеңіске қанша уақыт өтсе де, қилы өзгеріс болып жатса да, ұрпақ есінде мәңгі қалатын тарихи күн.

Жатқанда отан жері отқа жанып,

Тұрғанда туысқандар жауда қалып,

Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,

Жігіттің неге жүрміз атын алып? - деп Жұбан Молдағалиев атамыз жырлағандай, ерлігі бізге үлгі бабалар арасынан өз атамның ерлігін естігенде мақтан тұтамын.

Менің атам Садиров Меңдеш Садырұлы 1918 жылы қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Батырбек ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Атам кішкентай кезінен-ақ зерек, тік мінезді болған. Жастайынан заманның қиыншылығын көріп өскен. Шамамен әскер қатарына 1938 жылы алынып, 1940 жылы өз ордасына оралған. Сол жылы болса керек, ауылдық совхоздағы милиция қызметіне орналасады. Осы қызметте жүргенде 1942 жылы 244 атқыштар дивизиясы қатарына алынып, майданға аттанады. Майданда атам аға сержант болды. Атам майданда ерлігімен көзге түсіп, ерен еңбегі үшін көптеген марапаттармен, атап айтсақ І дәрежелі Отан соғысы орденімен, 1943 жылы 16 қазандағы №19 бұйрығы

бойынша КСРО ерлігі үшін медалімен, 1944 жылы 27 шілде айында жасаған ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған болатын. Майданда жүргенде атам екі рет жарақаттанған.

Жеңіс сәті туып, атам елге аман-есен оралды. Келгеннен кейін көптеген қызметте жұмыс жасаған. Маслопромда қызметте болған, пошташы, дүкенші қызметтерін атқарған. Отбасында екі ұл, екі қыз тәрбиелеген.

Атамның ерлігі, жеңісі ол менің жеңісім. Мен атамның осындай мықты нар тұлға болғанымен мақтанамын. Атамның ерлігін келешек ұрпаққа жеткізу менің парызым деп білемін. Әр ерлігі үлгі майдангер ата ол халықтың атасы. Елім еш жауыздың қолында кетпесін деп, еркіндікте, бейбіт елде өмір сүрсін деген армандарын бүгін де біз ұрпағы жетіп, көріп отырмыз.

Күнтізбеде оқшауланған ерекше күн, жыл сайын аталып өтетін мейрам Жеңіс күнінде біз бір нәрсені терең ұғынуымыз керек. Ел үшін, жер үшін құрбан болған боздақтардың ізін жалғайтын, қара жер үшін төккен қанының құрметіне қызмет қылып, Отан, елін, жерін сүйуге міндеттелген ұрпағы екенімізді естен шығармауымыз керек.

Біз, қазіргі ұрпақ Жеңістің айтулы күні келгенде өшкенімізді жаңғыртып, өткенімізді қайта жандандырып болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруымыз керек. Сонда ғана ерлеріміздің есімі ешқашан өшпек те, өлмек те емес.

## **САРАЙШЫҚТЫ ЗЕРТТЕГЕН АРХЕОЛОГТАР**

**А.Тұрарұлы** - ғылыми қызметкер,  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени  
музей-қорығы РМҚК

Сарайшықты зерттеген әртүрлі саладағы зерттеушілер жалпы көп. Біз солардың ішінде қолына күрек алып Сарайшықта қазба жүргізген зерттеушілер жайлы ғана әңгімелесек дейміз.

Көпшілікке белгілі мәлімет бойынша Сарайшықты археологиялық тұрғыдан алғаш зерттегендер патшалық Ресей зерттеушілері.

Сарайшық құландысында Дерпт университетінің профессоры, химик-фармацевт Карл Христиан Гебель (Гёбель Карл Христиан Траугот Фридеман) 1834 жылы 15 мамырда кішігірім қазба жүргізгені туралы оның «Обзор путешествия в степи южной России 1834 г.» кітабынан білеміз. Бұл материалдардан Гебельдің қазбасында қыш кірпішті көрхана құрылысын ашып, онда 3 адам қаңқасы табылғанын, оның 2-ін Дерптегі остеологиялық кабинетке зерттеу үшін алғанын білдік. Көне құнды бұйымдар мен монеталар табылмаған.

Патшалық Ресей кезінде қазба жүргізген тағы бір зерттеуші, әскери топографы Алексей Ермолаевич Алексеев. Ол ескерткішке қазбаны 1861



жылы салды. Ол жергілікті қазақтардан ақылы жұмысшылар жалдап төбе үстіндегі құландыларды, склептерді қопарып, табылған бұйымдарды жинаумен айналысқан екен. Осы күнгі археологиялық методикамен алып қарағанда, бұл қазба «жабайы» сипатта болса да А.Алексеевтің қалдырған жазба мәліметтері, оның сызған қала орнының сызбасы өте құнды боп табылады. Сол кезде патшалы Ресейдің Сарайшық бекінісінде тұрған казактарда А.Алексеевтің жалдамалы жұмысшыларға жақсы ақша төлеп жатқанына қызығып, оларда қала орнының мәдени қабатын қопарып, тапқан бұйымдарын оған сатып отырған. А.Алексеев топырақ қабаттарын аршу барысында ашылған қыш кірпіштен тұрғызылған жерлеу құрылыстарын сипаттап жазады. Көне құлпытастардағы жазуларды жариялап, Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары саналатын қожа-сейіттердің құлпытастарын тапқан. Қала орнынан табылған тиындардың басым көпшілігі Сарай-әл-Жәдид қаласында соғылғандықтан, А.Алексеев Сарайшық құландысын сол тиындардағы жазу бойынша «Сарайль Джадить» қаласы деп қате атаған. А.Алексеевтің сызбасында Сарайшықтың толық аумағы салынған, оңтүстік-батыс жағында орналасқан цитадель орны, көне жерленімдер көрсетілген. Сонымен бірге Жайық өзені мен оның Сарайшық саласы да бейнеленген. Сызбадағы Жайық өзенінің орналасуын қазіргі күнгі өзен саласымен салыстырып қарасақ, оның 160 жыл арадағы өзгерісін байқауға болады.

76 жыл өткен соң, Кеңестік кезеңде 1937 жылы қыркүйек айында Сарайшықта кәсіби археолог Николай Константинович Арзютов 14 күндей жұмыс жасаған. Оның басты мақсаты қаланың тұрғын үйлерін табу болған. Осы мақсатпен қала орнына 13 шурф салған. Бір бақылау шурфынан 5 бөлменің сұлбасы ашылған екен. Табылған жәдігерлердің ішінде 11 тиынның оқылғаны белгілі, оның 9-ы Өзбек ханның кезінде соғылған болса, 1-і Қызыр ханның кезіне тиесілі.

Н.К. Арзютовтың Сарайшықта қазба жүргізген уақыты оның ұстазы, атақты археолог, профессор Павел Сергеевич Рыковтың саяси репрессия құрбанына айналып, тұтқындалуы кезіне сай келеді. Келесі жылы, 1938 жылы Н.К. Арзютовтың өзі де жаппай қуғын-сүргін нәтижесінде тұтқындалып, «халық жауы» ретінде жалған жаламен сотталады. Ол 1942 жылы сталиндік азаптау лагерінде қайтыс болды.

1950 жылы Әлкей Хақанұлы Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан-Сарайшық археологиялық экспедициясы қала орнында жұмыс жасады. Бұл экспедицияның атауында Сарайшық сөзі қосақтала жазылып, ол экспедицияның негізгі зерттеу объектісі ортағасырлық Сарайшық қаласы болғанын көрсетсе керек. Экспедиция жұмысының ғылыми есебі архивтерде сақталған, ал табылған жәдігерлер Алматы қаласындағы ҚР Мемлекеттік Орталық музейі қорына тапсырылған. Экспедиция жетекшісі Ә. Марғұлан болса, оның орынбасары археолог Героним Иосифович Пацевич болды. Сондай-ақ, құрамында археологтар Евгения Ивановна Агеева, Анна

Георгиевна Максимова, суретші Павел Васильевич Агапов, фотограф Александр Александрович Попов болған.

Героним Пацевич «Қазақстанның археологиялық картасын» баспаға әзірлеуге қатысқан, қала қазу ісіне маманданған тәжірибелі археолог. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының шаруашылығы мен тұрмысын, архитектурасын, топографиясын, құрылыс ісін қамтыған 50-ге тарта еңбектер жазды. Ол патшалық Ресей кезінде-ақ Мәскеу археологиялық институтын 1914 жылы бітірген. Г.Пацевич ІІ-дүниежүзілік соғыс жылдарында Айша бибі мен Бабаджа Хатун кесенелерін бұзып, кірпішінен монша салуға әрекеттенген әскери қызметкерлерге тойтарыс беріп, көне сәулет өнері ескерткіштерін аман алып қалуда азаматтық ерлік жасағанын айта кету керек. Ескерткіш кірпішін бұзып алуға рұқсат еткен жергілікті басшылардың және әскерилердің қылмысты әрекеттері жөнінде Жамбыл облысы партия комитетінің 1-хатшысына, басқа да жоғары құзырлы органдарға дер кезінде хабарлап, олардың назарын аударды. Өз кәсібіне шындап берілгендігінің, азаматтық ерлігінің арқасында Тараз өңіріндегі тарихи сәулет өнерінің ХІ–ХІІ ғасырлардағы тамаша ескерткіштері – Айша бибі мен Бабаджа Хатун кесенелері біздің заманымызға аман-есен жетіп отыр.

Е.Агеева, А.Максимова кейіннен археология саласындағы Қазақстандағы мықты ғалымдар боп қалыптасқаны жалпыға белгілі. Е.Агееваның «Керамика Сарайчика» атты қыш ыдыстарға арнаған сараптамалық мақаласы да бар.

Попов Александр Александрович - бұл кісі Таңбалы петроглифтерін тауып, оларды алғаш фотосуретке түсірген адам. Көптеген археологиялық экспедициялардың фотографы ретінде қызмет еткен.

Павел Васильевич Агапов болса, «тасмола мәдениетін» ашқан атақты археолог Мир Қадырбаевпен бірге «Сокровище древнего Казахстана» атты кітап-альбомды жарыққа шығарған маман. Көптеген археологиялық экспедицияларда жұмыс жасап, көне ескерткіштердің реконструкциясын сызып, әр түрлі жәдігерлердің суретін салған мықты суретші болған.

Бұл Ә.Марғұланның экспедициясы Сарайшық қаласы аумағына 5 жерге қазба салған. Оның 3-і өзен жағасындағы жарқабақ үстінен салынса, 2-і жағадан сәл әріректе қазылған. Ол қазбалардың бірінен өндірістік кәсіпорынның құландысы табылса, екіншісінен қыш күйдіру пеші ашылған. Үшінші қазбадан әр түрлі мақсаттағы 3 пештің құландылары ашылды.

Осы 1950 жылы шілде айында Сергей Павлович Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясы, құрамында, Толстовтың орынбасары болған, архитектор М.А.Орлов бастап 15 адамдық отрядпен, 4 ГАЗ автокөлігімен Мәскеуден шығып Орал қаласына келеді. Онан әрі Сарайшық қаласы орнына келіп, ескерткіштің мәдени қабатын зерттеген. Бұл отрядтың құрамында ғылыми қызметкерлер мен тәжірибеден өтуші студенттер: Нина Николаевна Вактурская, Ольга Александровна Вишнева, Юрий Александрович Рапопорт, Р.Л. Садоков, А.Г. Тургенев-

Амитаров, С.Толстовтың қызы - Лада Толстова, архитектор А.А.Сипко. фотограф Г.А. Аргилопуло т.б. жүргізушілер мен техникалық қызметкерлер болды. Бұл кісілердің бәрі кейіннен мықты археолог, этнограф ғалымдар боп қалыптасты. Отряд Сарайшықтағы жұмыстар барысында қаланың мәдени қабатын бақылап, «Сарайшықтың төменгі қабаттары XI ғасырдағы Хорезм мәдени қабатынан еш айырмашылық жоқ» деп түйіндейді. Осыған негіздеп, С.П. Толстов «X-XI ғасырда Сарайшықты Хорезмнен қоныс аударушылар салған, ол ортағасырлық сауда қаласы Саксин болуы мүмкін» деп болжам жасаған.

Бұдан кейін түрлі жағдайларға байланысты археологиялық экспедициялар өз жұмысын ұзақ уақытқа тоқтатты. Батыс Қазақстан аймағы осылайша, Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда, еліміздің археологтарының зерттеулерінен тыс қалды. Кейбір жекелеген ғылыми ұйымдардың талпыныстары болғанына қарамастан бұл кезде археологиялық зерттеулер өте аз болды. Бұл бір жағынан аймақтық ғылыми мектептің қалыптаспағанынан деп саналса, екінші жағынан, сол кезде Қазақстан археологиялық ғылымының негізгі тенденциясы - Орталық Қазақстанның қола заман ескерткіштері, оңтүстік-шығыс Қазақстанның ерте көшпенділер кешені және оңтүстік Қазақстанның қалалық мәдениеті айналасында өрбіді. Бұл қазақстандық археологиялық қауымдастықтың ғылыми қызығушылығы аясынан Батыс өңірдің шығып қалғанын көрсетеді. Қазақстанның көптеген аумағы еліміздің археологтарының күшімен игерілгеніне қарамастан, ұқсас зерттеулердің болмауы, біртұтас бағдарламалар болмауы салдарынан Батыс Қазақстанда біраз ғылыми-зерттеулерді көршілес ресейлік ғалымдар жүргізді.

1973-1983 жылдары, алдымен Орта Еділ археологиялық экспедициясы, кейіннен Еділ-Жайық археологиялық экспедициясы атанған ғылыми топтың мүшесі Л.Л. Галкин, ара-тұра Сарайшықта барлау-бақылау, қазба жұмыстарын жүргізіп тұрған. Оған Гурьев облыстық тарихи-өлкетану музейінен В.К.Афанасьев, Шакуров, Гурьев педагогикалық институты тарихшы студенттермен көмектесіп тұрған екен.

1983 жылы Галкиннің Жайық өзені жарқабағынан қазған қазбасынан ірі кірпіш күйдіретін пештің табылғаны бізге белгілі.

1989 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы қайта құрылды. Экспедиция басшысы болып тәжірибелі археолог Зайнолла Самашев тағайындалды. Бұл кісі бүгінде бәрімізге таныс, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен, «Парасат» орденімен марапатталған. Герман археология институтының корреспондент-мүшесі.

З.Самашевтің жетекшілігімен 1990 жылы Сарайшықта зерттеу жұмысы жүргізіле бастайды. 1996 жылдан бастап, экспедиция жұмысы сол кездегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің вице-премьері И.Тасмағамбетовтың ықпал етуімен қайта басталған болатын. Экспедиция сол кездері Атырау облысы Мәдениет басқармасының басшысы болған Серік Мұхамбетовпен,

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қуанғали Жұмалиевпен, Сарайшық ауылдық округінің әкімі Асқар Құрманбаевпен, Сарайшық музейін басқарған Мұстажап Намазғалиевпен, басқа да облыстағы әкімшілік құрылымдармен тығыз байланыста жұмыс жасады. Сол кездері Атырауда болған Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан бөлімшесі мен облыстық телевидение де экспедиция жұмысына көп көмек берді.

3. Самашев жетекшілік еткен экспедицияның құрамында Сарайшықта әр жылдары қазақ археологиясының ардагерлері ретінде белгілі т.ғ.д. Виктор Андреевич Грошев, Бақыт Халелұлы Әділгереев, Абдықадыр Итенов, Юрий Аркаевич Мотов т.б. жұмыс істеген.

Олардан кейінгі толқын саналатын т.ғ.д. Мұқтар Қожа (Түркістан), т.ғ.к. Дөкей Талеев (Алматы), т.ғ.к. Марат Қасенов (Атырау) т.б. археологтар қазіргі күні де елімізде жемісті еңбек етуде. Олардың қатарына т.ғ.к. Мұрат Қалменов (Орал), Татьяна Лошакова (Алматы), Яна Лұқпанова (Орал), т.б. қосуға болады.

Сарайшықта әр жылдары археологтар Ойрат Ишманов, Дәулет Қожақов, Айман Досымбаева, нумизмат Евгений Гончаров, этнограф Ахмет Тоқтабай, т.б. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы сапында қызмет атқарды.

Олардың астраханьдық әріптесі Вячеслав Васильевич Плахов Сарайшыққа алғаш 1992 жылы зерттеу жүргізді. 1997 жылдан бастап Батыс Қазақстан экспедициясы құрамында жемісті еңбек етті. Сарайшық туралы шыққан екі монографияның авторлар құрамына кірген. Орыс география қоғамының толық мүшесі.

Бір кездері жас археологтар қатарында Сарайшықта жұмыстарын бастаған Ғ.Қиясбек, А.Чотбаев, А.Оңғар, Е.Оралбай, Ұ.Үмітқалиев, Н.Жетпісбаев, Е.Атагелдиев т.б. бүгінгі күнде еліміздің әр өңірінде археология, тарих саласында табысты еңбек етуде.

Атап айтар болсақ, Ақан Оңғар – т.ғ.к., ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының басшысы, Ұлан Үмітқалиев – т.ғ.к., доцент, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі. Ғалымжан Қиясбек, Ерден Оралбай, Айдос Чотбаевтар Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкерлері, тәжірибелі археологтар. Нұржан Жетпісбаев – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері боп еңбек етеді.

3. Самашев басқарған экспедиция 2009 жылға дейін кешенді қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы кезде көптеген қазба нысандары ашылған болатын. Өкінішке орай, Жайық өзені жағалауы бекітілмеуі салдарынан олардың біразы суға құлап кеткен.

2017 жылы Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы Самашевтің жетекшілігімен Сарайшықта авариялық құтқару мақсатындағы қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл кезде өзен жағасын бетондау

бекіту жұмыстары қолға алынған болатын. Жайық өзені жағалауы аумағынан 6 жерге қазба салынды. Сол қазбаның бірінен Сарайшық цитаделінің солтүстік қақпасы анықталған болатын. 2019 жылы қақпа орнының қазбасы аяқталды. 2019 жылғы қазбаны Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі мен біздің «Сарайшық» музей-қорығының мамандары бірлесе жүргізген болатын.

Алдағы жылдары да Сарайшықта археологиялық зерттеулер жүргізу жоспарлануда. Жаңа зерттеулер тарихтың жаңа қырларын, жаңа есімдерді ашатынына сенімдімін.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции 1949-1953. под. ред. С.Толстова. Москва. 1958. -810 б.
2. Орталық Қазақстанның археологиялық мұрасы: зерттеу және қорғау. «Беғазы-Тасмола» тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығы. Алматы. 2017. -252 б.
3. Отчет о работе Западно-Казахстанской экспедиции в Атырауской и Манкыстауской областях в 1996 году. З.Самашев. Алматы. 1997. -438 б.
4. Сарайшық - бабалар мұрасы. Ж.Жұмабаева, М.Кипиев., Атырау., «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

## **СЫРЫМ ДАТҰЛЫ, ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ МЕН МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ЖЕРЛЕРДІ АҢЫҚТАУ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

**Тулепов Н.Ж.** - өлкетанушы,  
Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық  
музей меңгерушісі, Орал қ.

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейінің меңгерушісі ретінде 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұсынған «**Хан бөгеті**» атты халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастыру жөніндегі жоба, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеттің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылғаны белгілі. Нәтижесінде, Жәңгір ханның 1842 ж., күзінде тұрғызған бөгеті осы күнге дейін сақталғаны және «Ханская плотина» және «Ханское водохранилище» деген төл атауымен белгілі болып шықты. Жәңгір ханның Жазғы Ордасы негізінде 1924 жылы «Кумысолечебница» ұйымдастырылған. Жәңгір хан тұрғызған 9 ғимараттан бүгінде тек үшеу сақталған, оның екеуі қаз қалпында. Сол екі ғимаратты мемлекеттің қорғауына алып, болашақта музей жасауды бірігіп қолға алу жөнінде Батыс Қазақстан облысының әкімінің бірінші орынбасары атынан Волгоград облысына хат жолданды. Алайда, нақты жауап келмеді.

Әрине, хандардың, байлардың артында сарайлар мен зәулім ғимараттар қалатыны белгілі. Дегенмен де, батырлардың артында қалған төбелер де біз үшін қасиетті. Себебі, солардың ерлігінің арқасында кейбір халықтардың тағдырын қайталап, жойылып кетпедік. Мұның өзі қазақ даласында өткен көтерілістерге баға берген кезде біз ғалым, тарихшы және филолог Билял Аспандияровтың: «Қазақстан тарихын тәуелсіздік үшін күрес дәстүрлерін қалыптастыру тұрғысынан ғана қамту керек» деген тұжырымдамасын ұстануымыз керек деп есептеймін. Осы бағытты дамыту тәуелсіздікке қолы жеткен елдің, азаттық жолында жан пидә болған тарихи тұлғалардың алдындағы парызы. Бостандық Туын көтергендер қатал жазаланып, басып-жаншылса да, қазақ батырларының тәні өлтірілсе де, қазақтың Рухы жеңілген жоқ. Қазақ амалсыздан шегінді, бірақ берілген жоқ! Болашақ ұрпаққа аманат етті! Сырым Датұлы бастаған көтерілістің Туын Исатай Тайманұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібаров, Жанқожа Нұрмухамбетов сынды тұлғалар биік көтерді. Сайып келгенде қазақ ұлты өзіндік ерекшелігін, тілі мен ділін сақтап қалды. Сондықтан жер үшін, қара қазан, сары бала қамы үшін семсерін сермеген аяулы қаһарман батырларымыздың әр қадамын зерттеу, тарихын жазу бізге парыз.

Сондықтан, мен ұсынған, «WESTARХИВ-2025» жобасының басты мақсаты - бұл облыстың, республиканың және шет ел архивтерінде, музей мен кітапхана қорларында ғылымға бұрын белгісіз тарихи оқиғаларға қатысты тың деректерді ғылыми айналымға енгізу мақсатындағы ғылыми ізденістер. Батыс Қазақстан облысының бірегей тарихы, сондай-ақ «Қазақстанның сакральді географиясы» ұлттық тізіміне енген БҚО-ның қасиетті орындарының тарихымен байланысы бар Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Өзбекстан Республикасы территорияларында орналасқан қасиетті нысандарға экспедициялар ұйымдастыру арқылы, тарихи оқиғаларды түбегейлі зерттеуге, мәдени және ғылыми тәжірибе алмасуды терендете түсуге жол ашу белгілеген болатын. «WESTARХИВ-2025» жобасы БҚО мемлекеттік архивінде ғылыми-іздістіру жұмыстарынан басталды. Нәтижесінде, бұрын белгісіз болған тың деректер табылды. Атап айтсақ:

1. «Сакральды география» аясында БҚО бойынша жалпыұлттық деңгейдегі нысандар тізімге енген Жұмағазы Хазірет кесенесі, 1950 жылғы картада осы мекеннің атауы орысша «Урочище Казреткауз», яғни төл атауы «Қазірет қауыз мекені» деп тайға таңба басқандай көрсетілген.
2. Сырым ауданы Сырым Датұлы туған мекенінде «Дат мешіті» болғаны анықталды және 1928 жылы «Дат мешіті» жер қоғамдығы ретінде құрылып, құрамындағы 40 отбасында 168 адамның толық тізімі архивте сақталған. Осы ақпаратты нақты анықтау және алдынала тексеру мақсатында Сырым ауданы Жетікөл ауылдық округіне 2019 ж. 20 мамыр күні жолға шыққан экспедиция құрамында, қолдау

көрсеткен «Дәдем Ата» қорының жетекшісі Ғариполла Жанпозов пен «Сырым Елі» газетінің редактор-директоры, айтыскер-ақын Бауыржан Ширмеденұлы болды. Жергілікті жерде, «Жетікөл» ауылдық округінің тұрғыны, атақты аңшы Қайырғожин Киікбай мен қария Рамазанов Ерсайын (ел ішінде лақап аты «Сайын») сынды азаматтар қосылды. Нәтижесінде, Қызыл Әскерінің Бас штабының 1941 жылғы картада көрсетілген өзен иінінде «Дат мешіті» үйіндісі табылды. Кезінде, шамамен ені 10 м, ұзындығы 40 м ғимараттың биік мұнарасы болған. Азаншы басына шыққанда Жымпиты қаласы көрініп тұратын еді - деген естелікке қол жеткіздік. Байларды кәмпескілегеннен кейін өгіздердің күшімен мұнарасын құлатып, мешіт ғимаратын бұзып қасындағы ауылға зәулім мектеп салған кезде, қариялар «Елден иман кетеді!» деп жылаған екен. Сол мектепті 1970 жылдары тозығы жеткен соң бұзуға рұқсат беріліп, материалдарын жергілікті тұрғындар жеке құрылыстарына пайдаланған.

«Дат мешіті» ауылының қасындағы қорымда «Қырық ишан» жерленген орынды көрсеткен қария Ерсайын Рамазанов, осы «Қырық ишан» туралы нақты деректер сақталмағанын айтты. Сол жерде, сақталған бір құлпытас оқылып, Дат мешіті азаншысының ұрпақтары табылды. Ол туралы толық ақпаратты «Сырым Елі» газетінің редактор-директоры Бауыржан Ширмеденұлы жариялады.

Экспедицияның келгенін пайдаланып жергілікті тұрғындар сол ауылдық округте «Сары құм» атауымен белгілі жерде адамдардың сүйектері шығып қалатынын және жебе ұштары көптеп табылатынын айтқан соң, басына барып қарағанда ауызша дерек расталды. Сонымен қатар, қыш құмыралар сынықтарыда табылды. Сондықтан осы жерде археологиялық зерттеу жүргізу қажет.

Сырымның ұлы Қазы би, немересі Омар би кесенелері мен «Қаржау ағаш» атпен белгілі қасиетті тал басына бардық. Кезінде 3 адамның құшағына сыймайтын қасиетті тал, қурап бір жағы құласа да, көктеп өсіп тұр. Кезінде, Сырым Датұлы осы жерге аялдап, қасиетті талға ат басын байлап, құдықтың салқын суын ішіп, тыныққан болар деген ой келді.

2019 ж. 21 мамыр күні, 1785 жылы Кіші жүз қазақтарының құрылтайы өткен орынды зерттеуге қолдау көрсеткен «Бұлдырты» ауылдық округінің әкімі Ерлан Мақашовпен бірге «Жымпиты» өзенінің екіге айырылып, «1-ші Жымпиты» және «2-ші Жымпиты» өзендері болып бөлінетін аралығын зерттедік. Сол жерге тоқталуымның себебі, он жылдан астам уақыт бойы әртүрлі карталар бойынша зерттеп, бірнеше мың адамның басын қосқан құрылтайға лайық орын қандай болу керек деген сауалға жауап беретін тек қана осы жер болды.

Ол қандай талаптар:

- Біріншіден, делегаттардың қауіпсіздігі. Құрылтайға жиналған қалын бұқараны оңтүстік бетінен «Жымпиты» өзенінің екіге айырылған «Аша» деп аталатын су арнасы қорғаса, құрылтайдың шығыс және батыс қанатын «1-ші Жымпиты» және «2-ші Жымпиты» өзендер арнасы қорғап тұр. Құрылтай өткен орынның шығыс бетінде «1-ші Жымпиты» өзенінің арнасының жанында «Күшоба сай» орналасқан. Болжам ретінде, қауіпсіздік үшін сол сайға жауынгер күшін жасырып қою мүмкін.
- Екіншіден, бірнеше мың адамға, жылқы мен малға қажетті мол су, кең жазықтық пен өзен жайлымы бар. Мыңдаған киіз үй тігілсе де тарлықпайды.
- Үшіншіден, съезде Үш Ру бас қосқанның дәлелдейтін Үш Рудың жалауы желбіреп тұруы заңдылық.
- Төртіншіден, ол үшін Ақ Орда тігу аксиома.
- Бесіншіден, атты әскердің алдына шығып сөз сөйлеу үшін сахна іспеттес төбе болуы шарт.

Бірінші-төртінші талап топтамасына сай келетін, солтүстік бетінде Үш төбе және Бір биік төбе сақталған. Ортасындағы дөң басқа үшеуіне қарағанда сәл биіктеу. Жымпиты өзені маңында өткен құрылтайда Кіші жүздің Үш Руы өздерінің Бас Билерін сайлады деген деректі ескерсек, Үш төбеге Үш Рудың Ақ Ордасы ал ортасында Халық Кеңесінің Ақ Ордасы тігіліп (төрағасы Сырым Датұлы), Жалаулары желбіреп тұрды деп болжауға болады.

Бесінші талап, аталған төрт талаптан туындайды, себебі алдында жалауы желбіреген Ақ Орда, құрылтай өтетін орынның ең биік нүктесі болуы шарт. Ең биік дөңге шыққанда көз алдындағы жазықтық кемінде 10-15 шақырымға анық көрініп тұр және бұқара алдына шығып сөйлеуге ыңғайлы сахна іспеттес.

Кезінде, тарихта тек қана «Сырым шыққан төбе» белгілі болса, сол төбенің солтүстік бағыттағы шатқал мен «Сырым шыққан төбенің» көне атауы «Жауқашар төбе» болған деген болжамға негіздер табылды. Ақжайық ауданында Жайық өзенінің бұқар бетінде «Шатыр тіккен» атты орын болған, сол жерде келіссөз жүргізу үшін Ресейдің тұңғыш муфтиі Мұхамеджан Хұсайынов Сырым Датұлы үшін арнайы шатыр тіккен деген дерек табылды. Тарихта көп жазылмаса да, Сырым Датұлының көтерілісінің шешімді оқиғалары Атырау облысының территориясымен байланысты деген тұжырымға келіп отырмын. 2013 жылы «Сырым шыққан төбеден Сырым бөгетіне дейін» атты экспедиция ұйымдастырылып Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қөздіғара ауылдық округінде Ойыл өзенінде тұрғызған «Сырым бөгеті» осы күнге сақталғанына көз жеткіздік. Сондықтан, атыраулық ғалымдар мен өлкетанушылармен бірігіп, әсіресе Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Мақамбет Өтемісұлының көтерілістеріне қатысты нысандар мен оқиғаларды зерттеуге қол жеткізсек, талай тарихи жаңалықтар ашылатынына сенімдімін. Солардың бірі, Исатай Тайманұлы мерт болған



соңғы шайқасы. «Ақбұлақ шайқасы: жаңа жорамалдар мен болжамдар» атты мақаламды Сізге ұсынып отырмын.

Міне, өлкетанудың өзегі тарихи географиясы жаңа зерделеумен мен пайымдар жасауға орасан мүмкіндік береді. Дегенмен де, осы зерттеулердің нәтижесін ғылыми ортаға еңгізу мақсатында жазылған ғылыми мақалалар ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланғанмен, тарихи география талаптарына сай шолу жасап, талдап, сыни пікір жазатын кәсіби мамандардың жетіспейтіні сезіліп тұр. Оның үстіне, музей саласында университеттегі тарихи кафедра сияқты орта жетіспейді. Музейдің университеттің тарихи факультетімен бірлесіп өлке тарихын зерттеу жөніндегі Меморандумға қол қою, өлке тарихына байланысты ғылыми тақырыптарды бекіту сияқты қадамы Мәдениет Министрлігі назарында болып, қажет болған жағдайда ықпал етсе, өлкетану саласы орасан табыстарға жетіп, жаңа қырынан танылатына сенемін.

## **ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРҒАЛУЫ**

**Д.Ұ. Хамидуллина**- рНд., қауым. профессор,  
**М.К. Макжанова** - магистрант,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университеті

Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтап, есепке алып, қорғап, сақтау және насихаттау мақсатында көптеген іс-шаралар жасады. Оның ішінде, тарих және мәдениет ескерткіштерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу, олардың қорғау аймақтарын белгілеу, жаңадан ескерткіштер анықтау бағытында ұйымдастырылған экспедициялар және тарихи-мәдени мұраларды насихаттау жұмыстар да бар.

Облыс аумағынан жаңадан тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау мен оларды есепке алу- инспекцияның басты жұмысы. Мекеме мамандары жыл сайын тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау мақсатында экспедициялар ұйымдастырады. Мұндай экспедициялар бұрын зерттелмеген аумақтарға жүргізіледі. Олар:

- өлкенің Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарымен шекаралас жатқан аумақтарынан жаңадан тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау бағытында ұйымдастырылған экспедиция;
- Бөкей мен Жәңгір хандардың есіміне және Бөкей Ордасына қатысты тарихи орындарды іздеу және анықтау мақсатында далалық зерттеу экспедиция;

- облыс аумағынан жаңадан тарихи-мәдени мұра объектілері саналатын археологиялық ескерткіштерді (қорғандар) анықтау бағытында далалық ғылыми-зерттеу экспедициясы;
- өлкеміздің оңтүстік-шығыс аумағындағы Доңызтау, Желтау таулы аумақтарына жүргізілген экспедиция және т.б.

Осындай зерттеу экспедициялары нәтижесінде 2016 жылы 106 (143 объект) объект, 2017 жылы 71 объект анықталып, есепке алынды. Нәтижесінде, қазіргі таңда облыстағы тарихи-мәдени мұра объектілердің алдын-ала есепке алу тізіміндегі нысандардың жалпы саны 675-ке (1156 объект) жетті (196 ансамбль, 318 археология, 161 қала құрылысы және сәулет). Одан басқа Республикалық 4 және жергілікті дәрежедегі 313 тарих және мәдениет ескерткіштері мемлекеттік тізімге енгізілді. Сонда, барлығын қосқанда облыс бойынша барлығы 992 (1681 объект) ескерткіш (255 ансамбль, 491 археология, 246 қала құрылысы және сәулет) есепке алынып отыр [1].

Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде тұрған Қайнар, Ақмешіт және Ұшқан ата ансамбльдерді толық құжаттау бағытында да жұмыстар атқарылды. Соның нәтижесінде, Қайнар қорымынан 586 объект, Ақмешіт қорымынан 36 объект және Ұшқан ата қорымынан 75 объектінің сызбалары сызылып, құжаттары жасақталды.

Инспекция тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Атырау облысындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне қорғау тақталарын орнатып (2016 жылы - 63, 2017 жылы - 40), соңғы екі жылда облыс аумағындағы 11 ескерткіштің қорғау аймағын анықтау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырды. Облыстағы тарихи-мәдени мұра объектілеріне аэрофототүсірілімдер жасап, олардың жай-күйіне мониторинг жүргізді. Атырау қаласы Жұмыскер кентіндегі Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлерге арналған обелискідегі боздақтар есімінің қате жазылғанына байланысты, оны қайтадан қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Тарих және мәдениет ескерткіштерін жандандыру мақсатында Меншік иелері тарапынан Жылыой ауданындағы Дүйсеке мешітіне және Атырау қаласындағы Орал мейрамханасы ғимаратына реставрация жұмыстары жүргізілді.

Мекеменің жылдық жоспарына сәйкес өткен жылы «Құлпытастар – Атырау көшпелілерінің тарихы мен мәдениетінің дереккөзі» сериясымен кітаптар шығару үшін араб эпиграфикасымен жазылған құлпытастарды арнайы оқу және зерттеу мақсатында мекеме мамандары Махамбет, Индер аудандарында далалық іс-сапарда болды. Іс-сапар барысында Махамбет ауданындағы Алтын қорымындағы 75 құлпытас, Индер ауданындағы Дәрі қорымындағы 49 құлпытас зерттелді [2].

Сонымен бірге Батыс Қазақстан облысының Орал қаласының мұрағат қорынан Алашордаға қатысты Атырау жеріндегі тарихи орындар туралы деректер іздестірілді.

Атырау жеріндегі Бөкей Ордасына қатысты тарихи-мәдени орындар туралы деректерді іздестіру және көшірмелерін алу мақсатында Алматы қаласындағы орталық мемлекеттік архив пен ұлттық кітапханада археографиялық ізденіс жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, Атырау облысының аумағындағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихына қатысты (ақпараттық, фотосуреттік, иллюстрациялық және картографиялық материалдарды) деректерді іздестіру және анықтау мақсатында Алматы қаласының ғылыми ұйымдарының қорларына тарихи-архивтік, тарихи-библиографиялық зерттеу жұмыстары жүргізу ұйымдастырылды.

Ортағасырлық Сарайшық қалашығына және Ақтөбе-Лаэти қалашығына Атырау облыстық музейінің ұйымдастыруымен археологиялық қазба жұмыстары жүрді. Х. Досмұхамедов университетінен М. Қасеновтің жетекшілігімен Қызылқоға ауданындағы Қарабау 3 қорғанына қазба жұмыстары жүргізілді.

Өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы «Ескерткіш – ел мұрасы» атты фотокөрмесі мен «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың өзекті мәселелері» - тақырыбында семинар-кеңесте ұйымдастырылып, облыстағы тарих және мәдениет ескерткіштері мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын, зерттелуін және насихатталуын талқылау мақсатында «Атырау даласының тарихи-мәдени мұрасын сақтау ісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара аясында инспекция тарапынан шығарылған Қазақ хандығының 550 жылдығына орай жарық көрген Алтын Орда мен Ноғай Ордасының бас қаласы, Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қалашығына қатысты XIV-XX ғасырдың 80 жылдарына дейін жазылған деректер жинақталған «Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайчик – наследие предков» кітабының тұсау кесер рәсімі өткізілді [3].

Сондай-ақ, мекеме басшысы М. Кипиев Атырау өңірінің тарихи-мәдени мұрасына қатысты деректер іздестіру үшін Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласындағы архивтеріне барған. Соның нәтижесінде «История и культура Атырау в русских источниках (XVIII-XX вв.)» атты деректер жинағының 5 томдық басылымы дайындалып, жарық көрді. Бұған дейін 4 томдық тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы басылымға шығарылған еді.

2017 жылы «Атырау даласының тарихи-мәдени мұрасы» атты кітап-альбом мен «Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері» жарық көрген болатын. [4]

Елбасымыздың бастамасымен басталған "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә. Нәутиевпен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын Атырау облысы

бойынша жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы тобының құрамы бекітілді. Бағдарлама аясында, өлкеміздің киелі жерлері саналатын қасиетті орындарын зерттеу және насихаттау бағытында көптеген шаралар атқарылу жоспарланды.

Қазіргі таңда 7 киелі орын саналатын нысандар республикалық маңызы бар макронисандар тізіміне енгізілді. Олар: Сарайшық қалашығы, 1836–1838 жылдардағы, көтеріліс басшысы ақын Махамбет Өтемісовтің жерленген орны, Ақмешіт, Ұшқан ата қорымы, Иманқара кешені, Аралтөбе қорғаны және Құлшан ата жер асты мешіті. Сонымен қатар, жергілікті маңызы бар киелі жерлер тізіміне енгізу үшін 40-қа жуық қасиетті орындар тізбесі ұсынылған болатын [5].

Өлкеміздегі киелі жерлерді насихаттау мақсатында «Атырау облысының киелі жерлері» тақырыбында қазақ және орыс тілдерінде открытка шығарылды.

Міне, осындай жұмыстармен қатар тарих және мәдениет ескерткіштері мен киелі жерлерді жандандыру, сақтау және насихаттау бағытында көптеген іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының 2016-2017 жылдардағы ғылыми есебі.
2. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Ақмешіт, Алтын, Дәрі, Ұшқан ата қорымдары. Том I. – Атырау: «Ағатай» ЖК, 2017. -152 б. Эпиграфические памятники атырауских казахов: Некрополи Акмечеть, Алтын, Дари, Ушкан ата. Т.І. – Атырау: ИП «Ағатай», 2017. -152 с.
3. Отчет археологической экспедиции (рук. З.Самашев) Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Валиханова. 1990.; Отчет Западно-Казахстанской археологической экспедиции (рук. З.Самашев) Института им. А.Маргулана. 1991. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры.
4. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант. 2017. – 496 б. Сакральные объекты Казахстана общенационального значения. - Астана: Фолиант, 2017. – 496 с. The Kazakhstan sacred objects of whole national importance. – Astana: Foliant. 2017. – 496.
5. «Ескерткіштер паспорттары» Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының архиві

## **«АТА МЕКЕН» ӨЛКЕТАНУ БІРЛЕСТІГІ МҮШЕЛЕРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСЫ**

**А.Шамғонов** - профессор,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті

Ежелгі Атырау-бүгінгі таңда қайта түлеп, қайта жаңғырған өлке. Оның қойны-мыңғырған малға, өзен боп аққан-қазыналы кенге толы. Оның қойны – халқымыздың ерлігін, өрлігін паш ететін тарихи оқиғаларға, деректерге, ескерткіштерге де толы. Біздің өлкеміз-кәрі тарих шежіресінің алтын көмбесі іспетті. Сол көмбенің тылсым қойнауына терең үңіліп зерттеу-өлкетанушылардың абыройлы борышы.

Жоғарғы оқу орындарының студенттері соның ішінде болашақ ұстаздар туған өлкенің табиғатын, тарихы мен мәдениетін білуге ерекше көңіл бөледі. Тәжірибе көрсеткендей, өлкетанумен айналысу студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылдануға деген қызығушылығын арттырады.

Ғылыми зерттеу жұмыстары негізінен ғылыми үйірмелерде жүргізіледі. Студенттердің туған өлкеге, оның өткен тарихын зерттеуге деген құштарлығын арттыруда “Ата мекен” ғылыми-өлкетану бірлестігінің атқарған рөлі зор болды. Бұл бірлестік тарихшы студенттердің бастамасымен 1970 жылы КСРО тарихы кафедрасы жанынан үйірме болып құрылған болатын. Бұл үйірмені құрудағы басты мақсат-студенттерді зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізуге, былайша айтқанда оларды ғылыми жұмыспен шұғылдануға үйрету; туған өлке тарихын, оның экономикасы мен мәдениетін зерттеу; болашақта олардың мектепте оқушылармен өлкетану жұмыстарын жүргізе білуіне үйрету. 1994 жылы педагогикалық институттың университет болып қайта құрылуына байланысты бұл үйірме Х.Досмұхамедов атындағы жалпыуниверситеттік ғылыми-өлкетану бірлестігі болып қайта құрылды. Бұл бірлестік 2000 жылға дейін жемісті жұмыс жасады.

Биыл 70 жылдығын тойлағалы отырған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (бұрынғы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының) студенттері де өлке тарихын зерттеу, насихаттау ісіне белсене араласып келеді. Студенттер арасында тарихи-өлкетану жұмыстарын жүргізу, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, белгілі бір жүйе негізінде атқарылуда.

Университетіміздің 70 жылдық ғұмырында “Ата мекен” ғылыми-өлкетану бірлестігінде студенттер әртүрлі бағытта ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Солардың ішінен бірлестік мүшелерінің Археология бағытында атқарған жұмыстарын ерекше айтуға болады.

“Ата мекен ” тарихи-өлкетану үйірмесінің мүшелері 1975 жылдан бастап археологиялық экспедицияларға қатынаса бастады. КСРО Ғылым

Академиясы археология институтының ғылыми қызметкері Лев Галкиннің басқаруымен студенттер Атырау қаласына жақын жердегі “Ақтөбе” елді мекенінің орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл елді мекенді өз заманында итальяндықтар білген және оны “Лаэти” деп атаған. Археологтардың пікірінше бұл елді мекен Орта Азия мен Европаны жалғастыратын сауда жолының бойында орналасқандықтан, мұнда сауда, айырбас жоғары дәрежеде дамыған. Бұл жерден Иранда, Қытайда, Орта Азияда жасалған ыдыстар табылған. Жергілікті қолөнершілер өздері жасаған дүниелерін осылармен алмастырған болса керек. Мұнда 19-ғасырға жататын мыстан, қоладан жасалған монеталардың табылуы да “Ақтөбенің” үлкен сауда жолының бойындағы маңызды елді мекен болғандығын көрсетеді.

“Ата мекен” тарихи-өлкетану бірлестігінің мүшелері Республикалық дәрежедегі тарихи ескерткіш Сарайшық қаласының орнына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге белсене араласты. Атап айтқанда Ж.Қаламғалиев, Г.Шалапиева, Ж.Камалова, Ш.Оңғарбаева, Қ.Біләлова, Г.Оразахова, М.Телеубаев, А.Иманғалиева 1990 жылғы жазғы каникулдарын түгелдей Сарайшық археологиялық кешенінде қазба жұмыстарын жүргізуге арнады. Кейін “Ақтөбеге” Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстары кезінде осы жерден қыштан жасалған тұрмыстық бұйымдар, тандырлар, адамдардың қаңқалары, қоладан жасалған монеталар табылды. В.К.Афанасьевтің басшылығымен студенттер, сонымен бірге Иманқара тауында, Байте (Маңғыстау облысы) қорымында жүргізілген қазба жұмыстарына белсене қатынасты. Соңғы жылдары студенттер ҚР Ғылым Академиясы Археология институтының аға ғылыми қызметкері З.Самашевтің басшылығымен ортағасырлық археологиялық ескерткіш Сарайшық қаласының орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде Сарайшық Атырау өлкесіндегі республикалық дәрежедегі ірі ашық археологиялық кешенге айналды.

Үйірме мүшелерінің ішінен әр жылдарда археологиялық қазба жұмыстарында ерекше белсенділік танытқан М.Шайхашев, К.Қалиева, Ф.Аубекерова, В.Ломакин, А.Тұржанова, Ж.Шарипов, Б.Шмыров, М.Дорофеев, А.Пастухов және басқа да студенттерді атауға болады. Олардың ішінде М.Шайхашев институтта оқыған жылдары барлық археологиялық экспедицияларға, тіпті Отырарда жүргізілген қазба жұмыстарына да қатынасты. Ол ГПИ студенттерінің ғылыми конференциясында “Поселение “Ақтөбе” – памятник эпохи бронзы ” деген тақырыпта қызғылықты баяндама жасады. Оның 1980 жылы институт бітірерде Археология бағытында жазған диплом жұмысын Мемлекеттік Емтихан Комиссиясы жоғары бағалады.

3 курс студенті Күләш Қалиева 1989 жылы Орал қаласында өткен археологиялық конференцияда ““Ақтөбе” мекеніндегі археологиялық қазба жұмыстары” деген тақырыпта баяндама жасады. Конференция

қорытындысында Гурьев педагогика институты Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған жәдігерлердің кейбіреулері ГПИ музейіндегі археология бұрышына қойылып, облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 1995 жылы студенттердің “Ата мекен” атты тарихи-өлкетану бірлестігінің 25 жылдығына арналған өлкетанушылардың “Атырау-Ата мекенім” атты ғылыми-практикалық конференциясында I-курс студенті Э.Алыбаеваның (ғылыми жетекші-Г.Қаленова тарих ғылымдарының кандидаты, доцент) “Ақтөбе-Лаэти-древнейшая цивилизация на территории Атырауской области” атты баяндамасы Ақтөбе (Лаэти) археологиялық ескерткіші (XIV ғ.). Бұл елді мекенді кезінде 150\*50 м аумақты алып жатқан 40 тай үй болған. “Бізді жануарлар сүйегі мен ыдыс қалдықтарының көптігі таң қалдырды”-деп жазады студент Васильев. Археологтың пікірінше жергілікті тұрғындар мал өсірумен айналыспаған, олар көрші көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын адамдармен тығыз байланыста болған. Балық сүйектерінің көп табылуы, тұрғындар балық аулауды кәсіп еткен. Жергілікті қолөнершілер Еділ бойынан Хорезмге дейін баратын және қайтып оралатын керуендердегі тауарларды өз қамсеттеріне жаратқан. Мұнда қызыл түсті құмыралардың (ыдыстардың) көп табылуы-олардың айырбас тауары ретінде пайдаланған болуы мүмкін деген пікірге әкеледі. Ондағы үйлерінен нан пісіретін тандырлар табылған. Сонымен бірге, елді мекен орнынан XIV-ға жасайтын мыс және қола монеталар да табылған. XIV-ғасырдың соңына қарай Ақсақ Темір әскерлері Лаэтелді (Ақтөбені) қиратып өртеген. Осылайша, Жайық өзеніне жақын орналасқан елді мекен біржола жойылған.

Археологиялық қазба жұмысына қатынасқан студенттер облыстық дәрежеде өткізілген ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жасап тұрды. Мысалы 1998 жылы қараша айында Атырау қаласында өткен “Атырау-туған өлкем менің” атты облыстағы жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студенттердің ұлттық тарих жылына және Атырау облысының құрылғанына 60 жыл толуына арналған ғылыми конференцияда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарих факультетінің IV – курс студенті Уапова Айнұрдың “Сарайшық-Қазақстанның көне қалаларының бірі” (Ғылыми жетекші Т.Төленбергени-тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент) атты баяндамасы тыңдаушылар тарапынан жоғары баға алды.

Бірлестік мүшесінің кейбіреулері соңғы курста археология тақырыбында диплом жұмыстарын жазып, сәтті қорғады. Тек 2000 жылға дейін 5 студенттің диплом жұмысы мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен “Өте жақсы” деген бағаға ие болды. Ата мекеншілердің игі дәстүрін бүгінгі студенттер де жалғастыруда деп айтсақ артық айтқандық болмайды.

Студенттер Атырау өлкесінде жүргізіліп жатқан археологияның экспедицияларға үнемі қатысуда. Олар қатынасқан археологиялық қазба жұмыстарының қорытындылары республикалық ғылыми журналдарда, университет “Хабаршыларында” және республикалық, облыстық газеттерде жарияланып, теледидар арқылы көрсетілуде. Біз Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті студенттерінің облысымыздағы әлі де белгісіз болып жатқан археологиялық ескерткіштерін ашу жолында белсенділік танытатындығына кәміл сенеміз.

## **АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНЕ ҚАРАСТЫ АЙМАҚТАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР**

**Ж.А. Шаукенов** - доцент,  
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай  
мемлекеттік университеті

Арқалық қаласынан оңтүстікке қарай 100 шақырым көлемінде, күре жолдан алыста «Қараторғай» өзені ойпатында алыстан ақ шаңқан күмбез көрінеді. Осы жерде Жанбосынұлы Әбдіғаппар хан әулеттерінің ата-бабадан бері келі жатқан рулық қорымы бар. Сол қорым жанына 2010 жылдың жаз айында 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің көсемі, тарихқа бейресми отырғызылған хан ретінде енген Әбдіғаппардың 130 жылдығына орай ұрпақтары өте көрікті ақ мәрмәр кесене орнатты [1].

«Қалай болғанда да Әбдіғаппар мен Аманкелді аталас қандас ағайын, бірін-бірі өкпеге қиса да, өлімге қимайтыны анық. Батырдың жаулары осы бір тұста екі амал жасауы ықтимал. Бірі – болған қайғылы оқиғаның ауыр салмағын Әбдіғаппарға аударып, қылмыс ізін суытуы, екіншісі – батырды қолға түсіру барысында Әмірдің беделін алға ұстап, есімін алдау-арбауға пайдалануы мүмкін» деген, академик М.Қ. Қозыбаевтың тоқтамын Әбдіғаппардың кеңес өкіметі орнаған соң төңкеріс комитетіне, уездік кеңес атқару комитетіне мүше болғандығы дәлелдей түседі [2].

Әбдіғаппар ханның мүрдесі осы жерде қызыл тамның ішіне жерленген. Атыраудан арнайы алдырған құрылыс материалы ханға арналған кесенеге ерекше сән берген. Әрі кесене өте биік. Көрікті, күмбезді, мұсылман жобасымен салынған. Алматы мен Нұрсұлтан қаласында тұратын ұрпақтары бабасы рухына арнап салдырған кесене Торғай өлкесіндегі тарихи ескерткіштердің бірі.

Қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен, сол жолда шәйт болған арыс азаматы Әбдіғаппар хан Жанбосынұлын халқы құрмет тұтады.



Қазақ халқының өзге де тарих және мәдениет ескерткіштерінің арасында Екідің маңынан кездесетін XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт-азаттық көтерілістің көшбасшысы Кенесары ханның серігі болған Жәуке батыр мазары ерекше назарды аудартады. Жәуке жастайынан өр мінезді, намысқой, дұшпанына қатал болып өскен.

1838 жылы Жәуке батыр Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы Кенесары көтерілісіне қосылып, Ақмола бекінісін басып алуда ерекше көзге түскен. Жәуке батырдың басқаруындағы әскерлер бекініске алғашқылардың бірі болып кірген. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген [3]. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі» атты зерттеуінде Жәуке батырдың есімі аталып, жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-трилогиясында, ақын Нұрхан Ахметбековтің «Қарға» дастанында Жәуке батырдың көркем тұлғасы сенімді өрнектелген [4].

Жәуке батырдың тайпасы Арғын, руы Төлек. Қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін, елін, халқын қорғаған батыр барлық саналы ғұмырын ел бірлігі үшін ат үстінде өткізген, сыртқы жаулардан елді қорғаған. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында ұрпақтары батырдың 175 жылдығына орай мүсінін салдырған. Естелік ретінде салынған батырдың дулығасы жүргіншіге алыстан анық көрінеді.

Екідің ауылының маңайындағы Жәуке батырдың рухына салынған мешіт те бар. Оны XIX ғасырдың аяғында Жәуке батырдың ұлы Орманбек тұрғызған. Қызыл кірпіштен салынған мешітке жүз жылдан астам уақыт өтті. Бұл мәдени құндылықтың бір ерекшелігі, онда ауыл балаларын оқытқан және Ислам дінінің негіздерін ұғындырып, араб тіліне үйрететін медресе болған [5].

Екідің ескерткіштері Екідің ауылынан солтүстікке қарай, «Қараторғай» өзенінің екі жағалауында орналасқан.

Біріншісі (Дің - 1) Екідің ауылынан шығар жол жиегінде, өзеннің сол жағында, ал екіншісі (Дің - 2) өзеннің оң жағындағы төбешіктің басында тұрғызылған [6]. Археолог-ғалымдар дің құрылыс қазіргі Қазақстан аумағында Түрік қағандығы мен Қыпшақ мемлекеті құрылған кезеңде оғыз-қыпшақтар, қарлұқтар және т.б. тайпалар арасында кең тараған деген пікір айтады.

Құрылыстардың сыртқы түрі киіз үйге ұқсас. Іргетасынан бастап шеңберлене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Біріншісінің биіктігі 3,1 м, екіншісінің биіктігі 3,7 м. Оның жоғарғы жағын күмбездеп немесе шошақ етіп, тастан, кірпіштен, балшықтан қалаған. Есік ойықтары шығысқа қаратылған. Құрылысқа жергілікті табиғи тақтатастар пайдаланылған. Діндердің диаметрі 5 м.

Дің айналасындағы жермен тегістеліп кеткен қабірлер бір-бірімен тас жолдар арқылы жалғасады, олар белгілі бір тәртіппен, торкөзді шеңберлер жасаған.

Екідің сәулет өнерінің озық үлгісі қатарына жатады және Орталық Қазақстандағы ислам дініне дейінгі құрылыс үлгісі ретінде ғылыми құндылығы зор. Ескерткішті 1959 жылы Ә. Марғұлан жетекшілік еткен ғылыми экспедиция зерттеген. Екідің Қазақстанның республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген (1982 ж.) [7].

Осы ескерткіштерді «Қазреставрация» Қызылорда филиалы қайта жаңғыртып берген болатын. Арқалық қаласынан 120-125 шақырым жерде орналасқан [8]. Діңнің төбесінен айналаның бәрі анық көрінеді. Жауды алыстан байқауға болады. Төбесінде тесігі бар. Қауіп төнген сәтте карауылдағы сарбаздар ішіне от жағып, түтінін белгі ретінде қолданған. Ауа райы қолайсыз кездерде үй есебінде пайдаланған.

«Геоглиф» термині қазіргі таңда әдетте 4 м жоғары геометриялық немесе бейнелі айшықтар салынған жерлерді белгілеу үшін кеңінен қолданылады.

Геоглифтерді жасаудың екі тәсілі бар – айшық желісі өтетін жерге топырақ немесе тас себу арқылы айшықтың параметрі бойынша жер қыртысының жоғарғы қабатын алу немесе керісінше. Көптеген геоглифтер соншалықты үлкен, оны тек жоғарыдан көруге болады (ең атақтысы – Наска геоглифтері).

Торғай ойпатында геоглифтер 2007 жылы Дмитрий Деймен Google Earth бағдарламасына қол жетімдіғарыштық түсірілімдерді зерттеудің нәтижесінде табылды. Геоглифтерді А.В. Логвиннің жетекшілігімен Торғай археологиялық экспедициясының мамандары зерттеді. Қазіргі таңда Қостанай облысының аумағында орналасқан геоглифтердің бірнеше түрлері белгілі: төрттаған, свастика, крестер, сақина, желілер және т.б. [9].

Геоглиф «Үштоғай төрттағаны» Аманкелді ауданының Үштоғай кентінен шығысқа қарай 15 шақырымда орналасқан. Диагональдармен көрсетілген геометриялы фигура болып табылады. Төрттаған қабырғаларының ұзындығы 284 м, диагоналының ұзындығы 406 м. Фигура диаметрі 10-12 м, биіктігі 1 м болатын 101 үйіндіден құрастырылған.

Ағаштыкөл ауылының маңында 700-800 м арырақ «Торғай свастикасы» (трискель) орналасқан. «Торғай свастикасы» [10] үшайырақ (трискелион) бір нүктеден шыққан үш тармақты «сәулелерден» тұрады. Мамандардың есептеуінше, ол барлығы 5375 шаршы метр көлемді алып жатыр. Бір нүктеден шығып, үш тармаққа бөлінетін ежелгі нысанның ортасындағы шеңбердің диаметрі 4 м. Үшайырықтың басындағы ирек қалыпты пішіндердің ұзындығы 40-50 м, ені 5-6 м, иілген бөлігінің ұзындығы 15-20 м құрайды.

«Торғай свастикасы» геоглифі ауылдың іргесінде, мал тұяғының астында жатыр. Оның осы кезге дейін аяқ астында жатса да, тапталып, жоғалып кетпегені таңғалдырады.

«Шилі шаршысы» Қайыңды ауылының батыс жағында орналасқан. Оны бірінші болып Николай Рычков байқап және сипаттама берді. 1771 ж. сәуірінде Н.Рычковты академик Паллас бақылаушы ретінде Еділ бойының бүлікші қалмақтарын қайтару мақсатында ұйымдастырылған генерал-майор фон Траубенбергтің әскери экспедициясына жібереді. Экспедицияның жолы Торғай даласының үстемін өтті. Нәтижесінде Рычков даланың жер бедерін, геологиясын, өзендер торабын, азық көздерінің орналасуын, жануарлар мен өсімдіктерін, ежелгі қирандылар мен қорымдарды сипаттаған құнды жазбаны алып келді.

«Шилі шаршысы» [11] жал топырақпен және іш жағындағы ормен қоршалған шаршы алаң тәрізді. Шаршының жақтарының ұзындығы 225 м шамасында. Жал топырақтың ені 10-12 м, биіктігі 1-1,5 м, ордың ені 10-12 м, тереңдігі 1 м дейін. Оңтүстік бөлігінде жал топырақ пен орды ұзу арқылы құрылысқа кіретін жол жасалған.

Шаршыдан оңтүстікке қарай 100 м жерде төбесі тегіс қорған бар, үйінді топырақтан жасалған, үйіндінің диаметрі 30 м, биіктігі 1,5 м, тереңдігі 0,8 м болатын ормен дөңгелете қоршалған. Шаршыдан солтүстікке қарай жүз метр жерде жал топырақпен дөңгелете қоршалған және шаршының жақтарына қатарластыра орналастырылған алаңшалар түріндегі бес дөңгелек бар. Дөңгелектің диаметрі 30-35 м, жал топырақтың ені 4-5 м, биіктігі 0.2-0,3 м.

## Әдебиеттер тізімі

1. Сүлеймен, Ж. Әбдіғаппар Жанбосынұлы. //Айбын: энциклопедия / [бас ред. Б.Ә. Жақып]. - Алматы, 2011. - Б. 104.
2. Қозыбаев, М. Әбдіғаппар хан Жанбосынұлы. //Торғай елі: энциклопедия /құраст. Т.Рсаев; ред. А.Ахметов. - Алматы, 2013. - Б.73-74.
3. Жәуке Назарғұлұлы. //Қазақстан: ұлттық энцикл.: он томдық /бас ред. Ә.Нысанбаев. - Алматы, 2001. - Т.3. Г-Ж. - Б.622.
4. Кенжалин, Ж. Ер Жәуке мінбеген алтын таққа: деректі әңгімелер, эсселер, байыптамалар, сараптамалар. - Алматы: Қазақпарат, 2012.
5. Төлек, Жауке батыр. //Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі /Арқалық қалалық «Жас-Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қоғамдық бірлестігі; қазақша мәтін Ш.Байдильдин. - Арқалық, 2011. - Б.8-9.
6. Дүйсенов, А. Екі дың (Екі дің). //Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энцикл. /бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. - Алматы, 1989. Т.4. - Б.228.
7. Шәйкен, Ж. Екі дың (Екі дің). //Қазақстан: ұлттық энцикл. /бас ред. Ә.Нысанбаев. - Алматы, 2001. - Т.3. Г-Ж. - Б.356.

- 8.Екідің. //Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі /Арқалық қалалық «Жас-Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қоғамдық бірлестігі; қазақша мәтін Ш.Байдильдин. - Арқалық, 2011. - Б.6-7.
- 9.Торғай геоглифі. /Қазақпарат сайтынан алынды //Жас Алаш,2016. – 19 қаңтар. – Б.4.
- 10.Әліпұлы, Т. «Торғай свастикасы» тозып барады // Айқын,2010. – 4 .08. – Б.5.
- 11.Жәрімбетова, Н. Торғай даласындағы жұмбақ. //Егемен Қазақстан, 2017. - 14 қыркүйек. - Б.12.

## МАЗМҰНЫ

### АЛҒЫ СӨЗ

Сейітова К.Қ .....	3
--------------------	---

### ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

<b>Әлібек С.Н.</b>	
Түркістан - Қазақстанның рухани ордасы .....	5
<b>Мұқтар Ә.Қ.</b>	
Бөкей ордасының қазіреттері және олардың ел ішіндегі қызметтері (XIX-XX ғ. басы) .....	9
<b>Жүнісханов А.С.</b>	
Археологиялық ықшам аудандарды зерттеу перспективалары: Көкентау кешені мысалында .....	12
<b>Тулөпов Н.Ж.</b>	
Ақбұлақ шайқасы: жаңа болжамдар мен жорамалдар.....	15
<b>Сағынбаева О.Қ.</b>	
Сарайшық музей-қорығындағы жәдігерлер, олардың маңызы.....	23
<b>Беккалиева А.Г.</b>	
Мектептегі өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибелері.....	29

### СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

<b>Арибаева Г.Б.</b>	
Экологическое состояние реки Жайык.....	32
<b>Ахметова Ұ.Т., Мұқтар Ә.Қ.</b>	
Прорва еңбекпен түзету лагері тарихынан (1932-1950 жж.).....	38
<b>Ахмет А.Қ.</b>	
Өлкетанудың жаршысы - Мұстажап Намазғалиев.....	44
<b>Әбдіғалиев М.Қ.</b>	
Жаңа тарихи-мәдени мұра заңы және Сарайшық.....	48
<b>Байғалиев Ж.Р.</b>	
Ортағасырлық Сарайшық зерттеушісі - В.К. Афанасьев .....	53
<b>Диярова Ж.К.</b>	
М.Бердімұратов - музей тарихында терең із қалдырған тұлға .....	56
<b>Жалғасбаева М.</b>	
Индер ауданы Ұлы Отан соғысы жылдарында.....	62
<b>Жауынбаева А.А, Бағытжан А.Г.</b>	
Талантты дарын иесі - Илья Жақанов.....	59
<b>Жумабаев А.Ж., Сакупова А.Ж.</b>	
Жазықсыз жазаланған азамат.....	67
<b>Жұмабаев А.Ж., Салыхова А.Р.</b>	
Ленин орденді метеоролог - Гайнеден Жәлекеев.....	71

<b>Қайырғалиева Г.Қ., Құрметұлы А.</b>	
Хисмет Табылдиев - Атырау өңірінің көрнекті зерттеушісі .....	74
<b>Қамзаева Л.Р.</b>	
Сарматский воин местности Аралтобе.....	79
<b>Құттымұратұлы Қ., Мұқтар Ә.Қ.</b>	
Тілеубай батыр тағдыры .....	83
<b>Молдашева С.К.</b>	
Гурьев уезі тұрғындарының этникалық-демографиялық өзгерісі. XIX- XX ғ. I жартысы.....	88
<b>Молдашева С.К.</b>	
Қазақстан халқы Ассамблеясы - ынтымақ пен бірліктің қазақстандық үлгісі.....	94
<b>Нұғманова Н.Т.</b>	
Сарайшық қалашығының тарихы: Қазан төңкерісіне дейінгі орыс дереккөздерінде (XVIII - XX ғғ.) .....	99
<b>Омарова А.С.</b>	
Киелі жерлер - ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны.....	104
<b>Өмірзақов Ә.Т.</b>	
Қошалақта туған қоңыр ұл (Академик Мақсот Жолжанов хақында) .....	107
<b>Сарсенбаев Е.С.</b>	
Көне шаһар - Сарайшық .....	110
<b>Сарсенова С.С.</b>	
Ақмешіт қорымы .....	113
<b>Сатанова А.Б.</b>	
Жалғыз ұшқыш қазақ қызы - Хиуаз Доспанова.....	116
<b>Тұрарбекова А.</b>	
Ерлігі елге өнеге болған майдангер атам.....	119
<b>Тұрарұлы А.</b>	
Сарайшықты зерттеген археологтар .....	120
<b>Тулесов Н.Ж.</b>	
Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілістеріне қатысты тарихи жерлерді анықтау және дәлелдеу проблемалары .....	125
<b>Хамидуллина Д.Ұ., Макжанова М.К.</b>	
Тарихи - мәдени ескерткіштердің Атырау облысы бойынша қорғалуы ....	129
<b>Шамғонов А.Ш.</b>	
«Ата мекен» өлкетану бірлестігі мүшелерінің археологиялық қазба жұмыстарына қатысы.....	132
<b>Шаукенов А.Ш.</b>	
Арқалық қаласының әкімдігіне қарасты аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштер.....	136